Қонақбаева Ұ.Ж., Айдарбек Б.Ә.

# Сәндік қолданбалы өнер

(Оқу құралы)

«Тұран-Астана» университеті
КІТАПХАНА
Инв.№ 67376

Алматы 2023

**ӘӨЖ 821.4**
**КБЖ 92.24**
**К 74**

*Рецензенттер:*

**Сапиов А.Б.** – М. Әуезов атындағы ОҚМУ-нің п.ғ.д.,профессор

**Ортаев Б.Т.** – Silkway халықаралық университетінің п.ғ.д., доцент

Оқу құралы Silkway халықаралық университетінің оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды: хаттама №____.

**Қонақбаева Ұ.Ж., Айдарбек Б.Ә.** «Сәндік қолданбалы өнер» (оқу құралы). – Алматы: "Отан" баспасы, 2023. – 150 б.

**ISBN 978-601-01-0151-7**

«Сәндік қолданбалы өнер» оқу құралы студенттердің «Материалды өңдеу технологиясы», «Қолөнер негіздері» пәндері бойынша алған білімдерін жетілдіруді, сонымен қатар үлгілерді құрастыру және үлгілеу барысын меңгеріп, бұйымды өңдеудің технологиялық реттілігін, материалдарды эстетикалық талғамға сай таңдап, талапқа сай сапалы бұйымдар дайындауға үйретеді. Оқу құралын оқу барысында студенттер схемаларды құрастыру мен оларды айыра білуге, үлгілеуге, оюды өңдеу процестерін реттілікпен орындауға дағдыланады. «Сәндік қолданбалы өнер» оқу құралы студенттерді болашақ педагогикалық қызметке дайындаудың әдістемелік негізін қалау, өнер және өнердің пайда болуын, материалдарды ою-өрнектер арқылы көркем өңдеудің тарихи кезеңдерін, ежелгі қазақтардың мәдениеті туралы терияльқ мағлұматтарды меңгеру үшін қажетті материал.

**ISBN 978-601-01-0151-7**

© Қонақбаева Ұ.Ж., Айдарбек Б.Ә., 2023
© "Отан" баспасы, 2023

## Кіріспе.

Қазақстан Республикасы егеменді ел болғалы ғылым, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы жастарға жалпыадамзаттық және жеке ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде. Бүгінгі таңда қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани мәдениетімізді жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Отаршылдық езгісі әсер еткен ұлттық менталитетімізді қалпына келтіріп, шыңдау және өркениетті елдер қауымдастығы қатарынан орын алу – ұлттық мемлекетімізді қалыптастырудағы басты алғышарттардың бірі. Бұл мәселелер Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында, «Мәдени мұра» бағдарламасында басты назарға алынған.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басым міндеттері ретінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу, отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу атап көрсетілген.

Жас маманға ұлттық тәрбие берудің негізгі бағыт-бағдары еліміздің Президенті Н.Назарбаевтың 'Қазақстан - 2030" халыққа Жолдауында "Толық өркениетті ел болу үшін өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн" деп айқын жазылған. Жас мамандарды ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтардың, рухани мәдени мұралардың сабақтастығын сақтай отырып, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеуге жан-жақты даярлау қажет. Бұл орайда мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, туған халқына құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, тарихи мұраларды қастерлеуге тәрбиелеу, білім мен біліктерін шыңдау - басты міндет.

Мемлекетімізде ұлттық маңызы бар бірқатар бағдарламалар болса, соның біреуі «Мәдени мұра» бағдарламасы болып табылады. Ұлт тарихын түгендеу, ұлт руханиятын қайта түлету мақсатында жасалынған бұл бағдарлама ұзақ мерзімге бағытталған кешенді, жүйелі іс-шаралардың мазмұнын құрайды. Бағдарлама елдің рухани және білім беру саласын дамыту, мәдени мұрасының сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатын көздейді. Бұл мақсаттың тиімді шешімін табуда әлемдік ғылыми ой-сананың, ұлттық мәдениет пен өнердің таңдаулы жетістіктерінің негізінде кәсіптік білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын жасау міндеті қойылып отыр.

«Мәдени мұра» бағдарламасына қатысты алқалы жиында Елбасы Н.Ә.Назарбаев көшпенділердің әлемдік тарихтағы роліне тоқталып, қазақ жерінің Еуразия Кеңістігінің мәдени мәйегі, рухани түп қазығы болғанын айта отырып: «Қазақстанды Ұлы Дала өркениетінің қара шаңырағы ретінде халықаралық деңгейде танытып, қалыптастыруымыз керек», – деді. Сондықтан халқымыздың өткен тарихындағы озық педагогикалық идеяларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарап, бүгінгі ұрпақты жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыруға пайдалану керектігі айқын.

«Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобада Елбасы Н.Ә. Назарбаев оны іске асырудың басты бағыттарының бірі ретінде жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесі негізінде «еңбек сүйгіштік, намыс, парасаттылық, үнемі өзін-өзі жетілдіру мен оқуға ұмтылысы» сияқты қасиеттер жатқан құндылықтар жүйесін қалыптастыруды атап көрсетті. Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев өз пайымдауларында ұлтты жаңа жағдайларда қалай сақтап қалуға болатыны, оның рухани жаңаруы, әлемдік өркениет биіктеріне тарту үшін не істеу керектігі туралы мәселелерді маңызды деп санады. Тәрбие ел болашағы үшін оның байлығын еселейтін білікті мамандардың болуымен ғана емес, олардың дүниетанымы, азаматтық, адамгершілік ұстанымының маңыздылығымен де құнды. Қазақстан Республикасында тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің мүддесін іске асыруға бағдарланған тәрбиенің тұтас жүйесі өз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Қоғамдағы оң өзгерістер білім беру ұйымдары қызметінің тәрбие жүйесінде көрініс тапты.

Осы орайда Қазақстан Республикасы білім беру саясатында балалар мен жастар ортасындағы тәрбиенің өзектілігі басымдыққа ие болып алдыңғы орынға шығады. Адамды өз елінің азаматы ретінде тәрбиелеуге бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен жаңа педагогикалық тұрғылар негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдарын іздестіру балалар мен жасөспірімдерге тәрбие беру мен оқытуға қатысты барлық мемлекеттік институттардың педагогикалық және әлеуметтік қызметін қайта қарастыруын талап етеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарда» жалпы адамзаттық құндылықтарды, Қазақстанның тарихи тәжірибесін, педагогтердің жаңашыл тәсілдерін ескере отырып, тәрбие жүйесін жаңарту әдістемелерін әзірлеуге ерекше көңіл бөлінген.

Сондықтан да көп ұлтты Қазақстан үшін қазақ халқының аса құнды сәндік, көркемдік мұралары талантты шеберлер қолынан шыққан көркемөнер шығармасы ғана емес, сонымен қатар халық өнерін одан әрі қарай зерделеп, өнерді оқып үйренуге қажетті материал ретінде қазіргі заманғы, қоғам талабына сай дамыту үшін кеңінен пайдалануға жол ашады. Халықтың қолданбалы өнерінен үйренеріміз көп, ол әмбебап, өзіндік ерекше қасиетке ие өнер. Бұл қасиетті қазақ өнерімен таныс емес шетелдіктер де бір қарағанда түсініп, бағалайды. Халық өнерінде графикалық, сәндік өнердің сызықтық, түстік

шешімдері және бейнелеудің жазықтықта орналасуының орынды мысалдары көрініс тапқан. Қазақтың халықтық қолөнерінде әрбір қазақ қызы, әйелі өзінің тұрған үйін, яғни киіз үйді безендіре білген. Олардың шебер де қамқор қолынан киіз басу, кілем тоқу, құрақ көрпе-төсек, қоржын мен ыдыс-аяқ қаптары, құрақ жастықтар және тағы басқа жасау келеді. Қазіргі кезге дейін сақталып келген, басқа халықтар да пайдаланған ескі де негізгі техника - аппликация кеңінен пайдаланылады. Қазақ халық өнерінде өрнекті фигураларды (аппликация) негізгі астарға киізден, матадан, теріден ойып алатын болған. Ал қазіргі кезде бұл өнер коллаж жұмыстарында пайдаланылады.

## 1. Жаңартылған білім мазмұны бойынша білім беруді ұйымдастырудың ерекшеліктері

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда оқытудың жаңа идеяларын әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама..

Дүниежүзілік білім беру кеңістігіндегі білім беру мазмұны мен оқыту құралдарының өзгерістері Қазақстанның білім беру үдерісінде педагогикалық процестің түбегейлі өзгеруіне алып келді. Бұл өзгерістер білім беру мазмұны, оқытудың әдістері және оқушылардың оқу жетістігін бағалаудың жаңа жүйесін түзуге ықпал етті.

Қазіргі таңда Қазақстанның мектептік білім беруі жаңа бастау алу сатысында. Қазіргі уақытта инфрақұрылымдық дамыту мен жаңартылған мазмұнға көшу басты басымдықтар болып тұр. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «100 нақты қадам» ұлт жоспарын іске асыру аясында адам капиталының сапасын көтеруге бағытталған білім беру саласындағы 5 қадам жоспарланған. Оның 3-уі жалпы орта білім беру жүйесіне қатысты. Мәселен, 76-шы қадам 12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен енгізу, функционалдық сауаттылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту, жоғары сыныптарда жанбасылық қаржыландыруды енгізу, табысты мектептерді ынталандыру жүйесін құру болып табылса, ал 79-шы қадам білім беру жүйесінде жоғары сыныптар мен ЖОО-да ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңімен көшу мәселелері қарастырылған. 89-шы қадам «Нұрлы Болашақ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру, мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына «Мәңгілік ел» құндылықтарын енгізу болып табылады .

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында белгіленген «орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек; мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс, оларды оқыту нәтижесі сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деген болатын.

Жаһандық өзгерістер мен әлемдік трендтер мектептегі білім беру мазмұнының жылдам қарқында жаңаруын талап етеді. 2017-2018 оқу жылында 2, 5, 7-сыныптар жаңартылған білім мазмұнына көшетін болса, ал 2018-2019 оқу жылында жаңартылған білім мазмұнына 3, 6, 8, 10-сыныптар көшеді. 2019-2020 оқу жылында – 4, 9, 11-сыныптарды көшіру жоспарланып отыр.

Жаңартылған білім беру үдерісінде білім беру мазмұны, енді, нәтижеге бағытталуымен (мақсаттылығымен) сипатталатын болады. Оқыту мақсатының құрылуы мен жүйеленуі АҚШ-тың танымал психологы Б.Блумның таксономиясына (білім, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) негізделеген[3]. Білім беру бағдарламасының оқыту мақсаттары білім беру бағдарламасында үш бөлім арқылы анықталған: идеяларды зерттеу және дамыту; жасау және дамыту; таныстырылым, талдау және бағалау. Ал, мектептің барлық оқу пәндерінің білім беру бағдарламалары, соның ішінде, «Көркем еңбек» білім беру бағдарламасы немесе оқу бағдарламасының мазмұны Джером Брунердің спиралды тәсілі бойынша құрылған. Білім беру мазмұны бастауыш және жалпы орта мектептің кез-келген оқу пәні дәстүрлі оқу бағдарламасындағы оқу материалдарының орнына жаңартылған білім беру үдерісінде оқыту мақсатымен ғана шектеледі. Оқу пәнінің оқыту мақсаты жаңартылған білім беру үдерісінің білім беру бағдарламасында анықталады. Ол білім беру бағдарламасы, соның ішінде, кіріктіре білім берудің қағидасына негіздене пайда болған «Көркем еңбек» білім беру бағдарламасының оқу үдерісін жоспарлау мен ұйымдастыру үш жоспар түрінен құралған: ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді. Осы ұзақ мерзімді жоспарда оқыту сабақтарының мақсаты ғана көзделсе, орта мерзімді жоспар мұғалімнің әрбір сабаққа дайындалуына сәйкес әдістемелік ұсыныстар анықталған. Ал, қысқа мерзімді жоспар, біздің дәстүрлі сабақ жоспары ретінде болғанымен, оның құрылымдық элементтері толығымен жаңа сипатта құрылған.

«Көркем еңбек» білім беру бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарындағы оқыту мақсаттары бірнеше сыныптарға арналып, тізбектеле жүйеленген. «Көркем еңбек» оқу пәнінің мұғалімі нақты сыныпқа арналған тақырып бойынша оқыту мақсатына сәйкес сабақта оқушыларға үйрететін білім беру мазмұнын немесе оқу материалын еркін түрде, өз әдісімен құрап жүйелеуге мүмкіндік алады. Бірақ, сол білім беру мазмұны сабақтың оқыту мақсатына жетуге кепіл беруі тиіс. Сонымен бірге, «Көркем еңбек» сабақтарында мұғалімнің оқыту мақсатына жету үшін дәстүрлі теориялық білім беру мен практикалық тапсырмалар орындату емес, бір сабақтың ішінде міндетті түрде қысқа мерзімді (айлар) 5-7 тәжірибелік жаттығулар, тапсырмалар орындатуды [illegible].

Қорыта айтқанда, атаулы бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Ата-бабамыз «Оқу–инемен құдық қазғандай» демекші, жан-жақты, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болып, нәтижеге жетеді. «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені

ашуға қабілетті болу», — деген Әл-Фарабидің сөзіне жүгінетін болсақ, ел ертеңі білімді ұрпақпен ғана өлшенбек.

## 1.1 5-9 сыныптарда оқытылатын көркем еңбек пәнінің сәндік-қолданбалы өнер бөлімімен танысу

"Көркем еңбек" пәнінің базалық мазмұны. 5-сынып (ұлдар):

2) "Сәндік-қолданбалы өнер" бөлімі: Сәндік-қолданбалы өнер, негізгі формалары мен ерекшеліктері, Қазақстан халқының сәндік-қолданбалы өнері, сәндік-қолданбалы өнердегі заманауи және дәстүрлі емес материалдар, материалдар мен құрал-жабдықтармен танысу, дәстүрлі емес материалдардан сәндік бұйым, идеяларды талқылау мен дамыту, нобай орындау, дәстүрлі емес материалдардан сәндік бұйым, бұйым дайындау, өру өнері, өру түрлері, материалдар және құрал-жабдықтармен танысу, бұйым өру, жұмыстардың көрмесі;

15. "Көркем еңбек" пәнінің базалық мазмұны. 6-сынып (ұлдар):

2) "Сәндік-қолданбалы өнер" бөлімі: Қазақстан халықтарының зергерлік өнерімен танысу, зергерлік бұйым нобайын орындау, материалдар мен құрал-жабдықтарды таңдау, зергерлік бұйым дайындау, бұйымды көркемдеп безендіру, табиғи материалдардың түрлері мен сипаттамалары (өздігінен ізденіс зерттеулері), табиғи материалдардан дайындалатын бұйым нобайын орындау, табиғи материалдардан бұйым дайындау, бұйымды көркемдеп безендіру, жұмысты қорғау, көрме ұйымдастыру;

16. "Көркем еңбек" пәнінің базалық мазмұны. 7-сынып (ұлдар):

2) "Сәндік-қолданбалы өнер" бөлімі: Пирография өнерімен танысу, көркемдеп күйдіру техникасы мен тәсілдері, нобай орындау, материалдарды таңдау және дайындау, бұйымды көркемдеп күйдіру, безендіру, жұмысты қорғау және көрме ұйымдастыру;

17. "Көркем еңбек" пәнінің базалық мазмұны. 8-сынып (ұлдар):

1) "Сәндік-қолданбалы өнер" бөлімі: Мозаика өнері, мозаика орындаудың түрлері мен техникалары, мозаикалық панноға арналған негіз дайындау, нобай және материалды таңдау, мозаика панносын орындау, көркемдеп безендіру мен жұмыстарын таныстыру;

18. "Көркем еңбек" пәнінің базалық мазмұны. 9-сынып (ұлдар):

1) "Сәндік-қолданбалы өнер" бөлімі: Заманауи интерьердегі сәндік бұйымдар, интерьердің сәнді заттарының (шамшырақ, сәнді сағаттар) дайындалу техникалары мен тәсілдерін зерделеу, идеяларды дамытуды талқылау мен нобай орындау, жұмысты жоспарлау, интерьерге арналған сәндік заттарды дайындау мен безендіру, жұмысты қорғау;

19. "Көркем еңбек" пәнінің базалық мазмұны. 5-сынып (қыздар):

2) "Сәндік-қолданбалы өнер" бөлімі: Сәндік-қолданбалы өнер, негізгі пішіндер мен ерекшеліктері, Қазақстан халықтарының сәндік-қолданбалы өнері, қазақтың ұлттық ою-өрнектері (түрлері, стилизация мен мотивтері), көркем кестелеу, кесте түрлері, материалдар және құрал-жабдықтармен

танысу, нобай орындау, көркемдік кестемен бұйымды безендіру, өру өнері, өру түрлері, материалдар және құрал-жабдықтармен танысу, бұйым өру, жұмыстардың көрмесі;

20. "Көркем еңбек" пәнінің базалық мазмұны. 6-сынып (қыздар):

2) "Сәндік-қолданбалы өнер" бөлімі: Тоқу өнері, ілмекпен тоқу, тоқу тәсілдері мен техникалары, бұйымның нобайын дайындау, материалдар мен құрал-жабдықтарды таңдау, әртүрлі бұйымдарды ілмекпен тоқу (сулықтар, сөмкелер, ұялы телефондардың қабы), шалма бізбен тоқу, шалма біз және олардың түрлері, тоқу тәсілдері мен техникалары, бұйымның нобайын дайындау, әртүрлі бұйымдарды шалма бізбен тоқу (мойынорағыш, үшкіл орамал, тіреуіш, ұялы телефондардың қабы), жұмысты қорғау, көрме ұйымдастыру;

21. "Көркем еңбек" пәнінің базалық мазмұны. 7-сынып (қыздар):

2) "Сәндік-қолданбалы өнер" бөлімі: Көркемдік жазба (батик, гжель, хохлома), жазбалар түрлері, жазбалардың тәсілдері мен техникасы, материалдары және құралдары, бұйымның нобайын орындау, материалдар мен құралдарды дайындау, көркемдік жазбаны орындау, сәндеу, безендіру, жұмысты қорғау және көрме ұйымдастыру;

22. "Көркем еңбек" пәнінің базалық мазмұны. 8-сынып (қыздар):

1) "Сәндік-қолданбалы өнер" бөлімі: Қазақтың ұлттық сәндік қолданбалы бұйымдары (ши тоқу, киіз бас), әртүрлі ұлттық бұйымдар, құрал-жабдықтар мен материалдармен танысу, бұйымдарға нобайлар дайындау, құрал-жабдықтар мен материалдар дайындау, шығармашылық жұмыстарды орындау, әшекейлерді пайдалана отырып сәндеу, жұмысты қорғау, көрмеге қою;

23. "Көркем еңбек" пәнінің базалық мазмұны. 9-сынып (қыздар):

1) "Сәндік-қолданбалы өнер" бөлімі: Қазақстанның дәстүрлі тоқыма өнері, қазақ кілемдері, алаша, кілем тоқу, гобелен, қазіргі кілемдер үлгілері, кілем тоқу материалдары мен құрал-жабдықтары, бұйым нобайын жасау, материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындау, шығармашылық жұмысты орындау, декор жасау мен безендіру, жұмысты қорғау, көрме ұйымдастыру;

**Қыздарға арналған бағдарлама**

| Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері | Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны | Бі Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті |
|---|---|---|
| 2-тоқсан (5-сынып) | | |
| Сәндік-қолданбалы өнер | Сәндік-қолданбалы өнер, негізгі пішіндер мен ерекшеліктері. Қазақстан халқының сәндік-қолданбалы өнері. Қазақтың ұлттық өнер-кәсіптері (түрлері, стилистика мен | 5.1.2.1 әлем және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтау және зерделеу |

| | | |
|---|---|---|
| | мотивтері) | |
| | Көркем кестелеу. Кесте түрлері. Материалдар және құрал-жабдықтармен танысу. Нобай орындау | 5.1.2.1 әлем және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтау және зерделеу;<br>5.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар орындау |
| | Көркемдік кестемен бұйымды безендіру | 5.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолдану |
| | | 5.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар дайындау үдерісінде қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану |
| | | 5.2.6.1 материалдар мен құралдарды техника қауіпсіздігін сақтап, қолданудың маңыздылығын сезіне отырып демонстрациялау |
| | Өру өнері. Өру түрлері. Материалдар және құрал-жабдықтармен танысу | 5.1.6.2 бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білу, олардың қасиеттері мен міндеттерің анықтау |
| | | 5.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар орындау |
| | | 5.1.4.1 шығамашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтай отырып, жоспар дайындау |
| | Бұйым өру | 5.2.3.2 түрлі материалдардан (тоқыма, табиғи және жасанды) қарапайым бұйым орындау |
| | | 5.2.3.4 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар дайындау үдерісінде қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану |
| | | 5.2.6.1 қауіпсіздік техникасын қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану |
| | Жұмыстардың көрмесі | 5.3.1.1 бүкіл сыныпқа дайын жұмысты таныстыру (көрме ) |
| 2-тоқсан (6 сынып) | | |
| Сәндік-қолданбалы өнер | Тоқу өнері. Ілмекпен тоқу. Тоқу тәсілдері мен техникалары. Бұйымның нобайын дайындау. Материалдар мен құрал-жабдықтарды таңдау | 6.1.2.1 әлем және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы білімі мен түсінігін көрсету;<br>6.1.5.2 шығармашылық идеяларын іске асыру үшін нобайлар, техникалық суреттер мен сызбалар орындау;<br>6.1.4.2 материалдық шығынды анықтау (сандық көрсеткіштер) |
| | Әртүрлі бұйымдарды ілмекпен тоқу (сулықтар, сөмкелер, ұялы телефондардың қабы) | 6.1.6.4 материалдардың қасиеттері жайлы білімін және тәжірибелік жұмыс істеу дағдыларын көрсете отырып техникалар, көркемдік материалдарды қолдану және эксперимент жасау;<br>6.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар |

| | | |
|---|---|---|
| | | жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану;<br>6.2.6.1 техника қауіпсіздігін қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану |
| | Шалма бізбен тоқу. Шалма біз және олардың түрлері. Тоқу тәсілдері мен техникалары. Бұйымның нобайын дайындау | 6.1.5.2 шығармашылық идеяларын іске асыру үшін нобайлар, техникалық суреттер мен сызбалар орындау;<br>6.1.4.2 материалдық шығынды анықтау (сандық көрсеткіштер) |
| | Әртүрлі бұйымдарды шалма бізбен тоқу (мойынорағыш, үшкіл орамал, тірсуіш, ұялы телефондардың қабы) | 6.1.6.4 материалдардың қасиеттері жайлы білімін және тәжірибелік жұмыс істеу дағдыларын көрсете отырып техникалар, көркемдік материалдарды қолдану және эксперимент жасау;<br>6.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану;<br>6.2.6.1 техника қауіпсіздігін қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану |
| | Жұмысты қорғау. Көрме ұйымдастыру | 6.3.1.1 мектеп аудиториясы алдында өзінің дайын жұмыстарын таныстыру (көрме);<br>6.3.4.1 өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялау бойынша сындарлы пікір мен негізделген ұсыныстарды қабылдау |
| 2-тоқсан (7 сынып) | | |
| Сәндік-қолданбалы өнер | Көркемдік жазба (батик, гжель, хохлома). Жазбалар түрлері. Жазбалардың тәсілдері мен техникасы. Материалдары және құралдары | 7.1.2.1 тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін өз бетінше зерделеу және сипаттау;<br>7.1.3.1 шығармашылық жұмысқа идеяларын іске асыру мақсатында түрлі ақпарат көздерінің ең тиімдісін таңдай отырып, қолдану (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы) |
| | Бұйымның нобайын орындау. Материалдар мен құралдарды дайындау | 7.1.5.2 бұйым жасауда әртүрлі графикалық құралдарды қолдана отырып (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технология-ларды қолданып), нобайлар, графикалық және технологиялық құжаттар дайындау;<br>7.1.4.1 алған білімдері мен тәжірибелерін қолдана болашақ іс-әрекеттерін анықтау және шығармашылық қызметін жоспарлау |
| | Көркемдік жазбаны орындау. Сәндеу. Безендіру | 7.2.1.1 күрделі шығармашылық идеялары мен сезімдерін білдіру үшін, өнер құралдары мен әртүрлі техникада таңдалған қасиеттері мен тәсілдерін визуалды элементтерді таңдау және негізделген түрде анықтау; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 7.1.6.4 шығармашылық жұмыстар жасау үшін әртүрлі (заманауи) технологиялар мен өнер материалдарын анықтау, таңдау және біріктіру;<br>7.2.6.1 қауіпсіздік техникасын қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану |
| | Жұмысты қорғау және көрме ұйымдастыру | 7.3.1.1 ауқымды аудитория алдында дайын болған өз жұмыстарын таныстыру (көрме, сән көрсетілімі) |
| 1-тоқсан (8 сынып) | | |
| Сәндік қолданбалы өнер | Қазақтың ұлттық сәндік қолданбалы бұйымдары (ши тоқу, киіз басу) Әр түрлі ұлттық бұйымдар. Құрал-саймандар мен материалдар | 8.1.2.1 тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы түсінігін көрсету;<br>8.1.3.1 шығармашылық идеяларды дамыту мен іске асыруда өз бетінше таңдаған ақпарат көздерін қолдану (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы) |
| | Бұйымдарға нобайлар дайындау. Құрал-саймандар мен материалдар | 8.1.5.2 әртүрлі графика тәсілдерін қолданып, бұйым дайындаудың реттілігі мен тиімді тәсілін анықтай отырып (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологиялар-ды қолданып), графикалық және технологиялық құжаттар дайындау;<br>8.1.4. алған білімдері мен тәжірибесін қолдана отырып. болашақ іс-әрекеттерді анықтауда өздерінің шығармашылық қызметерін жоспарлайды |
| | Шығармашылық жұмыстарды орындау. Әшекейлерді пайдалана отырып сәндеу | 8.2.1.1 күрделі шығармашылық идеялары мен сезімдерін білдіру үшін өз бетінше өнердің көркем құралдарын анықтау, таңдау және қолдану;<br>8.1.6.4 шығармашылық жұмыстар жасау үшін әр түрлі технологиялар мен өнер материалдарын өз бетінше анықтау, таңдау және біріктіру;<br>8.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану;<br>8.3.2.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарындағы идеялары мен тақырыптарды талдау мен бағалау жүргізу үшін критерийлерді қолдану;<br>8.2.6.1 қауіпсіздік ережелерінің маңызы мен сақтық шараларын сақтауды жариялау арқылы материалдар мен жұмыс құралдарын пайдалану |
| | Жұмысты қорғау. Көрмеге ұсыну | 8.3.1.1 онлайн платформадағы ауқымды аудитория алдында дайын жұмыстарды қорғау және оны ұсыну (онлайн форумдар, әлеуметтік желілерде) |
| 1-тоқсан (9 сынып) | | |

| | | |
|---|---|---|
| Сәндік қолданбалы өнер | Қазақстанның дәстүрлі тоқыма өнері. Қазақ кілемдері. Алаша. Кілем тоқу. Гобелен. Қазіргі кілемдер үлгілері | 9.1.2.1 өнер туындыларының тарихи және мәдени шығармаларындағы материалдар мен стильдерді жариялауда көпшілік назарының әсерін қарастыра отырып, салысытрмалы талдауды жасау;<br>9.1.3.1 шығармашылық ойды жүзеге асыру мен дамытуда алғашқы және қазіргі ақпарат көздерін мақсатты түрде және өнімді қолдану (ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану);<br>9.2.2.2 әртүрлі өнеркәсіпте технологиялық және өдірістік үдерістер туралы білімдері мен түсінігін көрсету |
| | Кілем тоқу материалдары мен құрал жабдықтары | 9.1.6.4 шығармашылық жұмыстар жасау үшін әр түрлі технологиялар мен өнер материалдарын қолдану бойынша өзіндік (оригиналды) шешімдерді ұсыну |
| | Бұйым нобайын жасау. Материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындау | 9.1.5.1 күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін түрлі сипаттар бойынша білімдерді жалпылау;<br>9.1.4.1 жұмысты орындаудың тиімді (оптималды) әдістері мен реттілігін анықтай отырып, шығармашылық қызметін жоспарлау |
| | Шығармашылық жұмысты орындау. Декор жасау мен безендіру | 9.2.1.1 мазмұнды, ерекше туындыны орындау үшін өз бетінше және сенімділікпен өнердің көркем құралдарын қолдану;<br>9.2.3.1 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану;<br>9.2.6.1 техника қауіпсіздігін қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану |
| | Жұмысты қорғау. Көрме ұйымдастыру | 9.3.1.1 медиа құралдары мен онлайн платформаларды қолдана отырып, белгілі бір аудиторияға дайын жұмыстарын қорғауды өз бетінше ұйымдастыру (бейнетаспа, онлайн форумдар, әлеуметтік желілер) |

**Ұлдарға арналған бағдарлама**

| Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері | Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны | Оқыту мақсаттары. Бі білім алушылар білуге тиісті |
|---|---|---|
| 2-тоқсан (5 сынып) | | |

| | | |
|---|---|---|
| Сәндік-қолданбалы өнер | Сәндік-қолданбалы өнер, негізгі пішіндер мен ерекшеліктері. Қазақстан халқының сәндік-қолданбалы өнері | 5.1.2.1 әлем және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтау және зерделеу |
| | Сәндік-қолданбалы өнердегі заманауи және дәстүрлі емес материалдар. Материалдар мен құрал-жабдықтармен танысу | 5.1.6.2 бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білу, олардың қасиеттері мен міндеттерің анықтау;<br>5.2.2.1 конструкциялық, табиғи және жасанды материалдарды өңдеу үшін қол еңбегі құралдары мен жабдықтарын анықтау, сипаттау және қолдану |
| | Дәстүрлі емес материалдардан сәндік бұйым. Идеяларды талқылау мен дамыту. Нобай орындау | 5.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар орындау |
| | Дәстүрлі емес материалдардан сәндік бұйым. Бұйым дайындау | 5.2.3.2 түрлі конструкциялық, табиғи және жасанды материалдардан қарапайым бұйым дайындау |
| | | 5.2.6.1 техника қауіпсіздігін қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану |
| | Өру өнері. Өру түрлері. Материалдар және құрал-жабдықтармен танысу | 5.1.6.2 бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білу, олардың қасиеттері мен міндеттерің анықтау |
| | | 5.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар орындау |
| | Бұйым өру | 5.2.3.2 түрлі конструкциялық, табиғи және жасанды материалдардан қарапайым бұйым дайындау;<br>5.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар дайындау үдерісінде қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану |
| | | 5.2.6.1 техника қауіпсіздігін қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану. |
| | Жұмыстардың көрмесі | 5.3.1.1 бүкіл сыныпқа дайын жұмысты таныстуу (көрме) |
| 2-тоқсан (6 сынып) | | |
| Сәндік-қолданбалы өнер | Қазақстан халықтарының зергерлік өнерімен танысу | 6.1.2.1 әлемдік және қазақтың ұлттық мәдениетіндегі дизайн, қолөнер мен өнер туындыларының ерекшеліктерін түсіну мен білімін көрсету |
| | Зергерлік бұйым нобайын орындау. Материалдар мен құрал-жабдықтарды | 6.1.5.2 шығармашылық идеяларын іске асыру үшін нобайлар, техникалық суреттер мен сызбалар орындау |

| | | |
|---|---|---|
| | таңдау | |
| | | 6.1.6.4 материалдардың қасиеттері жайлы білімін және тәжірибелік жұмыс істеу дағдыларын көрсете отырып техникалар, көркемдік материалдарды қолдану және эксперимент жасау |
| | Бұйым дайындау. Бұйымды көркемдеп безендіру | 6.2.3.2 ажырайтын және ажырамайтын біріктіру әдістерін қолданып, бірнеше бөлшектерден тұратын бұйым жасау;<br>6.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану |
| | | 6.2.6.1 қауіпсіздік техникасын қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану |
| | Табиғи материалдардың түрлері мен сипаттамалары. (Өлкетану ізденіс зерттеулері) | 6.1.1.1 өзінің және басқа оқушының тәжірибесіне сүйене отырып, қоршаған орта нысандарының визуалды сипаттамаларын (композиция, түс, пішін, фактура, тепе-теңдік) түсіну және білімін көрсету;<br>6.1.6.1 конструкциялық, табиғи, және жасанды материалдардың физикалық, технологиялық пен механикалық қасиеттерін және олардың қолдану аясын анықтау және сипаттау |
| | Табиғи материалдардан дайындалатын бұйым нобайын орындау | 6.1.5.2 шығармашылық идеяларын іске асыру үшін нобайлар, техникалық суреттер мен сызбалар орындау |
| | Бұйым дайындау. Бұйымды көркемдеп безендіру | 6.1.6.4 материалдардың қасиеттері жайлы білімін және тәжірибелік жұмыс істеу дағдыларын көрсете отырып техникалар, көркемдік материалдарды қолдану және эксперимент жасау |
| | | 6.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін анықтау, таңдау және қолдану |
| | Жұмысты қорғау. Көрме ұйымдастыру | 6.3.1.1 мектеп аудиториясы алдында өзінің дайын жұмыстарын таныстыру |
| 2-тоқсан (7 сынып) | | |
| Сәндік-қолданбалы өнер | Пирография өнерімен танысу. Көркемдеп күйдіру техникасы мен тәсілдері | 7.1.2.1 тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін өз бетінше зерделеу және сипаттау |
| | Нобай орындау. Материалдарды таңдау және дайындау | 7.1.5.2 бұйым жасауда әртүрлі графикалық құралдарды қолдана отырып (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолданып), нобайлар, графикалық және технологиялық құжаттар дайындау |
| | | 7.1.6.4 шығармашылық жұмыстар жасау үшін әртүрлі (заманауи) технологиялар мен өнер материалдарын анықтау, таңдау және біріктіру |

| | | |
|---|---|---|
| | Бұйымды көркемдеп күйдіру. Безендіру | 7.2.3.1 бұйымдардың функционалдық және эстетикалық сапасын арттыру үшін материалдарды механикалық өңдеу және бұйымды безендіру;<br>7.2.3.4 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану |
| | | 7.2.6.1 техника қауіпсіздігін қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану |
| | Жұмысты қорғау және көрме ұйымдастыру | 7.3.1.1 ауқымды аудитория алдында дайын болған өз жұмыстарын таныстыру (көрме, сән көрсетілімі) |
| 1-тоқсан (8 сынып) | | |
| Сәндік қолданбалы өнер | Мозаика өнері. Мозаика орындаудың түрлері мен техникалары | 8.3.2.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарындағы идеялары мен тақырыптарды талдау мен бағалау жүргізу үшін критерийлерді қолдану |
| | | 8.3.3.1 жасалған өнімнің (шығармашылық жұмыс) сапасын қолданылған әдіс-тәсілдерін бағалау және талдау үшін критерийлерді қолдану |
| | Мозаикалық панноға арналған негіз дайындау. Нобай және материалды таңда | 8.1.5.2 әртүрлі графика тәсілдерін қолданып, бұйым дайындаудың реттілігі мен тиімді тәсілін анықтай отырып (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолданып), графикалық және технологиялық құжаттар дайындау |
| | Мозаика панносын орындау | 8.1.6.4 шығармашылық жұмыстар жасау үшін әртүрлі технологиялар мен өнер материалдарын өз бетінше анықтау, таңдау және біріктіру |
| | | 8.2.1.1 күрделі шығармашылық идеялары мен сезімдерін білдіру үшін өз бетінше өнердің көркем құралдарын анықтау, таңдау және қолдану |
| | Көркемдеп безендіру мен жұмыстарын таныстыру. | 8.3.1.1 онлайн платформадағы ауқымды аудитория алдында дайын жұмыстарды қорғау және оны ұсыну (онлайн форумдар, әлеуметтік желілерде) |
| 1-тоқсан (9 сынып) | | |
| Сәндік қолданбалы өнер | Заманауи интерьердегі сәндік бұйымдар | 9.1.2.1 мәдени және тарихи жәдігерлер, қолөнер мен дизайн салалары шығармаларының материалдарын, бағытын, салыстырмалы талдау |
| | Интерьердің сәнді заттарының (шырағдан, сәнді сағаттар) дайындалу техникалары мен тәсілдерін зерделеу | 9.1.3.1 шығармашылық идеяларды (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияны) дамыту мен іске асыруда бірінші және екінші ақпарат көздерін толыққанды және нәтижелі қолдану |
| | Идеяларды дамытуды талқылау мен нобай | 9.1.4.1 жұмысты орындаудың тиімді (оптималды) әдістері мен реттілігін анықтай |

| | | |
|---|---|---|
| | орындау. Жұмысты жоспарлау | отырып, шығармашылық қызметін жоспарлау |
| | | 9.1.5.1 күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін түрлі салалар бойынша білімдерді жалпылау |
| | Интерьердің сәндік заттарын дайындау мен безендіру | 9.2.1.1 мазмұнды, ерекше туындыны орындау үшін өз бетінше және сенімділікпен өнердің көркем құралдарын қолдану |
| | | 9.1.6.2 бұйымды дайындау мен безендіру барысында заманауи және дәстүрлі емес материалдарды қолданудың өзіндік (оригиналды) шешімдері мен жолдарын ұсыну |
| | | 9.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану |
| | Жұмысты қорғау. | 9.3.1.1 медиа құралдары мен онлайн платформаларды қолдана отырып, белгілі бір аудиторияға дайын жұмыстарын қорғауды өз бетінше ұйымдастыру (бейнетаспа, онлайн форумдар, әлеуметтік желілер) |
| | | 9.3.4.1 өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы мақсаттың өзіндік анық көруін және негізделген бағаны өзіндік білдіру |

«Тұран-Астана» университеті
КІТАПХАНА
Инв.№ 67376

## 2. Қазақтың сәндік қолданбалы өнеріне сипаттама

### 2.1 Қазақ халқының сәндік өнері

Халықтық сәндік-қолданбалы өнер – әлемдік көркем мәдениеттің негізі. Даналық пен әсемдіктің таусылмас қайнар көзі. Онда сан ұрпақтың түрлі материалдарды: ағаш, саз, жүн, металдарды өңдеу тәжірибесі бейнеленген. Көне дәстүрлерді көздің карашығындай сақтап және байыта отырып, халықтық көркем қолөнер кәсібі қазіргі мәдениеттің айқын құбылысы болып, үй тұрмысының маңызды және бөлінбес құрамына айналды. Қолөнер туындылары қайталанбас және алуан түрлі: әсем әшекейлерден және шағын ойыншықтардан бастап күрделі кестеленген композицияларға дейін және көлемді кілемдерді, тоқыма матадан жасалған көп заттық жиынтықтарды, шыны, ағаш және металл бұйымдардарын қамтиды. Пішіндердің ықшам да мәнді үйлесімі, түстердің жоғары талғамы, өрнектердің әсемдігі, композициялық шешімі, көздің мүлтіксіздігін, колдың дәлдігін және қиял ұшқырлығын ұштастырып, шебердің өзіне тән тәсілдермен орындауына жеткізеді.
Бүгінгі күннің талабына сай сәндік-қолданбалы өнер түрлері сан алуан. «Көпшілік жұрт қазақтың ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрпының сырын біле бермейді. Оларды жүйелеп, көңілге қонарлықтай етіп бекзаттыққа, имандылыққа, ізгілікке қатысты білім-танымның талаптарына сай пайдаланып жүргендер жоқтың қасы», – деп жазады өзінің бір сұхбатында Ө.Жәнібеков. Негізінен, біле білген адамға қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері мейлі бала тәрбиесінде болсын, адамгершілік тұрғысынан болсын алар тағылым өте мол таптырмас құрал.

Ұлы дала төсінде соңғы үш мың жыл бойы салтанат құрған көшпелі өмір салтының ең соңғы мұрагері қазақ халқы. Содан болар, көшпелі қазақтың материалдық және рухани мәдениеті тікелей байырғы салтпен шендесіп жатыр. Қазақ даласынан табылған Андронов заманындағы археологиялық олжалардың ішінде қолөнердің құрал-жабдықтары мол ұшырасады. Әсіресе, тастан, металдан жасалған ұршық бастары, жауынгерлердің үстіндегі асыл металдан дайындалған киім мен қару-жарақтар көшпелілер арасындағы орныққан өндіріс деңгейі мен өнер үрдісін айқын аңғартады. Облыс аумағынан архелогиялық қазбалар нәтижесінде табылған алтын, күміс, қола, темірден соғылған өте құнды тұтыну бұйымдары, ат әбзелдері, қару-жарақтар сапасы мен жасалу шеберлігі көпшілікті таңдандыруда. Мұның өзінен осыдан мыңдаған жылдар бұрын өмір сүрген ата-бабаларымыз жер қойнауының құпиясын аша да, оның бар асылын пайдалана да білгенін, тұрмысқа қажетті тұтыну бұйымдарын, сан алуан әсемдік әшекейлерді, қару-жарақтарды жасағанын байқатады.

Бұл заттар толықтай дерлік ер адамдардың қолымен жасалған дәстүрлі қолөнер туындылары. Демек ер адамдардың қолынан шыққан қолөнер түрлері атадан балаға мұра боп қалып, бізге дейін үзілмей жалғасып келе жатқан өнер.

Халықтың мәдени өмірінің, бұрынғы тұрмысының көшпенділіктен екендігін біз жақсы білеміз, сөйте тұра қазақ халқы күнделікті үй тұрмысына қажетті үй жиһаздарын, ыдыс-аяқтарын ағаштан жасап алып отырды. Арнаулы жиһаз зауыттары болмаса да халық арасынан шыққан шеберлер, ұсталар әр отау, әр шаңырақтың қажетін өтеп, халықты керек-жарағымен қамтамасыз етіп келеді. Жасалған жиһаз көшпенді халықтың өміріне бейімделген, ықшам әрі жеңіл болды. Ағаштан жасалған үй жиһаздарының қатарына – ағаш төсек, ағаш жастық, жүк-аяқ, кебеже, әбдіре, сандық, жағылан және ыдыс-аяқ бұйымдары жатады. Заттардың барлығы дерлік киіз үйдің ішін әсемдеп көрік беріп сәндеп, үйге ерекше мағыналы әсер береді. Жиһаздардың әрқайсысының орны, қойылатын жері бар, ішіне затты салып жинауға қолайлы болады. Соған орай сыртқы формалары да әр қилы, оюлап пішініне келтірілген. Кебеженің, ағаш төсектің беттері сүйекпен, терімен, не күміспен көркемделіп отырады. Көпшілік ою-өрнектер рельефті, бедерлі болып келсе, ал кейбірсулері әр түсті бояулармен боялады.

Қазақ халқының сң ұзақ уақыт аясында көшпелі өмір салтта болу себебі, біріншіден, Еуразия Ұлы даласының ең енді тұсы Қазақ даласы болып табылады. Яғни, бұл дала бойлық бойынша тербеле көшіп-қонуға, бейнелеп айтқанда, табиғаттың қатал құрсауынан сытылып шығып, жыл құсы сияқты мәңгілік көктемді қуалап отыруға мейілінше қолайлы еді. Екіншіден, технократтық даму бел алғанға дейін Қазақтың қуаң даласында тіршілік үшін бірден-бір қолайлы өмір салт көшпелілік болды. Үшіншіден, қазақ халқының бұрынғы өзімен тектес түркі халықтарымен шекараласып, түркі әлемінің кіндік мекенінде болуы да көшпелі өмір салттың тұрақтануына себеп болды. Көшпелі өмір салтқа бейімделу үшін көптеген алғышарттарды игеру керек еді. Ең алдымен, уақыт пен кеңістікті игеру қажет болды. Өйткені, уақыт пен кеңістік туралы таным-түсінік қалыптастырмай тұрып көшпелі өмір салтқа ойысу, бейнелеп айтқанда, қайда барарыңды білмей тұрып жолға шыққандай қайырсыз тірлік болмақ. Екіншіден, жыл құсы секілді қатал табиғат құрсауынан сытылып шығып, жүздеген-мыңдаған шақырым кеңістік аясында үнемі көктем мен жазға ілесіп, мейілінше ілгерілей көшіп-қонып жүру үшін қолайлы баспана керек еді. Бұл қажеттілік дүниеге киіз үйді әкелді. Киіз үй көшпелі өмір салттың негізгі алғышарттарының бірі болғандықтан ұдайы жетіліп, шыңдалып, сәулеттеніп отырды. Бұл ретте, киіз үйді көшпелілердің ғасырлар бойғы өмірлік тәжірибесінің, ой өрісінің, талғам-танымының және шеберлік шамасының ең жарқын айғағы деуге болады.

Тұла бойына қазақтың мыңдаған жылғы шығармашылық ізденісін [illegible] киіз үй жинамалы жылжымалы сәулет өнерінің үлгісі ретінде өзінің қайталанбас болмысымен қайран қалдырады.

Әдетте киіз үйдің ең көп тараған негізгі түрі – алты қанат үй. Алты қанат үй дегеніміз – алты кереге үй деген сөз. Сонда үйдің үлкен-кішілігі, оның қанат санына байланысты. Қанат санына қарай кереге бастарының саны, кереге басына қарай уық саны әр түрлі болып келеді. Мұнымен бірге кереге

көздерінің үлкен кішілігіне қарай тор көз кереге(жұдырық сиятындай), жел көз кереге ( қос жұдырық сиятындай) деп бөлінеді.
Киіз үйдің жасау-жиһаздарының бірі – тамақ, азық-түлік салу үшін әшекейлеп, оюлап жасайтын ағаш сандық – кебеже. Кебеженің халық тұрмысындағы көшіп-қону кезінде түрлі зат салуға арналған көш кебеже деген түрі де болған. Кебеже – кімге болса да өте қажет бұйым. Сондықтан ағаш ұсталары оны, көбінесе, ешкімнің тапсыруынсыз көптеп жасап, шетінен алушыға сата береді екен. Орта есеппен кебеженің ұзындығы 70-90см, биіктігі – 40-50, ені 40-45 см шамасында жасалған. Кебеженің төрт қабырғасы, түбі мен қақпағы төрт қырлы төрт қазық арқылы біріктіріледі. Мұның бет жағын ғана әсемдейді. Кебеженің бетін оюлап, сырлап көркемдеу Қазақстанның батыс өңіріне тән. Ал кебеженің әлдеқайда үлкен түрі абажа деп аталады. Абажаға ыдыс-аяқтар мен азық-түлік сақтаған.

Ағаш шеберлері ағаштан ойып, қымызға арналған ожау, тегене, саптыаяқ, зерен, күбі, табақ, астаулар (ет салатын ағаш ыдыс), сонымен бірге бидай, тары түйетін келі мен олардың қажетті бөлшектері келсап, піспек сияқты бұйымдарды өз жерімізде өсетін ағаш түрлерінен ұқсатып жасай білген. Ағаштан ойып жасалған кішілеу ыдыс тостаған деп аталса, ас салатын жайпақ ыдыс табақ деп аталған.
Ғылыми деректер бойынша Қазақстан жерінде қолөнер кәсібі мұнан екі жарым мың жыл бұрын түрлі тайпалардың творчествасы арқылы байқап, ұрпақтан- ұрпаққа мәдени мұра болып қалып келеді.
Ежелден көшіп-қонып, мал баққан қазақ халқы үшін көліктің негізгі түрі – салт ат болды, ал соған орай, ер-тұрман жабдықтарының алатын орны да өзгеше еді. Халық басынан өткен сан қилы оқиғаларға сай мұның да өзінше даму, өзгеру процесі жүріп жатты. Мұның өзі қазақ халқының қол өнерінің қандай дәрежеде болғанын аңғартады.
Ер-тұрман көне заманнан бері көшпелі халық өмірінің заңды қажеттілігіне сай қалыптасты. Мәселен, ауқатты қазақ отбасы өз бетімен салт жүруге жараған барлық балаларына түгелдей ер-тұрман дайындаған. Ал, қайсыбіреулері баласы туысымен-ақ, атақты ершілер қосқан тамаша ер, сәнді тұрмандарын дайындауға қамданатын. Сондықтан, қазақ даласының қай жерінде болмасын ер тоқым жасау ісі кең өріс алған. Осыған орай ершілер өнері жоғары бағаланып, тәжірибелі ершілерді қысы-жазы бірдей қолдан қолға тигізбей ер қостырып отырған.

Алтыбақанды назардан тыс қалдыру мүмкін емес, өйткені оның конструкциясы табиғи түрде дәстүрлі бұйымдар қатарына енеді. Алтыбақанды безендіріп, жауыннан, ылғалдан қорғап отырған, бұдан бөлек бір кездері кесіліп алынған ағашқа ерекше қатынаста болған. Көшпенді мәдениетінің феноменін ұсынған дәстүрлі қолданбалы өнер бойынша ең керемет материалдар мұражай экспозицияларында қойылған. XIX ғасырдың соңы мен әсіресе, бүгінгі күні қатары толыққан XX ғасырдың 50 жылдарына дейінгі туындыларды сақтаған этнографиялық коллекциялар, Қазақстан мұражайларының қорлары мен сақтау бөлмелері, кілем-киіз өнерінің,

кестенің, зергерлік өнердің, ағашты көркемдеп өңдеу өнерінің, теріні безендіруді және сүйекті инкрустациялаудың үлгілерін ұсынады. Бай инкрустацияланып, өрнектелуі мен қызметі бойынша түрлілікке ие болған олардың жағымды қасиеттері бар: XX ғасырдың бірінші жартысына дейін кең етек жайған тіл- көзден сақтау, қорғайтын секілді наным-сенімдер. Олардың көркемдік-образдық жүйесі мифологиялық көзқарастардың, салт-дәстүрлер мен ғұрыптардың көнедегі қабаттарының айнасы.

Төсеніш және қабырғаға тұтатын киіз, түкті және түксіз кілемдердің, басқұрлардың (таспалар) жинағы едәуір көлемді. Қабырғаға тұтылатын, кестелеп тоқылған түрлі-түсті кілем-түскиіздер аз көлемде ұсынылған (түскесте, негізі матадан болғандықтан олар тез шіріп кетуге жақын). Қолданылатын материалдардың жалпылығына қарамастан, олардың барлығы әртүрлі ру-тайпалық топтар мен аудандарға тән өздерінің оюорнегінің, колористік құрылымы мен өрнегінің өзгешелігімен ерекшеленеді. Киіз үй – ғаламның моделі. Бүкіл ғалам мен адам арасын байланыстырушы. Рухани мәдениет ретінде қарастырсақ, киіз үй баспана ғана емес арғы әлеммен байланыстырып, қаскөй рухтардан қорғайтын киелі орын. Қазақ үйдің киесі шаңырақтан бастау алады.

Шаңырақ – қасиетті. Шаңырақ – күннің символы. Шаңырақ көтеріліп жатқанда ешкім сөйлемейді. Өйткені ұлы іс атқарылып жатқанда үнсіздік орнауы тиіс. «Жеті уық шаншылғанша жетесіз ғана сөйлейді» деген сөз осының дәлелі. Шаңырақтың төрт күлдіреуіші – төрт тарапты білдіреді. Уықтарды күннің шапшыраны деп ұғыныз.Ертеректе шаңыраққа үрлеген қарын байлап қоятын болған. Оның мәнісі, құт құйылады деп есептеген.

Шаңырақ отбасының қасиет тұтар дүниесі, тұқымды жалғастыратын белгісі болып табылады. Ол ұрпақтан ұрпаққа беріледі және ата-бабалардың рухын қорғаушы ретінде саналады.

Шаңырақтың астында ошақ орналасады. Ошақ – адамның оты. Шаңырақтың үстінде Алланың оты маздаса, төменде адамның оты лаулайды. Есік пен төр. Киіз үйдің есігі әдетте шығысқа қаратылады. Бұл – күннің сәулесі үйге бірінші түсетін жағын білдіреді. Есікке қарама-қарсы бетте – төр. Төрдегі адам есікке қарап отырады. Егер ол малдас құрып отырса, оның әкесі жоқ деп есептеген. Әкесі тірі адам малдас құрмайды. Отырудың өзінің осындай тыйымы мәні бар. Төрдегі адам төрелік айтады. Төрге ақ пен қара түсті сырмақ төселеді. Мәнісі, төр – ақ пен қараның ара жігін ажырата алатын адамның орны. Төрде отырып, билік айтқандар мемлекет билігіне дейін көтерілген. Мұны Орхон-Енисей жазбасындағы «төр» сөзінің мемлекет мағынасында қолданылғанынан байқауға болады.

Қазақ халқының сәндік бұйымдары күнделікті тұрмыс тіршілікте кеңінен қолданылады. Соның ішінде ұлттық киімдердің алатын маңызы зор. Ұлттық киім – бай тарихи-мәдени мұра, оны зерттеу бізді өткен ғасырлардағы әдет-ғұрып, салт-дәстүр, халықтың хал-ахуалынан кең көлемде жан-жақты мағлұматтар береді. Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Мұның басты себебі: қазақ

халқының табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты. Қазақтың ұлттық киімдері негізінен ертедегі көшпенділер киімдерін еске түсіреді. Қазір өзіміз күнделікті киіп жүрген бірқатар киім үлгілері сақ дәуірінен бастау алады. Қазақтардың киімдерді солға қаусыратыны сақ киімдерінде, орта ғасырларда түріктерде кездеседі. Көшпенділердің киім үлгілерінің тігілу мен пішілу тәсілінде сабақтастық сақталған.

Біздің ұлттық киімдеріміз географиялық аймағына қарай да ерекше үлгілер жасалған. Олардың кейбіреуін Жетісу үлгісі, Арқаның үлгісі деп бөліп жатады. Қазақтың ұлттық киім үлгілеріне көршілес тәжік, қырғыз, орыс, түркімен халықтарының киім тігу

тәсілдерінің де тигізген ықпалы мол. Қыпшақтардың ішкі-сыртқы киімдері көшіп-қонуға еркін, жүріп-тұруға, ауа-райының барлық жағдайларына қолайлы етіп тігілген. Негізінен, Еуропаға шалбар киюді үйреткен – Қыпшақтар. Олардың киімдері төзімді, ыңғайлы, қарапайым да әсем болған, мұндай киім киген адамдарға қыстың қаһарлы аязы, жаздың аптап ыстығы, күздің қара суығы, жауын-шашын ешбір қауіп-қатер төндіре алмаған.

Әйел киімдерінің қазақ елінің бәріне мәлім ортақ түрлері: көйлек, кимешек, жаулық, сәукеле, желек, тақия, қамзол, кәзекей, кебіс-мәсі, көкірекше сияқты заттар. Әшекей, ажар жағынан қыз бен келіншек киімдері, орта жастағы әйелдер мен карт бәйбішелердің киімдері деп төрт топқа арналып тігіледі. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерінің ежелгі ұлттық үлгілері мен дәстүрі ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. Қазақтың ежелден келе жатқан киіз үйі мен күнделікті тұрмыста пайдаланатын барлық жиһаздары мен заттары ұлттық ою-өрнекпен көркемделіп отырады. Ою-өрнектері қайталанбалы әрі ашық түсті болып келетін алаша, текшелі өрнекті тықыр кілем, әшекей оюлы кебеже сияқты киіз үйдің ішіне тұтынатын сәндік жиһаздармен қатар ағаш ұқсату өнері және жібек жіптермен кестелей тоқу, ағаш пен сүйекті жымдастыру арқылы көркемдеу, тері ұқсату (бедерлі инкрустациялы), оймыш, шекіме, бұрама, қалыптама, қаптырма, көз салу секілді зергерлік өнерінің түрлері де өркен жайды.

Қазақ халқының іскерлік қолөнері, негізінен, үй кәсібі түрінде дамып отырған. Қазақ халқының көшпелі тұрмыстық қажеттігіне байланысты қолөнер шеберлері күнделікті мал шаруашылығына қажетті шылбыр, нокта, жүген, шідер, кісен, ер-тұрман жасаумен айналысып, сазбалшықтан, ағаштан, сүйектен, матадан және мал, аң терілерінен нақышты мүліктер, зергерлік бұйымдар жасап, халық қажетін өтей білген.

Халықтың мәдени дәрежесі өскен сайын қолөнері соғұрлым өсіп, дамып отырды. Қолөнер шеберлері үнемі шығармашылықпен жұмыс істей отырып, халыққа қажетті қолөнерлерінің алуан түрлерін өмірге келтірді. Қазақ халқының қолөнері ішінде киіз үйдің кереге, уық, шаңырақ бұйымдарын жасау, тоқымашылық, сырмақ сыру, текемет басу өнерлерімен кеңірек айналысқандығы белгілі.

Осы аталған халық шеберлері, мұрагер-шәкірттерінің тынымсыз ізденіс үстіндегі еңбектерінің нәтижесінде қазіргі таңда жалғасын табуда. Ежелден

келе жатқан кәсіп қол өнер халықтың өмірімен, тұрмысымен бірге дамып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады.

**Сән және қолданбалы өнер** - сән өнерінің бір саласы, тұрмыска кажетті көркем, жиһаздық заттарды жасайтын шығармашылық түрі. Негізінен, түрлі үй жиһаздарын (жиһаз, зергерлік ою-өрнекпен әшекейленген заттар, тіршілікке қажетті сәндік құрал-жабдықтар, сувенирлер, құмыра, сый кеселер, т.б.) жасайды. Сән және қолданбалы өнерінің материалдары - металл, керамика, ағаш, қыш, шыны, асыл тастар, сүйек, былғары, т.б. Негізгі техникалық әдістері көркем оймыш, шекіме, көркем жазба, кесте, құйма, т.б. Ол сүйек, ағаш, тері өңдеу, бедерлеу, зергерлік, инкрустация, фарфор, фаянс, кілем тоқу, көркем мата жасау секілді салаларға бөлінеді. Сән және қолданбалы өнер келелі өндірістік, технологиялық міндеттерді атқарғанымен, өз дәуіріндегі өнер мен мүліктік мәдениеттің даму дәрежесіне тәуелді болып, дәстүрлі, жергілікті этникалық ұлттық ерекшеліктің негізінде дамиды.

## 2.2 Қазақтың сәндік қолданбалы өнеріне ғалымдардың көзқарасы

*«Сәндік қолданбалы өнер»* ұғымы XX ғасырдың екінші жартысындағы өнертанушы ғалымдардың ортасында пайда болды. Бұған дейін ол халықтың қарапайым түсінігінде, *«қолөнер»* ұғымының аясында қабылданып, пайдаланылып келді. *«Сәндік қолданбалы өнер», «қолөнерінің»* өңделіп жетілген формасы іспеттес болғандықтан, екеуін бір-бірінен бөлектеп қарауға болмайды, керісінше, олар бірін-бірі мазмұндық тұрғыда толықтыра түседі. Осы екі *«өнер», «сәндік қолданбалы өнер»* ұғымдарына берілген анықтама-түсініктер дәлелдейді. Біз оқу құралымызда осы ұғымдарға берілген анықтамаларды жүйеге келтіреміз және сәндік қолданбалы өнер, өзінің бастауын қолөнерден алады, қолөнер туындыларының ою-өрнекпен әшекейленуі сәндік қолданбалы өнердің пайда болуына себеп болады, деп ой түйіндейміз. Ғалымдардың (К.Өміралин, Е.Асылханов, Қ.Болатбаев, М.Мұхтарқызы, Ж.Баленов, С.Жолдасбекова, Ү.Әбдіғаппарова және т.б.) сәндік қолданбалы өнер түрлері бойынша ұсынған жіктемелеріне де жан-жақты сипаттама беріп топтастырамыз[1].

Жіктемелердің ішінде біз Ү.Әбдіғаппарованың жіктемесін толығымен қолдаймыз, өйткені бұл қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерінің атқаратын міндеттерін толығымен ашып көрсетуге, әшекейлік (ою-өрнектік) мазмұнын бір-бірінен ажыратып көрсетуге, өнер түрлеріне қарай сұрыптап пайдалануға, сәндік қолданбалы өнер түрлерінің кейбіріне толықтырулар енгізуге мүмкіндік береді. Мысалы, зерттеу мақсатына қарай біз *Тоқыма өнері, Киіз өнері Кесте және тігін өнері, Ши өнері* топтамалары аясын былайша толықтырамыз: *кілем* (түкті кілем, тақыр кілем, басқұр, желбау, бау; қоржын, аяқ қап); *алаша* (қаспа, бұхар, кежім, терме); *бізбен тоқу* (киім, тұтыну бұйымдары); ілмекпен тоқу. *Киіз өнері:* киіз (ақ киіз, от киіз; текемет (ақ текемет); сырмақ; аяқ қап, қоржын, жайнамаз. *Кесте және тігін өнері:* киім

тігу, тұрмыстық бұйымдар тігу мен кестелеу түрлері. *Ұлттық киімдердің түрлері: ұлттық сырт киімдер:* (жадағай, шапан, жарғақ шалбар, күпі, сырмалы шапан, тайжағы, тон, ішік, шапан, шидем); *сұлықтар:* «аба, кебенек, кенеп, сырттық, шекпен); *іш киімдер* (бешпент, дамбал, жейде, көйлек, камзол, шалбар, жеңсіз); *ерлердің бас киімдері* (бөрік, далбағай (жалбағай), жекейтымақ, күлапара, қалпақ, құлақшын, малақай, мурақ, тақия, тымақ, шалма); *әйелдердің бас киімдері* (тақия, бөрік, сәукеле, жаулық, желек, қасаба, кимешек, қарқара). *Төсек жабдықтары:* көрпе; шымылдық; төсеніш көрпеше; құрақ көрпе; жапқыш; ақ жайма. *Ши өнері: орама ши* (алаша ши, есік ши, жолым ши және т.б.); *ақ ши* (өре ши, мал соятын ши, ас шиі, қазақ ши, киіз басатын ши, қабырға ши және т.б.; *шым ши* (кілем ши, тұс ши және т.б.); *шиден жасалатын тұрмыстық заттар* (масахана, шыпта, қабырғалық, терезе жапқыш, шәйнек түп, кесе түп, қазан түп және т.б.).

Қазак халқының сәндік-қолданбалы өнерінің бұл түрлерінің өзіне тән мазмұны, ерекшеліктері, әшекейлік оюөрнектері бар. Ою-өрнек латынның ornament – әсемдеу, сәндеу деген сөзінен шыққан. Оған көптеген ғалымдар (А.В.Филипов, С.В.Иванов, И.Г.Ковалев, К.Е.Ибраева, К.К.Ералин, Ж.Балкенов және т.б.) өздерінің анықтамаларын берген. Олардың *бірі* «Оюөрнекті үйлесімділік өнер десе, *екінші* – символдар байланысы, үшіншісі бейнелеу өнерінің өте ертеден келе жатқан түрі, *төртіншісі* – адамға қажетті тұрмыстық идеяларды шартты символикалық пішінде суреттейтін бейнелеу өнерінің айрықша түрі, *бесіншісі* қазақ ою-өрнегі көркем бұйымдарды әшекейлеудің ең басты көркемдік элементі, *тағы бірі* қазақтың өрнегі – қазақ халқының мәдени жетістіктерінің негізгі бөлігі және заңды жалғасы деп түсіндіреді.

Солардың ішінде «ою-өрнек» ұғымдық мәнін С.Қасиманов, Ү.Әбдіғапбарова толық ашып көрсетті десе болады. Егер С.Қасиманов: «ою» деген сөз бен «өрнек» деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау, немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Қазақ көбінесе бір өрнекке салып қиып алған үлгіні, үлгіге салып кескен сырмақтың қиығын, сондай-ақ барлық қошқар мүйіз өрнектерін де «ою» дейді. Ал «өрнек» дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің, күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан, көбінесе «ою-өрнек» қосарланып айтыла береді» – десе, Ү.Әбдіғапбарова: «қазақ ұлттық ою-өрнегі дегеніміз, адам өміріне қажетті заттарды, бұйымдарды, архитектуралық құрылыстарды сәндеуде, халықтың тыныс-тіршілігін, қоршаған ортаға көзқарасын, одан алған эмоционалдық-эстетикалық әсерін және ой-арманын, тілек-мүддесін әсем талғаммен өзара үйлесімділікте бейнелі жеткізуге ықпал ететін нақыштар» – деп ой тұжырымдайды. Екі түсінік те бір-біріне қайшы келмейді, керісінше, бірін-бірі толықтыра түседі, ою-өрнек ұғымынан толық мағлұмат алуға көмектеседі[2].

*Сонымен, сәндік-қолданбалы өнер түрлеріне жасаған талдау оларды технологиялық мүмкіндіктеріне қарай жіктемелеуге* (бұйымды жасау үшін қолданылатын материалына қарай, бұйымдарды қолдануына қарай; дайындау

әдісіне қарай; көркемдік әшекейленуіне қарай; мағынасына қарай) септігін тигізді.
Әрине, сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарының әрбір тобын өз кезегінде көркем кәсібіне қарай бөлуге де болады, өйткені әрбір кәсіптің өзінің өрнегі, түр-түс үйлесімі, жасау әдісі және бұйымды әрлеу мен басқа да ерекше белгілері болады. Мысалы, қазақ халқы киіз, текемет, сырмақ, түс киіз және т.б. бұйымдарға ою, өрнек түстерін орналастырғанда өзіндік ережеге сүйенген, олардың бояуын белгілеуде үлкен жауапкершілікпен, талғаммен қараған. Қыздардан бояулар үйлесімділігін нәзік сезінуді, кескіндеменің заңдарын түсінуді, геометриялық сызықтар мен фигураларды білуді, табиғаттың табиғи формаларын түсінуді талап еткен. Түс киіздің бірнеше түрлерін меңгерткен (алуан түрлі ою-өрнек түсірілгені, жібек жіппен кестеленгені, зер жіппен гүл, өрнек түсірілгені, оқаланғаны, төңірегіне құндыз ұсталғанды, кей жеріне алтын, күміс теңгелер мен меруерт маржан қадалған аса қымбат түскиіздердің ортасына жолбарыс, ілбіс, қабылан, сілеусін және т.б. аң терілерін жапсырған түрлері). Ал бұл болса, *біріншіден,* қыздардың көркемдік-эстетикалық талғамын дамытқан, *екіншіден,* конструкторлық білімнің элементтерін меңгерткен, *үшіншіден,* экономикадан түсінігін жетілдірген, *төртіншіден,* шығармашылық қабілеттерін шыңдаған, *бесіншіден* рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырған. Бұның бәрі нәтижесінде технологиялық мәдениеттің негізін құрған[3].
Сәндік-қолданбалы өнер түрлерінің технологиясын меңгертуде қазақ халқы *еңбек қағидаларды* (еңбек түрлеріне баланы жастан баулу, оларға сүйіспеншілік көзқарасты қалыптастыру, еңбек түрлерін біртіндеп күрделендіріп отыру ұстанымын бірнеше отырып еңбек етуге баулу және т.б.), *педагогикалық принциптерді* (халықтық, табиғилық, көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, бірізділік, жас және дара ерекшеліктерін ескеру, өмірмен байланыстылық және т.б.) тірек еткен *бұрынғы әдіс-тәсілдерді* (көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, тапсырма беру, жаттықтыру, сендіру, сенім арту, мақтау, мадақтау, марапаттау, түзеу, бағалау, қолдау, ынталандыру және т.б.) пайдаланған. *Тәрбие құралдарының міндетін* халықтың ауызекі шығармашылығы, салт-дәстүрлер, мерекелер, ұлттық ойындар және т.б. атқарған. Олар балалар мен жеткіншектердің логикалық ой-өрісінің, дүниетанымының, эстетикалық талғамының, адами асыл қасиеттерінің дамуына, рухани-мәдениетінің, технологиялық мәдениетінің қалыптасуына үлкен септігін тигізді, еңбек технологиясының ереже-талаптарын меңгеруге көмектесті.

Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері өзінің тәрбиелік мүмкіндіктерін бүгін де жоғалтқан жоқ, керісінше, заман талабына қарай, оның көкейкестілігі бұрынғысынан да артып отыр. Оны өнертану, педагогика ғылымдары саласында жарық көрген еңбектер дәлелдеуде. Ол туралы біз жоғарыда айтып өттік. Ал жалпы орта білім беретін мектептің 5-9 сыныптарына арналған «*Технология*» *пәні бағдарламаларына (2004, 2006 жж.) жасаған талдау болса,* қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің оларға оқушылардың жалпы танымдық көзқарасын дамыту, түсінік беру, таныстыру

мақсатында ендіріліп отырғанын, технологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында қарастырылмағанын көрсетеді.

Біздің пайымдауымызша, бағдарлама бөлімдеріне қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерін көбірек ендіріп, оның өзіндік ерекшеліктерімен, мазмұнымен, балалар мен жеткіншектердің технологиялық мәдениетін қалыптастырудағы мүмкіндіктерімен, оларды жасау технологиясымен оқушыларды таныстыру орынды болады. Еңбекке оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнықазақхалықпедагогикасыматериалдарына, соның ішінде қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнеріне негізделуі қажет. Бұл *біріншіден,* халықтың сәндік-қолданбалы өнер түрлерінің қағидаларын зерделеудегі сабақтастықты қамтамасыздандырады, *екіншіден,* әрбір сынып оқушылары үшін меңгерілетін сәндік-қолданбалы өнер түрлерін олардың күрделілігіне, жасалу технологиясына қарай, айқындауға, іс-әрекеттерде кездесетін жалпыламалық әдіс-тәсілдерді, білім, іскерліктерді саралап көрсетуге, оларды еңбектің жаңа бағытында, бүгінгі күннің талабын ескере отырып жаңа технологияда пайдалануға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, оқу әрекеті теориясының мақсатты бағыттылығына сәйкес (П.Я.Гальперин, Д.Б.Эльконин және т.б.) оқыту басынан бастап, негізгі мазмұны ғылыми біліммен байланысты болуы үшін ғылыми-теориялық әрекеттің сипатын ұстануы керек. Оқушылардың технологиялық тапсырмаларды саналы түрде орындау барысында қолданған тапсырмаларына жасаған талдауды негізге ала отырып, технологияны меңгерту бағыты мен политехникалық сипаттағы мәліметтерді сұрыптаудағы, жүйелеудегі әртүрлі ұстанымды ескере отырып және іс-әрекет теориясына негізделген осы мазмұнды *оқушылардың технологиялық даярлығы тұрғысында қарастыра отырып, оқу мазмұнының құрылымында мыналарды* қарастыру қажет:

– сәндік-қолданбалы өнер түрлеріндегі еңбек нәтижесінің өзіндік ерекшелігі туралы функционалды білім;

– жұмыс барысында қолданылатын сәндік-қолданбалы өнер түрлері. Олардың қасиеттері, шығу тарихы, көркем қолөнерде немесе үй шаруашылығы мен халық шарушылығында пайдалану;

– сәндік-қолданбалы өнер түрлерін даярлайтын құрал-жабдықтар. Олардың міндеті, мақсаты, пайдалану бағыттары, жұмыс тәсілдері. Еңбектегі қауіпсіздік. Тарихи мағлұматтар;

– өнімдерді өндіру процесінде жүзеге асырылатын сәндік-қолданбалы өнерге қажетті шикізаттардың, материалдардың жағдайы немесе өзгеріске түсетін формалары мен қасиеттерінің тәсілдері мен амал-жолдары;

– сәндік-қолданбалы өнер түрлерін даярлау барысында жұмыс процесін ұйымдастыру. Адамдардың еңбек әрекеті, олардың қазіргі өндірісте пайдаланылатын сәндік-қолданбалы өнер түрлеріне деген көзқарасы;

– технологиялық құжаттар. Оларды өңдеу және жұмыс процесінде пайдалану;

– сәндік-қолданбалы өнер түрлеріне байланысты еңбек әрекетіне оңтайлы амал-жолдарды таңдауға ықпал ететін ғылымға негізделген (экономика, экология, эргономика, дизайн, графика және т.б.) білім элементтері.

Бұл көркем еңбек сабағында қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер түрлерін, оның технологиясын оқушыларға біріздділікте меңгертуде көмектеседі. Еңбекке баулудағы оқу мазмұнының сабақтастығы технологиялық процестердің типтеріне, пайдаланылатын сәндік-қолданбалы өнер материалдарының өзіндік сипаты мен жасалу тәсілдеріне қарай негізделуі керек. Оқушылардың технологиялық мәдениетін қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері арқылы қалыптастыру процесі оның мазмұнын нақтылауды талап етеді. Біз теориялық бөлімде берілген қағидаларды негізге ала отырып *технологиялық мәдениеттің* мазмұндық компоненттерін саралап аламыз: *эмоционалдық-мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік*. 5-9 сынып оқушыларының жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып әрбір компоненттің мазмұнына тоқталамыз.

*Сәндік-қолданбалы өнер түрлері мазмұнын сұрыптауда біз дидактикада қалыптасқан принциптермен бірге* (жүйелілік, түсініктілік, көрнекілік, ғылымилық, саналылық, біріздділік, белсенділік) қазіргі теория мен практикада жиі пайдаланылатын, сәндік-қолданбалы өнер түрлері арқылы оқушылардың технологиялық мәдениетін қалыптастыруда тиімді нәтиже беретін *жаңа принциптерге де* (дамыту принципі, әлемдік бейненің тұтастық принципі, мәдениетке сәйкестілік принципі, технологиялық білім беру мазмұнының вариативті принципі, проблемалық принципі) аса мән береміз.

Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері түрлерін меңгерту процесінде оқушылардың технологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында әртүрлі *әдіс-тәсілдерді* (сөздік, көрнекілік, аудиокөрнекілік, практикалық, салыстыру, теңестіру, ақпараттық, эвристикалық, қорытындылау, іздестіру және т.б.) пайдаланамыз.

Соңғы жылдары «Технология» пәні қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерін меңгерту мәселесіне аса мән беріп отыр. Бұл орынды да, өйткені қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің оқушылардың технологиялық мәдениетін қалыптастырудағы мүмкіндіктері өте жоғары[4].

## 3. Сәндік қолданбалы өнер саласындағы кесте тігу және көркемдеп тігу өнері

### 3.1 Кесте өнері және онын түрлері, қажетті құрал-жабдықтар, тігу технологиясы

Қазақ қол өнері өзінің төлтума бітім қасиетімен, көркемдік мән-мағынасымен, шын мәнінде, халқымыздың ғасырлар талғамынан өткен асыл қазынасы, соның бірі-кестелеу өнері. Сол кестелеу өнерді жалғалтпай үйреніп, ары қарай дамыту біздің міндетіміз. Ертеде халқымыз тұтынған бұйымдарының бәрін дерелік кестемен әшекейлеп безендірген. Мысалы: үй бұйымдарын, төсеніштерді, ұлттық киімдерді кестеленген.Қандай өрнек болмасын, адам, баласы өзін қоршаған дүниеден алатыны мәлім.

Көне заманнан бері, б.з.д. V-VIғасырдан кестелеу өнері жалғасып келеді. Мысалы:Қытайда кестені таза жібекке алтын, күміс жіптермен тіккен. Қытай кестесі Жапон кесте тігу өнеріне әсер еткен. Үнді, Иран елдерінің кестелері өсімдік тектес, жан-жануарлар мен бейнелерді тігумен ерекшеленеді. Ал Византия кестесінде таза жібек немесе алтын жіптерді төгіп зерлеген. Бұл кесте тігу өнеріне үлкен жетістіктер енгізді. Сонымен қатар, XIII ғасырдың аяғы мен XIV ғасырдың басында Франция, Германия, Швеция, Англия, Дания, Норвегия елдерінде ұлттық киімдер үй тұрмыс бұйымдарын әшекейлеуге қолданған. Халық өнері ғасырлар бойы әр түрлі болып өзгеріп, адам өмірі мен олардың тұрмысымен әлі күнге дейін байланысты болып келеді. Кестенің әдемі әшекейлері адамдардың тұрған жеріне, мәдениетіне, саудасына, көршілес елдермен қарым қатынасына байланысты болған. ұрпақтан-ұрпаққа жалғасудың арқасында әрбір елдің шеберлері өздеріне тән ерекшеліктерімен тігудің сантүрлі әдістерін киімге, тұрмыстық бұйымдарға, әшекей заттарға қоса білді.

Қашанда кесте өнерінің түр-түсі, үйлесімділігі, әдемілігі, қайталанбастығымен ерекшеленеді. Ол географиялық, мәдениеттік жағдайымен қатар тарихына да байланысты болған.

Біздің еліміздің тарихы арыда жатыр, ата-бабаларымыз киімдеріне, ат-әбзелдеріне, үй бұйымдарына өрнек сала білген. Өрнектердің орналасу композициясыда ерекше. ғасырлар бойы өрнектің кестенің орналасуы өзгеріп (шетінде, ортасында, бұрышында), пішіні өлшемге сай болып келген. Бүгінгі күнде өрнектердің орналасуы, өлшемі, пішімі тігушінің талғамына, фантазиясына байланысты. Кез келген шығармашылықта түр үйлесімділігі маңызды роль атқарады, яғни ол адамның ішкі дүниесімен үндесуі керек. Бұйым колориті көбінесе өзінің шығатын, пайдаланатын жерінің эталоны. Бұйым өңімен көптеген түстердің үйлесуі үшін олардың өздерінің заңын білу керек. Осы барлық түр-түстерді екі топқа бөлуге болады:

Хроматикалық-түсті, және ахроматикалық-түссіз. Хроматикалық түске ашық түстер жатады: негізгі-қызыл, сары, көк және аралық түстер-жасыл, сия түсті, алқызыл. Аралық немесе қосымша түстер араласы екі негізден алынады:

ашқызыл-қызыл мен сарыдан, жасыл мен сары мен көктен, сия түсті-қызыл мен көктен.

Ахроматикалық түстер ашық немесе аққа жақын түстер емес, сонымен бірге аралық түстерді де пайдалануға болады. Гармониялық үндестік көбінесе түстердің үйлесімділігінен туады. Кесте түрі бірдей болғанымен, түсі әртүрлі болса әдемі, тартымды келеді. Матаға түстер ритмикалық қайталанып отырады.

Ертеден келе жатқан қолөнердің бір түрі кесте тігу өнері болып табылады.

Кесте және көркемдеп тігу ою-өрнекті әшекейлеудің ертеден келе жатқан элементтерінің басты түрі. Кестені бізбен және жай инемен әшекейлеп тігу барлық халықтарға да ортақ өнер. Қазақ халқының дәстүрінде киім-кешек пен төсек -орын жабдықтары, батырлар мен сауыққойлардың (салдардың) бас киімі, қалыңдық пен күйеудің бас киімі, белбеуі, үй іші мүліктері яғни жиһаздар кесте өрнегінің жиі безендірілетін еді. Халық салтында мұндай өрнектеудің кейбіреулері күні бүгінге дейін сақталуда. Оның себебі әдемі,үйлесімді кесте ою өрнегінің барлық түріне бірдей қолдануға тиімді. Осы сияқты бізбен, машинамен және инемен көркемдеп тігілген кестені әшекейлеп кестелеу деп атайды.

Сондай-ақ кесте тігу деп – мата, тері, киіз және тағы басқа материалдардың бетіне әртүрлі жіптермен, жүнмен, әр алуан суреттермен өрнектер салынып тігілетін қолөнердің бір түрі болып табылады. Кесте тігуде кейде моншақ,інжу,маржан т.б асыл тастар тағылады.

Кесте өнері қазақ халқына ертеден енген өнер екендігін тарихтан байырғы сақ, ғұн, үйсін өнерінде кестені зерлеп, маржандап, түктеп тігу тәсілдері ежелгі екендігін аңғаруға болады. Кесте өнерінің қазақ халқына тән байырғы әдіс түрлері: біз кесте, айқас тігу, айқыш-ұйқыш тігу, басып тігу, қайып тігу, тамбурлы шалып тігу.

Кесте тігу үшін жіп, мата, ине, оймақ, қайшы, кергіш қажет. Иненің жуан-жіңішкелігі кесте тігілетін материалдың қалыңдығына және жіптің жуан-жіңішкелігі, номеріне байланысты болады. Жіптің ұзындығы 50-60 сантиметрден артық болмайды. Кергішке кестелеген кезде оймақтың қажеті жоқ. Қайшының ұшы үшкір, ұзындығы 20-30 сантиметрдей болады. Кестені іргекті бізбен кестелейміз. Кестелеу үшін әр түрлі жіптерді пайдалануға болады. Кестенің кейбір түрлері селдір матаға түсіріледі. Ұсақ бұйымдарды әдетте дөңгелек кергішке кестелейді. Матаны кішілеу шеңберге салып, үстінен үлкен шеңберді кигізеді де, кереді. Жұмыс жылдамырақ жүруі үшін инені екі қолымен бірдей шаншы білу керек. Кейбір кестелер кергішсіз тігіледі: матаны бас бармақ пен шынашақтың көмегімен сол қолдың үш саусағы біркелкі етіп керіп тұрады. Матаға инені оң қолдың ортаңғы саусағымен шаншиды. Егер суреттің размері кестелейтін бұйымның көлеміне сәйкес келмесе, онда суретті үлкейтуге немесе кішірейтуге болады. Қоңырқай түсті маталарға суретті көшірме қағаз арқылы калькаға түсіріп, сосын сурет нұсқасын түрлі-түсті қарындашпен сызады. Мәуіті, барқыт және жібек маталарға суретті төмендегідей әдіспен түсіреміз. Сурет салынған темекінің жұқа қағазын матаға салып, сурет нұсқасының бойымен көктеп шығады, сосын қағазды еппен

жыртып алып тастайды, сонда мата бетінде жіппен тігілген сурет нұсқасы қалады. Ал үлбіреген ашық түсті матаға сурет түсіру үшін бірінші суреттің үстіне басқа бір матаны жабады да, үстін әйнекпен бастырамыз, ал әйнек астына лампа қойылады. Әйнектің үстіне кесте тігілетін матаны жауып, лампаның жарығы көрсетіп тұрған суреттің нұсқасын қарындашпен матаға түсіріп аламыз.

Кестелеу кезінде жіпті түйіншектеуге болмайды. Кестелеуді бастар алдында жіпті матаға төмендегі тәсілдермен бекітеді: бірінші – инені бірнеше рет шаншып, ұсақ тігістер жасап аламыз, ол жер артынан кестемен жабылып кететіндей болу керек, екінші инені бір рет шаншып алып, жіпті матадан ақырына дейін суырмай, қалған ұшын екінші рет шаншып, үстінен тігіп алу керек, жіптің ұшын тастаймыз да оның үстін кестемен бастырамыз. Кестені бітірер кезде кестелер отырған жіпті жиі шаншып суреттің астына жібереміз, үшінші екі қабатталған жіпті тұйықталмаған ұшынан сабақтап, инені матаның астынан үстіне қарай шығарамыз, яғни жіпті ақырына дейін тартпайды да, инені қайта төмен шаншу арқылы жіптің тұйықталған ұшын батыра тартады. Енді барып кестелеуді бастай беруге болады.

Халықтың кесте тігу өнері мен өрмек тоқу дәстүрі тым әріден басталады. Музейлердің экспонаттары мақпалға, мауытыға, жібекке кесте тігу техникасын жетік меңгерген беймәлім шебер әйелдердің өнерлері жөнінде сыр шерткен. Кестелердің көпшілігі сурет бойынша тігілген, ал суреттердің негізінде өсімдіктер алынған. Түсті жібек жүн және алтын, күміс түстес оқа жіптерден әйелдер мен ерлер киімдері, бас киімдер, әйелдердің үйде киетін аяқ киімдері, сондай-ақ үйді әшекелейтін заттар, тұсқа ілінетін киімдер, түскиіздер және т.б. кестеленіп тігіледі. Қыздың ұзату тойында киетін киімдері – сәукеледен бастап, аяқ киіміне әшекейленіп тұратын кесте, өте әдемі ою-өрнек композициясы және кестені мұқият жасауы бұрынғы шеберлер қиялының бай екендігін дәлелдеген. Ұлттық кесте тігу – ңТұскизң көркем кәсіпшілік фабрикасында ұйымдастырылған. Оның ұйымдастырылуында халық шебері Салима Абдулқызы Әзірбаева жасаған бұйымдардың көрмесі үлкен роль атқарған. Кесте тігу - дәстүрі бойынша ңбіз кестең, ңбаспа кестең әдісімен орындалады.

Еркін кестелеудің – бұл түріне мата бетіне түсірілген суретті кестелеуді жатқызуға болады.

Шым кесте – сурет бойынша кестелеудің бірнеше түрі бар. Шым кестемен өсімдіктің жапырағын, гүлді, сондай-ақ геометриялық ою-өрнек кестеленеді.

## 3.2 Кесте түрлері

Кесте санап тігілетін: жіпті санап отырып кестелеу және еркін: сурет нұсқасы бойынша, санамай, еркін тігу деп екіге кестелеу деп бөлінеді.

Жай тігістер. Сабақты кесте. Кестенің бұл түрін тігу үшін өрнектің нұсқалары пайдалынады. Оларды тіккен кезде ине кері шаншылады, яғни әрбір жаңа тігіс осылайша түседі. Жіпті бекітіп, инені матаның кесте түсетін бетіне шығарған

соң оған 2-4 жіпті іліп алу керек. Жіпті шығарып алған соң инені қайта қайта шаншып, сосын оған алғашқы тігіске қанша жіп алынса, сонша жіп іліп алады. Тігістердің біркелкі болып түсуін қадағалау және инені екінші, үшінші, одан кейінгі тігістерді алдыңғы тігістің ортасынан шығарып отыру қажет.
Барқыт тігісі. Кестенің бұл түрімен балалардың киімін әшекейлейді. Оның үстіңгі жағы айқасып келеді де, астынан параллель бағытта екі қатар тігіс түседі. Кестенің бұл түрімен кестелегенде жіптерді санап, есептеп отыру керек. Егер кесте тігінен тігілетін болса, онда материалдың екі шетінен параллель екі сызықты белгілеп аламыз. Қалың маталардан 2 жіптен суыру керек. Кестелеу төменнен жоғары қарай бағыттап шаншып отырады. Бұл тігісті кестелеудің басқа түрлерімен кішілеу гүлді жапырақтарды кестелегенде қолданылады. Кестені 3-4 түрлі жіппен кестелеуге болады, тек жіптердің түсі бірін-бірі ашатындай, дұрыс таңдап алынады. Бұл кесте алдымен легенде алдымен бір түсті жіппен бастаймыз. Екінші түсті жіппен алғашқы тігіске жапсарластыра параллель тігеміз. 3 және 4 түсті жіптермен де осылайша тігуге болады.
Ілу кесте. Кестенің бұл түрімен кейбір контурлы ою-өрнектер немесе гүлдің сабағы кестеленеді. Тігілу мәнері жағынан көлемі біркелкі ілмектер шынжыр сияқты бірін-біріне тіркесе тігіледі. Шынжырларының формасы мен көлемі әртүрлі болып келеді. Жіпті бекітіп, оны матаның оң жақ бетіне шығарып алған соң, ілмек тәрізді етіп созып оны сол қолыңыздың басбармағымен басып тұрасыз да, инені алғашқы шаншылған жерден дәлдеп, төмек қарай, яғни матаның астыңғы бетіне қарай шаншимыз. Тігістің теріс жағынан ине ілмектің астынан өтіп, тігістің үстіне ілмектің ортасынан шығарамыз.
Шнурлы және шелонша тігісті кестелер. Бұл тігістермен көйлектің жағасын, кеудесін әшекейлеуге болады. Кестеленетін материалдың өзінің өңімен тігілген кесте өрнегі әдемі болып шығады. Кесте тігілетін жерді ромбылап, торға бөлу керек. Ромбының жақтары 2-3 сантиметрдей болуы керек. Сосын тор сызықтары бойымен сырықтау етіп тігіс түсіреміз. Тігістің көлемі және олардың ара қашықтығы біркелкі болғаны дұрыс, олар 5 миллиметрден аспайтын болу керек. Жаңа жіппен тігілетін келесі тігісте үнемі алғашқы тігістің әр қайсысының түбінен жоғарыдан төмек қарай шаншу керек. Бұл тігіс шнурлы деп аталады. Егер инені бірсе жоғары, бірсе төмен шаншыса, ол шелонша деген тігіс шығады. Сызықтардың қиылысқан жерін ілмекпен әдемілеуге немесе моншақ тігіп қоюға болады.
Санап кестелеу деп аталатын кестені жіп оңай суырылатын матаға кестелейді. Бұл тігіс әдетте тік сызық бойына түсіріледі. Ол бірнеше түрге: терме тігіс, қиғаш тігіс, жай айқас тігіс, қосарланған айқас тігіс, жартыкеш айқас тігіс тағы басқаға бөлінеді.
Терме тігісі өрмектің бір шетінен келесі шетіне дейін, жіптерін санай отырып, бірсе оң жағына, бірсе теріс жағына қарай матаның жібін бойлай инені алға салу әдісімен тігіледі. Теріс жағының өрнегі оң жағының өрнегіне кері болып түседі.
Қиғаш тігіс матаның көлденеңінен 2 жібін, тігінен 4 жібін бастыра, қиғаш бағытта тігіледі.

Айқас тігіс. Кестенің ең көп тараған түрі. Бұл тігілуі қарапайым әрі әдемі кесте. Айқас тігіс кестесін селдір матаға түсіруге болады. Оның размері кестелейтін жіптің жуан-жіңішкелігіне, матаның қалыңдығына байланысты. Кестелеу барысында үстіңгі негізгі тігістің бір бағытта түсіп отыруын бақылау керек. Бұл кестені бір түсті және көп түсті жіптермен кестелеуге болады. Бір түсті жіппен кестелеген кезде көбінесе басқа түсті жіппен жиектеліп отырады. Бұл кестені үш түрлі тәсілмен тігуге болады. 1-тәсіл – матаның теріс жағынан тік тігіс түсіру. Бірқатарды солдан оңға қарай жартылай айқастырып тігіп шығу керек. Осы істегеніңізді кері бағытта қайталаймыз. 2-тәсіл – матаның теріс жағынан көлденең тігіс түсіреміз. Оңнан солға қарай тұтас айқас тігіс тігіп шығамыз. Сосын теріс жағынан инені сол жаққа қарай өткізіп, араға бір бүтін айқас тігіс қалдырады да, инені оң жақ бетіне шаншып шығарады. 3-тәсіл – көлбеу айқас тігісі. Кестелеудің төменнен жоғарыға қарай бастау керек.

Жартыкеш айқас тігіс. Бұл кестенің екі жарты тігісі болады, яғни астыңғы және үстіңгі тігістер жіпті үзбей отырып тігіледі. Түзу және қиғаш болып түсетін кестенің бұл түрі қарапайым, әдемі өрнек түзеді. Кесте 2 жүріспен тігіледі. 1-жүріс – инені алға салуң әдісімен сурет нұсқасының бойымен тігіп шығарылады; 2-жүріс – алғашқы жүрісте ашық қалған жерлерді қамти отырып, инені алға салуң әдісімен кері бағытта тағы да жүріп шығу. Түзу тігістердің ұзындығы барлық жерде де бірдей болу керек және тігістердің арасында ашық жер қалмауы тиіс.

Санап тігілетін кесте. Бұл кестені матаның жібін санап отыру арқылы тігеді. Кесте төгілетін мата селдір болуы керек. Кестелейтін жіптің жуандау болуы керек, ашық жер қалмай, жиі тігіледі. Тігістің тік, көлденең және қиғаш болып әр түрлі түсуі мүмкін. Тік түскен тігістің саны мен биіктігінің алмасып келуі ирек-ирек өрнек түсіреді, ал тік және көлденең тігістердің жымдаса түсуінен басқа бір өрнек туады. Кестелеуді солдан оңға қарай жүргізіледі. Инені шаманың оң жақ бетіне шығарып, жоғары қарай бір тігіс түсіреді. Енді матаның астына түскен инені алғаш шанышқан жермен деңгейлестіре, оң жаққа қарай әкелесіз де, жаңа тігіс түсіреміз.

Өткерме тігісті кесте. Кестенің бұл түріне мережкалар жатады. Мережка кергіште 40-50-60-80 нөмірлі арба-ағаш жіптермен солдан оңға қарай тігіледі. Мережка өз алдына жеке бір кесте болып қана қоймайды, сонымен бірге басқа кестелерді де толықтырып отырады. Мережканың алғашқы тігісін түсіру үшін инені келесі діңгектің жіптерінің арасынан өткізіп, мережканың 2-3 жіпті аттап материалға шаншу керек. Сосын кесте тігетін жіпті оңнан солға қарай ілмек етіп салып, мережканың 4 жібін іліп алады. Егер кестелейтін бұйымның шетін мережкамен әдептейтін болса, оны тегіс етіп қиып алу керек. Ол үшін матаның шетінен алғашқы тұтас жіпті суырып алу керек те, сосын ізімен матаны қосу қажет. Сосын тігістің енін анықтаймыз; егер оның ені 2 см болатын болса, онда мережканың жібін суыруды тігіске орын қалдыра отырып, шетінен 4,5 см аралықтан бастау керек. Салфетканы немесе дастарқанды кестелеген кезде 4 жағынан бір-бір жіптен суырып алады, ол үшін дастарқанның қарама-қарсы екі бұрышынан инені шаншып тесік жасайды да, тесіктің түскен жерінен арқаудың

бір жібін қиямыз. Қиылған жіпті еппен суырып, олардың қиылысатын келесі бұрышынан тағы қиямыз. Сосын матаның барлық төрт жағынан мережканың еніне байланысты тағы да 3-4 жіптің суырады. Кесте тігілетін жіптің жүрісі суреттерде көрсетілген. Қарапайым мережкаларға діңгектер нжучокң, нпанкаң және арқау өткізу арқылы жасалатын мережкалар жатады. Ұзынынан және көлденеңінен суырылған жіптердің қиылысқан жерінде пайда болған бос шаршыларға цормекшің өрнегін саламыз.

Діңгек мережкасы: матаның 3-4 жібін суырып алу керек. Кесте тігетін жіпті жібі суырылған жердің оң жақ бетіне шығарады да, осы жіппен матаның теріс жағынан тігінен жатқан 3-4 жіпті алу керек. Оларды оңнан солға бір орап алып, инені екінші тігіс түсіру үшін астынан үстіне қарай мережканың шетінен 2-3 жіп төмен шаншу керек.

Мережка нжучокң. Алдымен діңгек мережкасын жасап алады. Сосын жіппен мережканың ортасына 3 діңгекті қосып, белін буады. Ол былай жасалады: жіп 3 діңгектің астынан өтіп, қайтар жолында оларды орап алады. Келесі 3 діңгекті де осылайша орап, белінен буады.

Мережка нпанкаң. Жалпақ мережканың ортасына суырылмаған 3-4 жіп қалдыру керек. Жіп алғашқы тігіспен жаңағы суырылмай қалған жіптерді төменнен жоғары қарай, үстінен баса отырып, олардың астымен қиғаштап төмен түсіп, матаның оң жақ бетіне шығады да, алғашқы тігіс бастаған жерге қайта оралады, яғни көлденеңінен оңнан солға қарай қиғаштап төмен түсіру арқылы жоғарғы бөлігін тартады. Осы мережканың негізінде басқа да бір қатар, түрлері мережкаларды тігуге болады.

Мережка шпалетнякаң. цШанканың үстіңгі қатарын тігіп болып, астыңғы қатарын тігуге кірісеміз, бірмезгілде шпалетниканың жалған ілмегін де іле кетеміз. Ол үшін жіппен шпанканың 2 діңгегін жасайды да, жіпті сол жағына қарай 2 діңгекті ілмектен фон шпанканың үстіңгі қатарынан ілмек жасайды, сосын оң жақтағы екі діңгектен іліп алып, алғашқы жіп іліп алынған жерге қайта төмен түсеміз. Келесі ілмекті жасауға көшу үшін оңға қарай жылжи отырып, шпанканың жаңадан төрт діңгегін жасау керек, ол 4 және 5 діңгектердің арасынан жасалады.

Торлау арқылы жасалатын мережка. Алдымен діңгек мережкасын жасап аламыз. Сосын оңнан солға қарай діңгектерді жуан жіппен торлаймыз.

цӨрмекшің. Кесте тігетін жіпті шаршы бойымен қиғаштай тартып, сосын оны тігінен және көлденеңінен орап алу керек, соңғы жіпті ортасына дейін ғана ораймыз. Барлық тартылған жіптің қиылысқан жерінен түйін жасап отырамыз цормекшің, жіптің шеңбер бойымен жылжыған кезінде өрілуі арқылы пайда болады. Шеңберді айналып болған соң тартылған соңғы жіпті іліп алып, кері бұрылып, жіпті кері бағытта қайта өре бастайды. Осылайша бірнеше айналым жасаймыз. Соңғы айналымды жасап болған соң жіпті өрілмей қалған жанынан бекітіп, оны аяғына дейін өріп шығу керек. цӨрмекшің тігілген шаршының жиегін тығыз кестемен бекітеміз.

Торлау. Жолақ қабатты торлау деп тор көздері көлденеңінен және тігінен бір-бір тігіспен толтыруды айтамыз, осылайша толтырған кезде әрбір тор кезде

крест пайда болады. Қос қабатты торлау да дәл осы сияқты, бірақ әрбір тор көзге екі жіппен ұзынынан және көлденеңінен тігіс түсіріп отыруы керек. Әрбір тор кезде тігінен 2 және көлденеңінен 2 тігістен түсуі шарт. Паутинка-тор кезден өріліп отырған жіп осы тор кезде біресе жоғары қарай оңға, біресе төмен қарай солға, қозғала отырып, біз мезгілде жалған ілмек тастап кетіп отырамыз.

### 3.3 Кесте тігу технологиясы

**Кесте** – сәндік қол өнерінің бір түрі. Мата, тері, киіз және т.б. материалдар бетіне әр түрлі боялған жіптермен, жібек зерлермен сурет, өрнек салып тігу арқылы жасалады. Ежелден халық арасына кең тараған. Кестенің алғашқы үлгілерін Пазырық және Ноин-ұлан (б.з.б. 5ғ.) қорғандарынан табылған құрал-жабдықтардан (тұскиіз, тұскілем, киім-кешектер, жауынгерлердің сыртқы су қағарлары, шекпен, қамзол, желең) көруге болады. Кесте инемен, бізбен және кесте машинасымен тігіледі. Кейде Кестеге моншақ, інжу, маржан және т.б. асыл тастар тағылады. Кестені материалдың бетін түгел бастыра немесе гүл шоғырына ұқсатып та әшекейлейді. Бұйымды тұтастай бастыра әшекейлеу үшін шалыс, жатық, терме, жөрмеу тәсілін қолданады. Кестенің біз кесте, баспа жылтыр, тамбурлы кесте, албыр кесте (екі ізді), кенебе ине, т.б. түрлері белгілі. Біз кестенің шым кесте және әредік кесте деп аталатын екі түрі бар. Біз кесте дөңгелек немесе төрт бұрышты етіліп кергіш ағашқа керілген матаның бетіне түсірілген ою-өрнек бойынша қармақты бізбен өткермелеп шалу арқылы кестеленеді. *Шым кесте* – тігілетін матаның ашық жерін қалдырмай немесе ашық орынды өте аз қалдырып, тұтас кестелеген шымқай кесте. Әрәдік кестеде матаның әр жері әшекейленіп, бөлек-бөлек өрнек салынады. Шым кесте тұс киіз, сандыққап, мақпал шапан, орамалдың алақаны, жастық жапқыш, кежім, сәукеле, т.б. көптеген заттарға төгіледі немесе бөлек матаға төгіп қондырылады. Әрәдік кесте тақия, балақ, өңір, жаға, етекке және кең қоныш етіктердің бұрыш-бұрышы сияқты заттарға төгіледі немесе бөлек төгіп қондырылады. Геометриялқ кескінді бейнелейтін Кесте жіп санап тігілсе, ирек өрнектер, әр түрлі суреттер алдын ала жүргізілген ізді қуалай тігіледі.

Байқап қарасақ, біздің үй-тұрмысымызда тұтынатын бұйымдарымыз – сулық, майлық, қол сүлгі, терезе пердесі, жастық тыс, сейсеп, ақ жайма, жастық жапқыш, сәндік киімдерді, қабырғалық суреттерді т.б. көптеген бұйымдарды әсемдеуге болады екен (2 суретте).



Сурет – 2. Кесте түрлері

Кесте – қолданбалы өнер түрі. Қолданбалы өнер- көптеген елдердің шеберлерінің, суретшілерінің шығармашылық жемісі. Ол киімдерді, интерьерді әшекейлеу нәтижесінде кісінің көңіл күйін көтереді.

Кестенің алғашқы үлгілерін Пазырық қорғандарынан табылған құрал-жабдықтардан (түскиіз, түскілем, киім-кешектер, жауынгерлердің сыртқы су қаптары, шекпен, камзол) көруге болады.

Қазақ халқы киім үстіне кестені бізбен түсірген. Ол үшін ілмек сүйек біздер жасаған. Бұл үшін қойдың қарі жілігінің басындағы жіңішке бөлігі алынып, ол арнайы өңделетін болған. Әрине, қазір мұндай сүйек біздерді пайдаланудың еш қажеті жоқ. Оның орнына кестелерді тігін машиналары түсіре алады және ол сапалы болады.

Кесте ежелден қазақ қыздарына қойылатын талаптардың бірі болған. Қыз атаулы кесте тігуді білетін болған. Халық арасында көп айтылатын «Ұйқышылдың жағасы жоқ, жеңгесінің кесте тігеді» деген мақалдар содан қалған. «Кестелі орамал» деген ән де бар.

Кесте керемет өнер болғаны соншалық, қазақтар бір кездері алтын жіптермен кесте тіккен. Оны атамыз зер тігу деген. Зерленген көйлек, камзол, шапан өте бағалы болған. Оны хандар, асқан байлар, билер киген. Қазақ әйелдері де ертеден бүгінгі күнге дейін мүмкіндігінше пайдаланатын заттарын кестемен сәндеуге тырысады. Жиі қолданатын кесте түрлері- баспа кесте, айқыра кесте, біз кесте, тамбур кесте, маржандау, түкті кесте және т.б.

Қазақ халқы қыздарын 4-5 жастан бастап кесте тігуге үйреткен екен. Үй тұрмысындағы қажетті бұйымдар: дастарқан, терезе пердесі, қол орамалдар, жастық тыстары, түрлі көлемдегі үлкенді - кішілі стол жапқыштар барлығы кестеленген. Олар 15-16 жасқа келгенде тұрмысқа шығар заттарды кестелеп, дайындап қоятын болған. Әлемнің әр елінде ерлер де, әйелдер де айналысқан, кесте тігудің алуан әдісі бар. Айшықты кесте – ежелгі қолөнер түрінің бірі. Кестелеу – киімнің ең негізгі танымал, сәнді бөлігі. Кестені үлкен 2 топқа бөледі: еркін және санап кестелеу (3 суретте).

Еркін кестелеуге: бір жақты шым кесте, атласты кесте, көркем кесте, түйіндеу, рококо, сабақты, тамбурлы т.б. жатады.

Санап кестелеу: жай кесте, күрделі кесте, гобеленді кесте т.б.



Сурет – 3. Кесте түрлері

«Ришелье»- сөзінің аудармасы «кесіп, оямын» немесе «ойылған» деген мағына береді. Кестенің орындалуы да осы өзінің аталуы негізінде жүзеге асады. Материалдарды тесу немесе ою үшін *біз* қажет болады. Бізді темірден, ағаштан жасап алуға немесе акация ағашының тікенегін пайдалануға да болады.

Сонымен бірге ришелье кестесі арқылы бет орамалдар мен киімді сәндеу де қолданумызға болады. Сурет нұсқасын "инені алға қарай ұмтылдыру" әдісімен бір немесе бірнеше рет жүргізіледі. Ришельені геометриялық фигуралар және басқа да өрнек түрлерін кестелеуде қолдануға болады. Атап айтқанда: дөңгелек-шар, жапырық, гүл шоқтарының ортасы, күлтелері т.б. (4 суретте).



Сурет - 4. Ришелье кестесі

Ришельені 2 тәсілмен орындауға болады:

1-тәсілі. Алдымен ойылатын немесе тесілетін өрнектің шеткі контурларына тігістік кесте жүргізіліп алынады, сосын қажетті тесу, қию процесі орындалады. Осы ойықтар тігістік кестесімен қосае тығыз кесте арқылы тоқылады. Сонда өрнек өз формасын сақтай алады.

2-тәсіл. Алдымен тесу және қию процесі орындалады, сосын ол тігістік кесте арқылы айналдыра тігіледі. Содан кейін тығыз кестемен тоқылады. Бұл тәсілде өрнектің формасында аз да болса ауытқулар, өзгерістер сезіледі. Ришелье кестесі бридпен және бридсіз орындалады.




Сурет - 5. Көркем кесте түрлері

Ришелье техникасымен тігін бұйымдарының негізін, сәндік бөліктері мен жұқа материалдан — батист, креп-жоржет, шифон, т.б. маталардан әзірлеген киімдерді сәндеуге болады. Бөліктердің айқасқан шеттерін өрнек контурының шыңқайтын ұзын тігістермен бекітеді. Өрнектің шеттері бекітілген соң олардың контуры бойынша тығыз кестелеу орындалады (5 суретте). Ришелье кестесін ирек тігісті тігін машиналарда орындау кезінде, кергіштердің қозғалысы есепке алынбайды. Ал, ол машинада тығыз кестені орындау үшін ирек тігісінің енін реттегішін, кесте орындалатын аумаққа қойып, кергіштегі сурет контуры бойынша қозғалта отырып жүргізу керек. Тігіс, сурет сызығына перпендикуляр бағытта орналасуы тиіс. Егер машинаның ирек тігісі құрылғысының мүмкіндіктерінен де үлкендеу тығыз кесте орындалатын болса, онда кергішті жай ғана солдан оңға қараған бағытта жылжытып отыру қажет.



Сурет – 6. Мережка кесте түрлері

Мережка кестесі мата жіптерінің ұзындығы мен енінен суырылып алынған, бос селдіреген жіптерге орындалады. Бұл кестенің басқаларға қарағанда ерекшелігі де осыда. Сондықтан кестенің бұл түріне тек қана полотноша тоқылған тоқыма маталары қолданылады. Суыру процесін бұйымның орта тұсына түсіру қиындау болғандықтан да, оларды көбінесе асханалық қол сүрткіштерде, қол орамалшаларда, мойын орауыштарда, дастархандарда т.б. бұйымдардың жиектерінде, кей жағдайларда киімнің бір бөлшегінде де орындайды. Мережкалардың орындалу техникасы: матаның шет тұсынан белгілі бір арақашықтықта бойы жағынан 0,5-0,6 см түсетін кестенің орналасатын жіптер суырылады. Дайын болған мата кергішке керіледі. Мұнда матаның селдіреген бос жіптерінің әр бағытқа ауытқып кетпеуін шебер керу барысында ескеруі қажет. (6 суретте).

Кесте және көркемдеп тігу ою-өрнекті әшекейлеудің ертеден келе жатқан элементтерінің басты түрі. Кестені бізбен және жай инемен әшекейлеп тігу барлық халықтарға да ортақ өнер. Кесте өнері нағыз халықтық, алуан әдісті, таңдауы көп өнер. Кесте өнерінің қазақ халқына тән байырғы көне түрлері: біз кесте, айқас тігу, айқыш-үйқыш тігу, басып тігу, қайып тігу. Біз кестенің шым кесте және әредік кесте деп аталатын екі түрі бар (7 суретте).





Сурет – 7. Кесте түрлері

**Біз кесте** дөңгелек немесе төрт бұрышты етіліп кергіш ағашқа керілген материалдың бетіне түсірілген ою-өрнек бойынша қарамақты бізбен өткермелеп шалу арқылы кестеленеді.

**Шым кесте** деп тігілетін материалдың ашық жерін қалдырмай немесе ашық орынды өте аз қалдырып, тұтас кестелеген шымқай кестені айтады.

**Әредік кестеде** материалдың әр жері өшекейленіп, бөлек-бөлек өрнек салынады. Шым кесте, тұс киіз сандыққап, мақпал шапан, орамалдың алақаны, жастық жапқыш, кежім, сәукеле сияқты басқа да көптеген заттарға төгіледі немесе бөлек материалға төгіп қондырылады. Әредік кесте тақия, балақ, өңір, жаға, етекке және кең қоныш етіктердің бұрыш-бұрышы, перделердің шеттері сияқты заттарға төгіледі немесе бөлек төгіп қондырады.

**Айқас (крестеп) тігу** де инемен тігілетін кестенің ең көп тараған түрі. Мұнда өрнек ізімен біркелкі төрт бұрышты етіп, бір жіптің үстінен екінші жіпті крест түрінде айқастыра бастырып отырады. Бұл қазір кесте тігудің ең қолайлы түрі деп танылып жүр.

**Тесіп торлап тігуде** өрнектелетін материалды өрнек мәнеріне қарай тесіп алады да, оны торлай және ортасын кереге көздеп, санап отырып шалу арқылы

түрлі өрнек салады. Тесік аралығын кереге көздеу әдісінде кестенің тесік аралығындағы жіптерін өрмелеп шалып тоқу түрі де қолданылады. Мұндай тесіп, торлап өрнектеу әдісімен көбінесе жастық тысының беті, жастық жапқыштар, төсек жапқыштар әйелдердің іш көйлектерінің кеудесі, етегі, гүл қойғыш төсеніштер, дастарқандар мен диван жапқыштар, үйдің қабырғасына көріп қоятын маталар кестеленеді.

Кестені **бедерлеп тіккенде** кестеленген материалда әр түрлі ою-өрнек, мәнерлі бұдырлар өрнектеледі. Мұндай тігу түрін орындағанда әуелі үлгі бойынша сызылып алынған өрнектердің үстіне мақта, мата қиындылары, қағаз, картон салынып, кестенің жіптерін, сол заттарды бастыра шалып тігеді. Соның нәтижесінде матаның бетіндегі өрнектер бұдырланып бедерленеді. Бедерлеп тігу әдісіне де өрнектің мәнері мен шебердің шешіміне қарай бірнеше түсті жіптер қолданылады. Бедерлеп тіккен кестені көп жуа беруге болмайды (8 суретте).

Кестелеп тігу ісіндегі әдемілік пен көрнектілік жағынан ерекше көзге түсетін түрлерінің бірі **көпіртіп тігу**. Көпіртіп тігу кестесі де әзірленген өрнек үлгісінің ізімен тігіледі. Мұнда материалдың үстіңгі бетіне бүлдіргеленген жіп селеулері қалдырылып отырады. Кестенің жібі бірнеше түсті болуы мүмкін. Көпіртіп тігу әдісімен алма, жүзім, бүлдірген, қарақат, қауын-қарбыз түйнектері сияқты түрлі жемістерді салуға болады. Көпіртіп кестеленген бұйымдар жуыла да өтектеле де береді, бірақ өтектен шыққан соң оларды тағы, жіпін бүртіктерін тірілту керек.



Сурет – 8. Кесте тігу ерекшеліктері

**Кестені түктеп тіккенде** біздің шалынған жіптің үстіңгі жағында (оң бетінде) кейде 1, кейде 2 сантиметрдей бүлдірге қалып отырады. Шебер кестені тігіп болғаннан кейін әлгі қалған бүлдіргілерді тегістеп қырқады. Жиі шалынып, қалың түсірілген бүлдірге жіптері қырқылып тегістелген соң, нағыз кілемнің түгі сияқты түрлі түсті болып құлпырып тұрады (түкті кілем). Кейде бүлдіргілердің астына ширатқан жуан жіпті ширатқан шүберекті, жұмсақ металл шыбықтарын мүйіздеп, ою өрнегіне келтіріп салып тігеді де, тігіп болған әлгі тігіс астына салынған заттарды үстінен тілін алып тастайды. Мұндай әдіспен түктеп тігілген өрнектер мінсіз және түгінің биіктігі біркелкі шығады.

**Алтындап, күмістеп тігу** сән-салтанат бұйымдарына тән. Бұл үшін көбінесе барқыт, плюш, атлас, қырмызы сияқты бағалы материалдар пайдаланылады. Мұндай тігістерге, әсіресе, өзіне арналып жасалған алтын және

күміс жіптер қолданылады. Кейде алтын, күміс түстес жіңішке жиек саулары (зер) пайдаланылады. Бағалы затты ысырапсыз пайдалану үшін оның өрнегі мен тігіс жіптерін санап білу керек. Өйткені бұл жұмыс өзге тігістерден гөрі ауыр келеді. Алтындап тігуге көбінесе бедерлі, бедерсіз басып тігу әдісін қолданады. Алтындап тігу кестесіне маржандап тігуді де аралас жүргізеді. Мысалы, қыздардың қамзолдарының омыраулары, өңірлері және тағы да сол сияқтылар осылай тігіледі. Алтын кестелі тон, шапан, айыр қалпақ, кемер белбеу, сал шалбар, сәукеле әдемілік әшекейінің ең асылы және бағалысы болып есептеледі.

**Кесте – 4. Кестелеу технологиясы**

**Кестелеу технологиясы**

| к/с | Кезеңдері | Мазмұны |
|---|---|---|
| | Мата дайындау | 1.Жуылған, үтіктелген матаның кесегін тегістеу. Бұл үшін матаның шеткі жібін суырып алып, бұйымның ені мен ұзындығын белгілеу. Кестені бұйымның ортасына немесе бір бұрышына орналастыру |
| | Суретті белгілеу | Белгілеу әдістері:<br>- матаны төрт қабаттап, бүктеп, үтікпен бүкпесін белгілейміз;<br>- «инені алға қарай» шаншып отырып, өзекті сызықтарды жүргіземіз.<br>- өзекті сызықтарды сызғыш бойынша қаламмен белгілейміз. |
| | Суретті матаға көшіреміз | 1. –мата<br>2. – көшіргіш қағаз<br>3. – сурет. |
| | Бұйымды кергішке керу | Мата негізі мен арқауының бағыты бойынша керіледі. |
| | Жұмыс жібін матаға түйінсіз бекіту. | |
| | Кестеленген бұйымның күтімі | 1. Оларды суға салып қоюға қайнату болмайды.<br>2. Жылы суда жуу керек.<br>3. Жуғаннан кейін сығып, 5-6 минут түкті орамалға орап қою керек.<br>4. Дымқыл күйінде астар жағынан үтіктеу керек. |

### 3.4 Кестелеуде қолданылатын құрал – жабдықтар

Мұнда *қайталау* және *жаттығу,* көрнекілік әдістері көбірек байқалады. Себебі кестелеуге қолданылатын құрал-жабдықтар жоғары сыныпта өтілетін

тақырыптарда беріліп отырылады. Тек мұндағы ерекшелік құрал-жабдықтардың заман талабына са өзгеріліп отыруына байланысты болады.

*Оқыту формасы* – ұжымдық. Кестелеуге қолданылатын құрал-жабдықтар терминдері мен ұғымдарын да қайталап отырады. Кестелеуге қолданылатын құрал-жабдықтарды пайдалану кезінде қауіпсіздік еңбек ету ережелерін де ескереді. Ол қабырғада ілініп тұруы тиіс.

*Сабақтың түрі-практикалық.* Мұғалім кіріспе, ағымдағы, қорытынды нұсқаулар арқылы жұмыс жасайды. Практикалық белгілер қарапайым ағымда болады.

*Кіріспе нұсқау.* Тігін машинасына кестелеу жұмыстарына кергіш, қайшы, мата, тігін машинасы, үлгі, түрлі жіптер қажет. Осылардың әрқайсысының қолданылу орны бар.

**Кергіш** - дөңгелек, төртбұрышты, тіреулі немесе тіреусіз, ағаштан, пластмассадан, резеңкеден, металдан жасалған, винтті, винтсіз, әр түрлі мөлшерде болады.

**Қайшылар** – кішкентай қайшы үшкір ұшты, жіпті кию үшін орташа қайшы мата мен жіп орамын кию үшін.

**Инелер** – мата қалыңдығы мен жіптің жуандығына қарап таңдалады, үлкен көзді, ұшы өткір емес.

**Жіптер** – мулине, ирис, жүннен иірілген, жібек, синтетикалық т.б. жіптер бояуы қанық болуы қажет. Оны ыстық суға салып тексереді. Суға немесе матаға бояуы шықпайтын жіп қолданылады.

**Үтік** – бұйымды бастар алдында және жұмыс соңында үтіктеу үшін керек.

**Калька** – бұл мөлдір ақ қағаз. Калька түшүске суреттің көшірмесін жасау үшін керек. Ал калькадан суретті матаға көшіру үшін көшіргіш қағаз (копировальная бумага) керек. Кестелеуге арналған материалдың бірі канва, ол өрнекті немесе өрнексіз болады. Пластикті және винилді канва қолданылады. Жапсырмалы канва мықты бұйымдарда (футболка, сумка, шалбар және т.б.) қолданылады.

**Маталар** – шағыр матаны қалың жіппен тігіледі. Көбіне айқас тігіс тігіледі, негізі мата мықты, жұмсақ, шым кесте, торлы кесте (ришелье), айқас және контурлы кесте тігуге қолданылады (9 суретте).

Сурет 9. Кестелеуге қажетті құрал-жабдықтар




*Тігін машиналары* - тұрмыстық, өндірістік және арнайы болып бөлінеді. Кестелеуге тұрмыстық тігін машиналары тиімді келеді. Олардың қолмен, аяқпен және электр жетектелуші түрлері болады. Бұлардың қайсысымен болса

да, кестелеу жұмыстары орындала береді. Соның ішінде, біздер арнайы кесте тігетін тігін машиналарында орындалатын кесте түрлеріне тоқталамыз (15,16,17,18 суретте).

Сурет – 15. Кесте тігуге арналған тігін машиналары









Сурет – 16 Декоративті жіппен кестелеу

Сурет – 17, 18 Көпфункционалды кесте тігу машинасы

**Тігін машинасымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері**

1. Жұмыс орнын ретке келтіру.
2. Шашты жинап, жеңді қайыру.
3. Машинада тіке, орындыққа толық жайғасып, денені жай ғана еңкейтіп, басты алға қарай иіп отыру керек.
4. Жарық жұмыс орнына сол жақтан немесе алдынан түсуі керек.
5. Тігін машинасын тікелей мұғалімнің жетекшілігімен іске қосу.
6. Машина мен жұмыс орындаушының ара қашықтығы 20 - 30 см
7. Аяқтар толығымен еденде немесе аяқ қойғышта (подставка) орнығуы керек.
8. Машина үстінде артық заттар жатпау қажет.
9. Машина тігісін бастарда бұйымда түйреуіштер немесе инелер болмауы тиіс.
10. Жұмыс бастамай тұрып орналасуын тексеру (табанды реттегіш бұранда жақсы ұстап тұр ма, ине тесігіне тура келе ме).
11. Матаны қойып, табанды түсірмей тігін машинасын жүргізуге болмайды.
12. Тігістерді ауыстырғанда инені жоғары көтеріп қою.

*Ағымдағы нұсқау* - кіріспе нұсқаудан соң еңбек жаттығуларын орындауда жиі жіберілетін қателіктерді болдырмауға бағытталады. Ол әрбір оқушымен

жеке өткізіледі. Ағымдағы нұсқау кезінде мұғалімнің оқушының жұмыс орындарын аралап, тексеріп мынадай нәтижелерге назар аударуы тиіс:
- жұмыс орнының дұрыс ұйымдастырылуы;
- еңбек қызметін, тәсілдерін дұрыс атқару;
- бақылау-өлшеу аспаптары мен құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану;
- техникалық құжаттарды пайдаланы білу;
- техника қауіпсіздігі ережелерін және өндірістік санитария және гигена нормаларын сақтау.

*Қорытынды нұсқау*- мұғалімнің жұмысты атқару кезінде істің сапасы, дұрыс орындалуы және қателіктердің жалпы сипаттамасы қорытындыланады. Ол сабақтың соңында не тиісті оқу бағдарламасы не тараулар аяқталған соң оқушылармен белсенді әңгіме түрінде жүргізіледі.

*Жазбаша нұсқау*- өндірістік оқыту үрдісінде дидактикалық құндылыққа ие. Өйткені ол ақпараттық мәліметтерді біріктіреді; сөздік, графикалық-сызбалы, мәтінге бақылау сұрақтарын енгізу, кесте толтыру т.б.

**Сабақ 5. Ою - өрнекті машинамен кестелеп тігу**

*Практикалық және көрнекілік әдістері* жүзеге асады. Мұғалім ою - өрнекті машинамен кестелеп тігуді *практикалық іс-әрекет* барысында *түсіндіріп* айтып, кейбір тұстарын еске түсіреді. Машинамен кестелеп тігуді іс - әрекеттері біріне, ағымдағы және қорытынды нұсқаулар арқылы көрсетеді, түсіндіреді[10].
Кестелеу барысында машина тігістерінің түрлеріне мәлімет береді.

*Оқыту формасы - ұжымдық және жеке-дара.* Оқушыларға мазмұны жағынан бірдей тапсырма берілгенімен, олар жеке - жеке жұмыс жасайды.

*Сабақтың түрі - практикалық және жаттығу.*
[illegible] жүзеге асады.

Машинамен ою - өрнекті кестелеуден алған тәрбиелік жағын түсіндіреді.

Кесте және көркемдеп тігу ою-өрнекті әшекейлеудің ертеден келе жатқан элементтерінің басты түрі. Кестені бізбен және жай инемен әшекейлеп тігу барлық халықтарға да ортақ өнер. Қазақ халқының дәстүрінде киім-кешек пен төсек-орын жабдықтары, қалыңдық пен күйеудің, батырлар мен сауыққойлардың (салдардың) бас киімі, белбеуі, киімнің жең-жағалары мен балақтары әр түрлі жамылғыштар мен кежімдер және басқа да осы сияқты жол-жорық, үй ішi мүліктері кесте өрнегімен жиі безендірілетін. Халық салтында мұндай өрнектеудің көпбіреулері күні бүгінге дейін сақталып келеді. Оның себебі әдемі үйлесімді кесте ою-өрнегінің барлық түріне бірдей қолдануға тиімді. Міне, осы сияқты бізбен, машинамен және инемен көркемдеп тігілген кестені әшекейлеп кестелеу (художественная вышивка) деп атайды. Өнер қазынасының сарқылмас мұхиты халық "адам өнерімен әсем, аң жүнімен әсем" деп келіп, "кестені көңіл сызады, қол тігеді, көз сынайды" деп қорытқан. Кесте өнері осы айтылғандай нағыз халықтық, алуан әдісті, таңдауы көп өнер. Кесте өнерінің қазақ халқына тән байырғы көне түрлері: біз кесте, айқас тігу, айқыш-ұйқыш тігу, басып тігу, қайып тігу. Біз кестенің шым кесте және әредік кесте деп аталатын екі түрі бар.

Біз кесте дөңгелек немесе төрт бұрышты етіліп кергіш ағашқа керілген материалдың бетіне түсірілген ою-өрнек бойынша қармақты бізбен өткермелеп шалу арқылы кестеленеді.

Мұғалім тігін машинасында орындалатын кестелеуден алдын жалпылама кесте түрлеріне шолу жасайды.

Тігін машинасында кестелеу жұмыстары тігін ісінде күрделі үдеріс болып саналатындықтан жұмысшыдан аса шеберлікті талап етеді. Мұнда кергішке керілген мата автоматты түрде емес қолдың көмегі арқылы қозғалысқа келтіріледі. Қозғалыс бірқалыпты орындалмаса, кесте тігісі сапасыздыққа әкеп соғады. Сол себептен де, оны орындаушы немесе үйренуші кестенің әрбір қозғаысын, көзін тайдырмай бақылап отыруы қажет.



Сурет - 29. Дастарханды көркемдеп кестелеу

Тігін машинасында орындалатын кестелерін киімнің және тұрмыстық бұйымдарды сәндеу барысында қолдануға болады. Ол қол кестесіне қарғанда сәнді, тартымды көрінеді (29 суретте).

Кестелерді бір және бірнеше түсті жіптермен үйлестіріп орналастыруға да болады. Мұндай процесте орындалған кестелерді *көркем кесте* деп атауға болады. Тек ескеретін жайт, түстердің үйлесімділігі суретшінің көз қарасындай болуы тиіс, яғни мұнда түстердің бір-біріне сатылап өтуі ескеріледі. Композициялық үйлесіділікпен орындалған кесте жұмыстары тігін және тұтыну бұйымдарына ерекше сән береді. Бұйымның құнын өсіреді.

Кесте және көркемдеп тігу ою-өрнекті әшекейлеудің ертеден келе жатқан элементтерінің басты түрі.

Кестені бізбен және жай инемен әшекейлеп тігу барлық халықтарға да ортақ өнер. Қазақ халқының дәстүрінде киім-кешек пен төсек-орын жабдықтарын, қалыңдық пен күйеудің, батырлар мен сауыққойлардың бас киімі, белбеуі,

киімнің жең-жағалары мен балақтары әр түрлі жамылғыштар мен кежімдер және басқа да осы сияқты жол-жорық, үй іші мүліктері кесте өрнегімен жиі безендірілетін. Халық салтында мұндай өрнектеудің кейбіреулері күні бүгінге дейін сақталып келеді. Оның себебі әдемі ұнасымды кесте ою-өрнегінің барлық түріне бірдей қолдануға тиімді. Міне, осы сияқты бізбен, машинамеи және инемен көркемдеп тігілген кестені әшекейлеп кестелеу деп атайды.

Көркем кесте - өте мұқияттылықты қажет ететін кестелердің бір түрі. Бұл кестені шығармашылықпен беріліп жасау арқылы түрлі-түсті жіптер көмегімен табиғи жаратылған секілді гүл шоқтарын т.б. өрнектерді бейнелеуге болады.Көркем кестелеу барысында қажетті түстер дұрыс таңдап алынбаса, онда оларды орындау барысында бір қатар қиыншылықтар кездеседі.

Сол себептен алдымен кестелеуге қажетті маталарды, түрлі - түсті жіптерді және өрнектерінің нұсқаларын, қажетті құрал-саймандары мен бейімдеу құралдарын, жабдықтарын сайлап алған жөн. Сонымен қатар, кестенің көркемдік жағын нақтылай түсетін композициялық заңдылықтарын білу қажет.

Кестелеу барысында бұйым мен кестенің түстік үйлесімділігіне көп көңіл бөлінеді. Жалпы спектр түстері жылы және салқын деп бөлінеді. Жылы түстерге қызыл, қызғылт, қызыл-сары түстер мен қоңыр түстер саналса, салқын түстерге - көк, көкшіл жасыл, жасыл-сары түстерді жатқызады

Әрбір іс бұйымының өзіндік композициялық заңдылықтары мен ережелерін басшылыққа ала отырып, оларды кестелеуге ісіне орынды пайдалану қажет. Композиция ережелері қазіргі кезде өндіріс орындарында және тігін өнер ательесінде түрлі бұйымдарды сәндеу барысында да кездеседі. Сондықтан оларды кесте ісінде қолдану қажет болып табылады. Ол үшін алдымен ол туралы қысқаша мәлімет бере кетейік:

Композицияның негізгі ережелері мен заңдылықтары мынадай:
Композициядағы барлық құралдар бұйымның қолданылуына сай келіп, оны айқындай түсуі керек. Композициядағы барлық элементтері мен бөліктері бір-біріне мағыналас, өлшемдес болуы қажет.

Міндетті түрде композициялық орталық болуы қажет. Композициядағы барлық құралдар, өрнектердің қолданылуына сай келіп, оны айқындай түсуі керек. Бірінші ереже, кестенің бұйымда қолданылуына байланысты үйлесімділігі.

Екінші ереже кестенің бұйымның қолданылу формасы мен материалынан сай келуі. Кесте формасы бұйымның қолданылу мақсатына сай келуі.

Үшінші ереже - бұйымның қолданылу формасына матасы мен сәндеу элементтерінің үйлесімді келуі. Кестені комозициялауда кез-келген сәндеу элементтерін қолданғанда қажеттілік ролін айқындау қажет.

*Композициялық орталық*-дегеніміз-геометриялық орталық "орталық нүктесі". Дұрысына келгенде оны *назар аудару* орталығы десеболады. Бұл бұйымның көзге түсетін элементтері. Композицияның тұтас болуы ойды толық жеткізуге

әсер етеді, әрі оңай қабылданады. Құрақтың бөліктері, аумағы, пішіні, түсі сәйкес болып, әрине адаммен бәсекеге түспеуі қажет.

Кестелеу барысында бұйым мен кестенің түстік үйлесімділігіне көп көңіл бөлінеді. Жалпы спектр түстері жылы және салқын деп бөлінеді. Жылы түстерге-қызыл, қызғылт, қызыл-сары түстер мен қоңыр түстер саналса, салқын түстерге- көк, көкшіл жасыл, жасыл-сары түстерді жатқызады.

Осы негіздерге сүйене отырып, көркем кестелерді бірнеше тәсілде орындауға болады. солардың әр қайсысына тоқталып өтейік:

*Әшекейлі тігісті көркем кесте.* Бұл кестені тігу үшін кестелеуге қолданып отырған жіпті бірнеше еселеп қабаттап алып, өрнектің (суреттің) кез-келген бір нүктесіне бекітіп, оны қиғаштай отырып контур бойымен түзу тігіс тіккен тәрізді кестелеуге болады. Бірақ күрделі геометриялық өрнектерді түсірген кезде алғашқы түсірілген тігістің үстінен бастыра екінші қайтара кестелеуге болады. Жіптің ортасынан бекітілетін нүктені де қайталап бекітіп отыру қажет



Сурет - 30. Әшекейлі тігісті көркем кесте

Көркем - сәнді тығыз көркем кестелер бірнеше түрде орындала береді. Бұл кестені орындау барысында ерекшелік сол, кестелеу кезінде машинаның астыңғы жібіне тігін жібін сабақтауға болады. Ол үстіңгісіне қарағанда тартылыңқырап төгіледі. Тігіс көркем де, сәнді болуы үшін, үстіңгі жіп босандау болғаны абзал. Сол себептен де, үстіңгісіне әдетте түрлі-түсті жіп, ал шөрнегіне нөмері 80 тігін жібі сабақталады (30 суретте).

*Қосымша тігіссіз көркем тығыз кесте.* Кергішке қатты керілген матаға өрнек нұсқасы түсіріледі. Осы түсірілген өрнек сызықтарына түзу тігіссіз, бірден тығыз кесте техникасымен кесте жұмысын бастауға болады. Мұндағы ерекшелік тігіс арасы өте тығыз орналасады. Әйтпесе, кесте тез сетінеп кетуі мүмкін. 9-сурет Машинамен кестелеу

*Қосымша тігісті көркем тығыз кесте.* Мұнда, сурет нұсқасының үстінен алдымен тігіс жүргізіледі. Ол тігіс кестелеуге қосымшаланған болып саналады. Осы қосымша тігістің үстінен тығыз кесте техникасымен кестелеу басталады. Ерекшелігі сол, бұл кестенің көлемі алдыңғыға қарағанда биіктеу (дөңестеу) болып түседі. Ол қосымша тігістің тығыздығына байланысты болады.



Сурет - 31. Әшекейлі тігісті көркем кесте

*Атлас тігісті көркем кесте.* Түрлі-түсті көркем кесте әдетте диванның жастықтарын, перделерді, дастархандарды, яғни тұрмыстық тұтыну бұйымдарын әшекейлеуде қолданылады. Сурет нұсқасы түсірілгеннен кейін, өрнектің сол жақ бұрышынан оңға қарай қиғашынан тігіс /ұзындығы 5-7 мм/ жүргізіледі. Ал, кері қарай орындау алғашқы жүргізілген тігістің үстінен бастыра жүргізіледі (31 суретте).

*Көркем кесте* - өте мұқияттылықты қажет ететін кестлердің бір түрі. Бұл кестені шитальмен беріліп жасаған арқылы түрлі – түсті жіптер көмегімен табиғи жаратылған секілді гүл шоқтарын т.б. өрнектерді бейнелеуге боллады. Дипломдық жұмысымда ұсынылып отырған ұлттық киімнің бір түрі қалыңдық киімін көркем тығыз кестемен кестелеу түрлерін ұсынып отырмыз Төменгі суретте машинамен кестелеудің технологиялық картасын ұсынып отырмыз.

*Тығыз кестелеу.* Тығыз кестелеу - өзінің аталуына сәйкес орындалады. Бұл қол кестесінің шым кесте түріне ұқсас келеді. Шым кесте-деп тігілетін материалдың ашық орнын аз шамада қалдырып, тұтас кестеленетін шымқай кестені атайды. Бұл кесте түрі көбінесе орамал, жастық, шапан, блузка, көйлек бөліктерін сәндеуде қолданылады.

Кестенің бұл техникасымен әрлік кесте түрін шығаруға болады. Мұнда материалдың әр жері әшекейленіп, бөлек-бөлек өрнек салынады.

Тығыз кесте техникасымен *ақ кесте* түрін орындауға болады. Ақ кесте - деп аталуының себебі сол, ақ материалға басқа түсті араластырмастан тек ақ жіппен орындалған кестені айтады.

Ақ кестені бедерлеп тіккенде кестеленген материалда әр түрлі ою-өрнек, мәнерлі бұдырлар да өрнектеледі. Мұндай кестелеуді орындағанда әуелі үлгі бойынша сызылып алынған өрнектердің үстіне мақта, мата қиындылары, қағаз, картон салынып, кестенің жіптерін, сол заттарды бастыра шалып тігеді. Соның нәтижесінде матаның бетіндегі өрнектер бұдырланып бедеseveralенді. Бедерлеп тігу әдісіне де өрнектің мәнері мен шебердің шешіміне қарай бірнеше түсті жіптерді қолдануға болады. Бедерлеп тіккен кестені көп жуа беруге болмайды. Сондықтан да, оларды тазалауды, жууды аз қажет ететін бұйымдарда қолданады. Кестелеп тігу ісіндегі әдемілік пен көркемділік жағынан ерекше көзге түсетін түрлерінің бірі - *маржандап кестелеу* болып саналады. Кейде оны биязы кестелер деп атайды.

## 4. Сәндік қолданбалы өнер саласындағы құрақ құрау өнері

### 4.1 Құрақ өнерінің пайда болуы, дамуы, қалыптасуы

Құрақ дегеніміз шығынсыз өнім жасаудың бір түрі. Негізінен құрақтың 200-ден аса түрі бар. Құрақ құрау үшін әр түрлі маталардың қалдығын пайдаланамыз. Құрақтың бүгінде қолданылып жүрген мынадай түрлері бар: қайшы құрақ, тырна қатар, қаттама құрақ, таңдай құрақ, алма құрақ, сегіз жапырақ, мүйіз құрақ, тұмарша, жұлдыз құрақ т.б. Құрақ құрау техникасы екі бағытта дамып келеді:

1. Құрақ құрау (құрақ мозайкасы);
2. Жапсырмалау (аппликация). Құрақ құрауды үйренуде, түрлі геометриялық фигуралардың басын құрастыру, үшбұрыштың қабырғасы немесе төртбұрыштың табанының бір – біріне тең болуы , өлшемі арасындағы байланыстылық-ты қажет етсе, ал құрақ композициясын құрастыру мен түстерінің үйлесімділі-гін табу үшін бейнелеу өнерінен білімдері пайдаланылады. Адамның логикалық ойлауын қалыптастырудың бірден – бір құралы ретінде де құрақ құрау өнерін үйренуге болады.

АҚШ, Германия, Швеция сияқты елдердің мұражайларында құрақ жасау үлгісімен орындалған бұйымдардың коллекциялары бар. Мұндай қазақ халқының тұрмыс – тіршілігінен хабар беретін бірқатар бұйымдар Ә. Қастеев мұражайында да қойылған. Материалдардың түстер үйлесімділігін, геометриялық шешемін тауып орналастырып, қайталанбас колорит алуға болады. Құрақтардан жасалған заттар өзінің ерекшелігімен, түстерінің әр түрлі болуымен бізді өзіне ерекше тартады. Құрақ құрау технологиясы тұрмыс бұйымдарын дайындауда қолданылады. Құрақты қазақ халқы тек төсеніш ретінде ғана емес, сонымен бірге сәндік үшін жастық бетіне және тұрмысымызға көрік берер сәнді бұйымдар: қолдорба, керме, аяққап, сандық жапқыш, киімдер, сувенир немесе аксессуар ретінде –сәнді сөмке, кошелек т.б. жасауға пайдаланған.

Құрақ – Қазақстанның барлық облыстарына тән өнердің бір түрі. Қолөнер шеберлері құрақ тігісін – қарсы құрақ, шырша құрақ, шаршы құрақ деп үш түрге бөледі. «Қарсы құрақ» бір-біріне қарсы тігілсе, «шырша құрақ» шырша тәрізді бір-бірімен қиылыса отырып жалғасады. Ал «шаршы құрақ» төртбұрышты қиындылардың бірі екіншісіне жалғанады. Осылайша, мата түрін өзгерте отырып, түрлі өрнектерді өмірге әкелуге болады . Қазақ халқының қолөнері өзінің қайталанбас көркемдігімен, дәстүрлі әдісімен дараланып тұрады. Көнеден қалған бұйымдар өрнегі өзінің ерекшелігімен баурап алып, тарих қойнауына жетелейді. Шеберлердің қолдарынан шыққан бұйымдар күнделікті тіршілікпен қатар сол заманның қолөнер мәдениетінің баға жетпес үлгісі. Шеберлердің, ұсталардың, зергерлердің, кілемші мен тігіншілердің суретшілік қасиетімен бірге жетілдіру дарыны да қатар дамыған. Солардың арқасында түрлі үй мүліктері, жиһаздар жаңа түрге еніп, жетілдіріп, асыл дүниелерге айналып отырған. «Шеберді шілтерінен танисың», «Шебердің қолы ортақ» ,

деген ел ішіндегі сөздер бекер айтылмаса керек. Қас шеберлікке жету үшін дарын, білім, іскерлік пен шыдамдылық керек.

Ұлттық қолөнер туындыларын, салт – дәстүрімізді пайдалана білсек, өз халқының тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылығы арта түседі. Өнердің басқа түрлері секілді құрақ құрау да оқушылардың ой – өрісі білімдерін жан – жақты дамытуға әсері мол. Құрақ – Қазақстанның барлық облыстарына тән өнердің бір түрі.

Ежелден халық шеберлері геометрияны оқымаса да, түрлі геометриялық фигуралардан тұратын құрақты пайдаланып, тұрмыста сән құрай білді, бірақ оның тек сәнділігіне қарамастан тұрмыста мата бөліктерін іске асыру нәтижесінде материалдың үнемді де болғанын қалады.

Құрақты ақ, қара, көк сияқты негізгі түстердің үйлесімділігін таба отырып құрайды. Сабақ барысында құрақ құрауды үйрету геометрия, сызу, физика, бейнелеу өнері, биология, химия, тарих пәндерімен тығыз байланыста болады.

Ұлттың болашағы - ұрпақ тәрбиесімен» -деген халық педагогикасының негізгі мақсаты қазақ халқының халықтық сапалық даму дәрежесін көтеретін ұрпақ тәрбиелеу. Ата-баба мұрасы, өнер өнеге үлгілерінің қажеттісін бала бойына сіңіріп, қолымен істетіп, көзіне көрсете отырып іс-тәжірибе арқылы бойына қалыптастыру қажет. Бүгінгі өнер талантарына сәйкес білім беруді одан әрі жетілдіру, оқу тәрбие процесіндегі өрге басуға ұмтылдырылған, жаңа талпыныстарға, ғылыми шығармашылық ізденістердің жеміс берері сөзсіз. Қазақ халқының сәндік қолданбалы қол өнері - салт дәстүріміздің, тұрмыс тіршілігіміздің қажетін өтейтін көп салалы мәдени мұра.

Өзіндік көркем шығармашылықтың басты түрі болған қазақ қолөнерінің ежелгі халқымыздың тіршілік көзі болған. Қазақтың дәстүрі қолданбалы өнері тарихи негізделген мазмұнының әуезділігі және тереңдігімен, алуан түрлілігімен ерекшеленетін көркем құбылыс [26,124].

Қиықтан құрақ тігу атам заманнан бері тамыр жайып келе жатқан үрдіс және ұлттық өнердің барлық түрлерімен тығыз сабақтасқан. Түрлі жинау әдісі, матаны тігу, аппликация, сырып тігу, кептіріп тігу біздің әлемімізде бар барлық мәдениетпен үйлескен. Ең алғаш қиықтан жасалған бұйымдар Египет пирамидасында табылған, сондай-ақ қазба жұмыстары кезінде Ұлы жібек жолы өткен жерлерден – Орта Азия елдерінде және Қытайдан жүрген сауда керуенінің жолынан табылған. Олар сюжеттік аппликация және матаға салынған әшекейлі өрнектер болатын.

Қиықтан құрақ құрау әйелдердің сүйікті ісіне айналды. Құрақ құрау немесе квилтингті (ағылшын тіліндегі «quilt» - «сырылған көрпе») дамытуда Америкаға көшіп аударған еуропалықтар маңызды рөл атқарды. Әйелдер бір жерге жиналып мұқият сақталған қиықтарынан (бұл кезде мата деген ең бағалы зат еді) керек-жарақтарын жасады. Ең бірінші қажет болған нәрсе – көрпе. Кейіннен көрпені пайдалану дәстүрге айналды: яғни қыздар өз жасауларына қосуға дайындады, ал дос құрбылары оны сыйлық ретінде тігіп беретін болды.

Шығыс халықтарына тән құбылыс – күнделікті тұрмысқа қажетті заттардың бірқатарын мата қиындыларынан құрақ құрау арқылы жасау [27,154].

Мұндай бұйымдардың қолданыс аясы кең: керегеге ілетін, жерге төсейтін кілем, жамылғы, көрпеше, жастықтың тысы, төсек жапқыш, сандыққа жабу, орындықтар жабуы, т.т. Әдетте бәйбіше салт бойынша бейберекет лақтыруға болмайтын мата қиындыларын жинайды, өзі жинаған жыртыстарға қоса бақытты, өсіп-өнген, пысық, шебер келіншектерден сондай қиындылар алуға тырысады. Сол арқылы үйге ырыс пен құт-береке кіреді деп сенеді.

Құрақ өнері А.Киикбаева, Ш. Дүйсекеевалардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған [28, 29].

Халық шеберлерінің ерекшелігі – материалға күтіммен қарап, оның табиғи қасиетін түсініп, азғана құрал сайман пайдалана отырып оларды көркемдеп құбылту қабілеті. Тағы бір ерекшелігі – бір шебердің бірнеше жұмысты атқара алуы. Мысалы, шебер келіншектер киіз де басқан, сырмақ та сырған, шілтер де тоқыған, құрақ құраған, киім-кешек тігумен де айналысқан. Қазіргі таңда құрақ құрау техникасы «мозайка» деп аталып кетті.

Құрақ құрағанда сән түзудің екі амалы бар: ашық түсті фон жасап құрақ құру яки бос орын қалдырмай өне бойын тұтас құрақпен көмкеру. Құрақтар біресе ірі квадрат, төртбұрышты қиындылардан құралса, біресе жіңішке тілімшелерден, енді бірінде аралас құралады.

Құрақтардың тартымдылығы түсін, фактурасын, оюын шеберлікпен ұнасымды үйлестіре алуына байланысты, мұнда пүліштің биязылығы тығыз сәтенмен, немесе барқытты жұмсақ өңі жарқыраған атласпен, я болмаса дүрия, қамқамен үйлестіріледі. Алайда бұл істе де маманданған, қиыннан қиыстырар дара дарындар шыққан. Олар ауқатты отбасылардан тапсырыс алып, өнерін кәсіпке айналдырған. Әрбір әйел тапқырлықпен, ықыласпен жасаған бұйымдарын үйдің сәнін кіргізуде, әсемдеп, әдемілеуде өзгелерден асып түсуіруге тырысқан.

Қолданбалы өнер бұйымдары өмірдің маңызды құбылыстарымен және ыряммен байланысты көптеген әдет-ғұрыптардың ерекше мәніне ие. Мысалы; көне заманнан келе жатқан ырым, ол ескі матаны тастауға болмайды, яғни ол жамандықтың бір белгісі ретінде түсінік боп қалыптасып кеткен екен. Халық арасында тағы бір ырым – қыз ұзатқанда көрпе-жабдықтарды қиықтардан құрақ тігіп, «жастар құралып кетеді» деген мағынада тігіп берген. Әрбір отбасы құрақ қолөнерін пір тұтады және де қазақтың тағы бір ырымы жаңа туған нәрестеге 40 қиықтан құралған бала орайтын көрпеше немесе бесік көрпе тігіп сыйға берген. Қазақтың ұлттық сәндік-қолданбалы қолөнері – құрақ құрау көптеген жылдар бойы дамып, халық арасында белгілі болды, бейнелігі, мәні күрделігі мен көркемдік шешімінің ортақтығы, оларды көшпелі стильдің туындылары деп атауға мүмкіндік береді.

«Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген дана қазағымыз қыздарын өнерге баулуға назар аударады. Он саусағынан өнер тамған қыздар әр нәрсені қиысынан қиыстыра алатын, көркемдік қиялы жүйрік, пішін, ырғақ және бояу үйлесімділігін сезіне алатын болған, себебі олардың саусақтары ұшының түйсігімен сезінуі арқылы ой жүйелері дамыған.

Қызметтің бұл түрі балалардың зейін қоюға және есте сақтау қабілетін дамытуға ынталандыруға үйретеді. Әртүрлі өрнектер жасай келе бала композициядағы ырғаққа төзе білуі керек. Құрақ құрау техникасы алғашқы ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі, негізгі геометриялық түсініктермен таныстырады. Баланың жинақтылығын және матаға ұқыпты, үнемді қарауына тәрбиелейді. Колемді үшбұрыштарды тікпей, әрбір келесі қатар алдыңғының басын жауып тұратындай етіп бір-бірінің үстіне қояды. Жұмыстың мұндай тәсілін бүктеулі шаршыдан жасап шығарады.Ең бастысы: жұмысқа кірісер кезде, құрақтармен жұмыс кезінде ұқыптылық пен өңдеу мұқияттылығы басты екендігі есте болу керек.

Қазіргі таңда заманауи компьютер бұл қолөнердің сырылған қиықтар әлемін өзгертті және кеңейтті. Яғни, аппликациялық фигураларды жасауға үлкен көмегін тигізуде. Қиықтан жасалған бұйымдарды әлеуметтік желіден табуға болады. Бүгінгі күні қиықтан жасалған бұйымдар әлемге кеңінен тараған. Және де бүгін адамдардың қызығушылықтары да шексіз. Мұндай жұмыс ежелден бері адамдардың қарым-қатынас формасы болып келген еді. Құрақ бұйымдар адамдардың мейірбан және кең пейілді етеді. Олар өнерпаздың және шын көңілден бұл қолөнерді мақтайды, идеяларымен және әдістерімен риясыз бөліседі, қай сабақ болмасын шеберліктерін жетілдіруге көмектеседі.

Халықтың ішкі рухани байлығын, жан дүниесін паш ететін – ұлттық өнер. Біздің ата-бабаларымыз сонау көне заманнан бері өнердің қай түрін болмасын қастерлеп, қадірлеп, тіптен пір тұтып, көздің қарашығындай аялап сақтап, бүгінгі күнге дейін аз-қалпында жеткізіп, мәңгілік сақталатын асыл мұра етіп қалдырған.

Көнеден қалған жәдігерлердің арқасында қазақ әйелдерінің шұғылданған қолөнері және олардың өміріндегі алатын орны қандай екенін түсініп талай сырға қанығамыз. Қазақ тұрмысының бүкіл әсемдік мәдени жөн-жосығы қазақ әйелдерінің ой-қиялына тығыз байланысты. Қазақ әйелдері осылайша ұлт мәдениетіне ертеден бері өшпеусіз үлес қосып келеді. Олар үй ұстап, бала тәрбиелеумен қоса, сол үйдің іші-сыртын әсем безендіруді саналарынан өткізіп, екшеп отырған. Облысымызда бүгінде қолына ине ұстап, қазақ қолөнерін өрге сүйреп жүрген ісмерлер баршылық.

Қолтума өнерінің болмысы, өңдеу технологиясы, стилистикалық эво-люциясы және тарихи деректігі кез-келген халық қолөнерінің негізін-де ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерін ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп жеткізіп жүрген шеберлердің бірі – Сағитова Жұманхан, 1920 жылы Больше-нарым ауданында дүниеге келген. Жұманхан апамыз бала кезінен іс тігумен айналысқан, әсіресе қиықтардан құрақ құрап өз балаларына, болашақ келіндеріне керек жарақтарын арнайы тіккен. Шебердің жұмыстарының бірі – ол дөңгелек формалы көрпеше. Ол ертеден келе жатқан дәстүрді сақтай отырып, заманауи түрде ұсақ үшбұрыштардан құралған. Матаның түстері түрлі-түсті, көбінесе ақ және сия көк түстерден тұрады. Бөстектің айналасы қоңыр түсті матамен жиектелген.

Қазақ ұлттық киімін тігіп, құрақ көрпе, бөстек, ою ойып, жойылып бара жатқан мәдени мұраны қайта жаңғыртып жүрген қолөнер шеберлерінің бірі - Шығыс Қазақстандық кестені де, құрақ құрау техникасын бала кезінен жетіп меңгерген шебер апамыз Ыдрышова Мариям,1915 жылы туылған. Ол кісі қолөнерді туған туысқандарына, жолдастарына дәріптеп келген, өз қыздарына және келіндеріне мұра қалдырған десем артық айтпаспын. Алғаш рет апамыз (1930 жылы) 15 жасында қазақтың ұлттық тұскиізін кестелеген. Сонымен қатар шебер ұлттық киімдерді де тіккен мысалы: шапан, камзол, т.б.

Облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафттық мұражай қорының қорығында бірнеше қолөнері бар. Солардың бірі – еденге немесе орындыққа салып отыруға арналған, іс машинасы арқылы үшбұрышты ұсақ қиықтардан құралып тігілген құрақ көрпеше. Матаның түстері – сары, жасыл, сия көк, ашық көк және т.б. және сәтен мен парча қиықтарымен әсемделген.

Қазақтың қолөнер түрлерінде әр аймақтың өзіне тән [30,167], жергілікті ерекшеліктері мен белгілерінен қазақ шеберлерінің ой қазынасынан шыққан ұлттық болмыстары, дүниетанымдары айқын көрініс береді және өзге ел мәдениетінің әсерінен енген өзгешеліктердің әркелкі арақатынасын байқатады. Әрбір шебер өз қиялындағы ерекшеліктерді қолдана отырып бұйымға жаңа өмір береді. Құрақ құрау қолөнерін өрге сүйреп жүрген, осы техниканы жетік меңгерген, дәстүрлі техникада құрақ құрайтын тағы бір шебер - 1948 жылы туған, Матыцина Любовь Борисовна. Любовь Борисовнаның бірқатар қолөнері мұражай қорында сақталған. Бір ерекшелігі шебер әрбір бұйымына сәйкес атау береді. Сол бұйымдарының бірі – панно «Көз» деп аталады. Бұл композиция заманауи бағытта құрақ мозаикасы ретінде жасалған. Панно төртбұрышты ашық көк және ақ түсті жолақтардан құралған. Дәл ортасында қара көз, оның айналасы көздің қарашығындай қызыл, (атлас, мақта-мата бұлы) ақ және көк мата мен алты қатарлы қисық формадағы мата қиындыларымен жалғасады. Паннонының жиектері көк гүлді матамен әсемделіп, жоғарғы екі жағына ілгектер ілінген. Любовь Борисовна өзінің келесі жәдігеріне «Балық» деген атау берген. Негізінен ұзыншақ формадағы пан-но жасыл және сұр түстерден құралған. Панно төрт композициялық бөліктен тұрады (әр түрлі суда жүзген балықтың көрінісін көруге болады), яғни қиықтар ұзыншақ жолақтардан құралып, бір-бірімен ішке қарай жалғасып тігілген. Бұл жерде шебер мөшек матасын және жылтыр сәтен мен мақта-мата бұлын қолданған.

Келесі шеберіміз мұғалім - Күршім ауданының тумасы 1960 жылғы Чепенова Рабиға Алтайқызы. 1982 жылы КИПТ (техникум) еңбек пәнінің мұғалім мамандығын тәмамдаған. 1988 жылдан бастап Күршімде «№3 гимназия» КММ технология пәнінен сабақ береді. Алғаш рет (2002 жылы) Өскемен қаласында өткен облыстық көрмеге қатысып жүлдеге ие болған. Кейін келе Өскемен қаласында жыл сайын ШҚ облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафттық мұражай-қорының «Халықтық сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі ұйымдастыратын мұғалімдер арасын-дағы көрменің тұрақты қатысушысына айналды. Осы көрмеге соңғы рет қатысқанда бір бұйымын сыйға қалдырды. Ол - велюр бұлынан тігілген «Аспандағы

жұлдыз» деп аталатын төртбұрышты панно. Қара көк түсті матаның ортасында қызыл түсті жұлдыз, ал оның айналасын тоқсары түстен (6) қиылған жұлдыздар жалғастырады. Оң және сол жақтарында қызыл түсті жұлдыздың жарты бөлігі ғана тігілген. Панноның жиектері қара көк және тоқсары түсті екі жолақтан тұрады.

Бүгінде нағыз, әрі хас шеберлер аз қалды, өйткені бұл кәсіп жылдар бойы тәжірибені талап етеді, қолмен атқарылады және механикаландыруға жатпайды. Осы қолөнермен бала кезінен шұғылданатын шеберлеріміздің арасындағы ең жас шебердің бірі - Құрманхан Еркеш. Ол 1972 жылы Монғолия елінде Байөлке ауылында туылған. Орта сыныптық білімі бар ол кейін қолөнершілер үйірмесінде жұмыс жасайды. Осы үйірме арқылы қолөнердің бірнеше түрін меңгерген – кесте тігу, құрақ құрау, киіз басу және т.б. 1993 жылы Қазақстанға оралып қазіргі таңда жиһаз дүкенін ашып сонда сатушы болып жұмыс істейді. Бос уақытында ұлттық қолөнермен шұғылданады,әсіресе қиықтардан құрақ құрау. Еркештің ШҚ облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафттық мұражай-қорығының қорында бірқатар құрақ көрпешелері сақталған. Солардың бірі – қалың матадан құрақталған құрақ көрпеше немесе жиһазға жабатын жапқыш. Көп жапырақты үш гүл қатарынан үшбұрышталып тігілген түр. Сары түсті матаның үстінде дөңгелегінен айналдыра үшбұрыштар бірінен соң бірі орналасқан. Бұл жерде шебер құрақ техникасының жаңа үлгісін қолданған. Негізгі түстері: қызыл, жасыл, тоқсары.

Соңғы таныстыратын келген шебер - Черненкова Надежда Владимировна, 1963 жылы туылған. Ол Өскемен қаласы «№13 кәсіби-техникалық училище» оқу орнында әйелдің көйлек тігушісі мамандығын тәмамдаған. Осы училищеде оқып жүріп сол кезде белгілі болған суретші Н.П. Аптемадан дәріс алған. Кейін келе «Молодежное ательесінде жұмыс жасайды. Қазіргі таңда үйде отырып тапсырыс қабылдайды, яғни тігіншілік қызметінде. 2014 жылы ШҚ облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафттық мұражай-қорығында жыл сайын өтетін облыстық дәстүрлі көрмеге (көктем-гі мерекелерге арнайы ұйымдастырылатын) бірнеше мәрте қатысып, заманауи бағыттағы жаңа үлгімен «печворк» техникасында орындалған әдемі бұйымын сыйға қалдырды. Ол - арнай жұмсақ жиһазға жабылатын, екі жастығы бар жапқыш (7 сурет, үлгі ретінде жастығы ғана көрсетілген). Жастық ұсақ геометриялық фигуралардан құралған. Негізгі қолданған маталары - жібек, тафта, вискоза. Ал түстері жасыл, қоңыр және қызыл. Құрақ мозаикасын орындау барысында шебер қазіргі таңдағы пайдалы «печворк техникасын пайдаланған. Жастықтың ортасында төртбұрыш пен үшбұрыштар орналасса, олардың ішінде жіңішке жолақтар симметрия жасап, құралып тігілген. Ал айналасындағы шағын торбұрыштар матаның аралас түстерімен әсем-делген. Жібек, вискоза, тафта, мақта-мата т.б. - өте әдемі маталардың түрін қолданған.

Жалпы, осы қарастырылған қазақтың қолөнер бұйымдары бейнелі мәні, күрделілігімен ерекшеленеді және әр түрлі қиықтары әдемі көркемделіп, қиыстырылған айрықша туындылар деуге әбден лайық. Елімізде қолданбалы

өнер заманауи бағыттағы жаңа үлгілермен толықтырылып өркендей бе-реді, келешегі зор деп үмітімізді үкілеп, сенім білдірейік.

### 4.2 Құрақ құрау өнері және оған қойылатын талаптар

Сабақта ұлттық қолөнер туындыларын, салт – дәстүрімізді ұтымды пайдалана білсек, оқушылардың сабаққа, өз халқының тарихы мен мәдениетіне деген қызығуы арта түседі.

Өнердің басқа түрлері секілді құрақ құрау да оқушылардың ой – өрісі білімдерін жан – жақты дамытуға әсері мол. Құрақ – мата қалдықтарынан жасалатын үй бұйымының бірі. Құрақты қазақ халқы тек төсеніш ретінде ғана емес, сонымен бірге сәндік үшін жастық бетіне және тұрмысымызға көрік берер сәнді бұйымдар: қолдорба, керме, аяққап, сандық жапқыш, т. б. жасауға пайдаланған. Құрақ – Қазақстанның барлық облыстарына тән өнердің бір түрі. Ежелден халық шеберлері геометрияны оқымаса да, түрлі геометриялық фигуралардан тұратын құрақты пайдаланып, тұрмыста сән құрай білді, бірақ оның тек сәнділігіне қарамастан тұрмыста мата бөліктерін іске асыру нәтижесінде материалдың үнемді де болғанын қалады. Мысалы, құрақ құрауды тек қана қолөнер, технология сабақтарында ғана үйретіп қоймай, оны кез келген пәндермен байланыстыра үйретсе, баланың ой – өрісі және жеке пәнге деген қызығуы артады. Сондай – ақ еңбек сабағында оқушыларды құрақ құрауға үйретуде, түрлі геометриялық фигуралардың басын құрастыру, үшбұрыштың қабырғасы немесе төртбұрыштың табанының бір – біріне тең болуы, өлшемі арасындағы байланыстылықты қажет етсе, ал құрақ композициясын құрастыру мен түстерінің үйлесімділігін табу үшін бейнелеу өнерінен білімдері пайдаланылады.

Сабақ барысында оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастырудың бірден – бір құралы ретінде де құрақ құрау өнерін үйретуге болады. Құрақ құрау үшін әр түрлі маталардың қалдығын пайдаланамыз. Құрақтың бүгінде қолданылып жүрген мынадай түрлері бар: қайшы құрақ, тырна қатар, қаттама құрақ, таңдай құрақ, алма құрақ, сегіз жапырақ, мүйіз құрақ, тұмарша, жұлдыз құрақ т. б.



Жүрек құрақ



Жұлдыз құрақ

Құрақты ақ, қара, көк сияқты негізгі түстердің үйлесімділігін таба отырып құрайды. Сабақ барысында құрақ құрауды үйрету геометрия,сызу, физика, бейнелеу өнері, биология, химия, тарих пәндерімен тығыз байланыста болады.

Құрақтағы геометриялық фигуралар мен олардың қабырғасының ұзындығы келесі геометриялық фигураның табанына немесе қабырғасына тең келуі геометрия, математика пәндерімен, ал осы геометриялық фигуралардың сызбасын сызып, есептеп шаблон жасау сызу сабағымен тығыз байланыста. Сондай – ақ, құрақ құрау үшін пайдаланылатын маталардың тоқылу айқаспаларын түсіндіру, олардың сызбаларын сызу, арқау желі жіптердің шатысуын анықтауда мата қасиеттері мен талшықтық құрамы жөнінде мәлімет беру кезінде сызу, биология, химия пәнімен, ал құрақ композициясының шешімін табуда бейнелеу өнерімен байланысты болды.

Қолданбалы өнер – құрақ құрау оқушыларды есептеу, бұрыштар өлшемдерін, ән – түс сабақтастығын жан – жақты шығармашылықпен ойландыратын тәрбие құралы. Жалпы білім беретін еңбекке баулу бағдарламаларында оқушыларды құрақ құрауға үйрету бастауыш сыныптан басталады. Мұнда, олар түрлі құрақ композициясын қағаздан әзірлесе, жоғарғы сыныптарда мата қиындыларынан құрайды.

Құрақ тігу барысында оқушылардың төзімділігі, еңбексүйгіштігі, шеберлігі, эстетикалық талғамы артып, логикалық ойлау қабілеті қалыптасады.

Құрақшылық қолөнері сәнді жұмыстар жасау тарихы өте арыдан басталады. Таңғажайып талантымен талайларды тамсандырған қазақ қолөнерінің қайталанбас түрі – қиыстырып құрақ қию, одан көздің жауын алатындай өте бағалы бұйымдар жасау. Зердесінде зейіні бар әр адамның қай-қайсысы да құрақтан жасалған заттарға ойлы көзбен назар аударса, сан алуан сәнді түстердің бір-бірімен жарасым тауып, әдемілік әлемін сыйға тартып тұрғанын айқын аңғара алады.

Қазақтың қолөнерінің өмірге келуі халықпен, көшпелі өмірмен тығыз байланысты. VII-VIII ғасырда тігіншілік, етікшілік пайда болған. Сауда саттық дамыған кезде әр халықтың өнері араласып ұлттық құрақ түрлері пайда болды. Қазіргі уақыт талабына сай жаңа үлгілері "сегізжапырақ", "қызғалдақ", "ботакөз", "құлақ", "жұлдыз", "шахмат" құрағымен жастық тыс, көрпе, сырмақ, паннолар жасалады. Қазақ халқы - кең байтақ елімізде қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері және сол дәстүрді дамытушы, жаңғыртып байытушы, ұлттық қолөнердің үздік үлгілерін атадан балаға мұра етуші.

Құрақ дегеніміз ерте заманнан келе жатқан өнер. Каирдің Булат мұражайында қарақұйрық терісінен құрап тігілген өрнектер әлі күнге дейін сақталған, ал Токио мұражайының бірінде Майома Әдонің (1569-1867) асыл тастар мен түрлі маталардың қиындыларынан құрап тігілген киімі әлі күнге дейін сақталған. Демек құрақтар тек кедейлер емес байдың, ханның үйінде де одан жамылғы көрпелер, киімдер тігіп киген.

Ғасырлар бойы уақыт елегінен өтіп ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ұлттық қолөнер бабалардан қалған мәдени мұрамыздың ең асыл құнды қазынасының бірі. Ол келер ұрпақ тәрбиесінде баланың ой санасына жаңа заман талаптарымен үндесе тарап ақыл-ойды асқарға, қиялды-қияға жетелейтін киелі мұра.

Құрақ құрау – бұл нағыз өнер, мата қалдықтарын үнемдеп тігудің ерекше түрі. Бұл құрақ өнері бүкіл елге белгілі өнердің бірі болып табылады. Құрақ

құрау көптеген халықтарға бұрыннан белгілі өнер. Ең көне бұйым болып табылатын пэчворк техникасы, ең алғаш рет шыт отаны – Индия елінен табылған. Ерте заманда құрастырылған киімдерді кедей, нашар тұратын адамдар киген. Ал қазіргі таңда құрастырылған киімдерді авангард стилінде пайдаланады. Орта Азия халықтары қазақ пен қырғызда – "құрақ”, Ресейде – мозайка немесе "ляпочка” деп, ал ағылшынша «квилт» деп, Жапон халқында «сашико» деп аталады. АҚШ, Германия, Швеция сияқты елді мұражайларында құрақ бұйымдарының коллекциясы бар. Ал қазақ халқының тұрмыс тіршілігінен хабар беретін бір қатар бұйымдар Ә.Қастеев мұражайында сақталған.

Қасиетті қазақ халқының, соның ішінде әйел адамдардың қолдарынан шыққан қолөнер туындыларының тарихы тым тереңде жатыр. Ол кең байтақ жерімізді мекендеген сақ, үйсін, қыпшақ, ғұн тәрізді көне түрік тайпаларының мәдениетінен арқау алады. Және де оған Оңтүстік-Сібір, Орта Азия мен Ресей халықтарының да мәдениеті өз әсерін тигізген. Осындай үнемі жаңғыру үстінде болған қазақ халқының дәстүрлі қолөнерінің даму биігіне көтерілген кезеңі XIX ғасырдың 2-жартысы мен XX ғасырдың басы.

Халықтың ұлт екенін айыратын үш негізгі арнасы бар: тіл өнері, қолөнері және саз өнері. Халқымыздың қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданатын өру, тігу, току, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық жиынтығын айтамыз. Солардың ішінде ертеден келе жатқан өнер апаларымыз тігетін құрақ құраудың да өзіндік тарихы бар. Екі түрлі матаны бір-бірімен қиылыстыра тігетін болсақ, қарапайым ғана құрақ шығады. Абай атамыз айтқан бес дұшпанның бірі – ысырап болса, өнердің бұл саласы сол ысырапшылыққа жол бермейді.

Кез келген халықтың ғұмырнамалық сабақтастығының берік болуына сол халықтың мәдениеті, тарихы, өнері үлкен әсерін тигізеді. Өресі биік, өрісі кең қазақ халқының қарапайым әрі бірегей құрақ құрау өнері ерте заманда пайда болған. Киіз үйдің ішін әспеттегенде де, көрпе-жастығын әрлегенде де құрақтарды келістіріп қолдана білген.

Құрақ құрау тәсілі маталардың қалдығын кәдеге жарату негізінде пайда болған. Қолынан іс келетін шебер әйелдер көрпеден бастап, кеудешеге дейінгі бұйымдарды құрақпен безендірген. Құрақ құрау үшін, ең алдымен, қажетті материалдар таңдап алынып, олар түрі, түсі, матасына қарай сұрыпталады, яғни маталардан барқыт, жібек, сиса, сәтен кесінділері жеке-жеке бөлініп алынады. Содан соң түрлі-түсті маталар қиыстырылып тігіледі. Бұл қолөнердің негізі әртүрлі символдармен де байланысты. Мәселен, үшбұрыш құрағының мәні әлемдегі үш дүниені ұштастыру екен, яғни үшбұрыш – су, жер, ауа – үш ғаламның белгісі. Бұл құрақтың мағынасы – ғаламдық тепе-теңдік пен тұтастық. Бал арасының ұясы негізінде «Алты табақ» құрағы пайда болған. Мағынасы, тәттілік пен молшылықты білдіреді. Сонымен қатар құрақ өнері арқылы жануар, құс бейнелерін де мата бетіне салуға болады екен. Баяғы Сақ заманынан бастап, өмір құбылыстарын қолөнер арқылы көрсетуге машықтанған көшпелілердің қолөнер дәстүрінің нысандық мәні бар. Сол кездегі «жұп», «су» секілді мағыналы ою-өрнектер күні бүгінге дейін өз мән-

мағынасын жоғалтпады. Бүгінде құрақ қолөнерінде қолданылып жүрген «су символы» деп құрақ құрау қолөнерінде жүргізілетін бір түсті матадан кесіліп алынған жіңішке жолақты айтады. Тіпті ата-бабамыз қарғаны «тәңірдің елшісі» деп қасиет тұтып, тасқа қашап суретін салған. Қашанда әдемілік пен сұлулыққа құштар ата-бабамыз ұзатылған қыздың артынан жасау апарғанда махаббат нышаны ретінде «Аққу құрақ» көрпесін апарған. Сонымен қатар, құрақпен тұрмысқа қажетті әртүрлі заттарды безендіруге де мүмкіндік мол. Оған зат салатын әртүрлі қоржындарды, қыз-келіншектерге арналған бұйымдарды, күнделікті қолданыстағы жастық, аяққап, қолқапшық, қиық сырмақты жатқызуға болады. Құрақ құрау үшін арнайы қамқа, шағи, шыт, тібен, бояқ, насар, мақпал, қылжым секілді маталар қолданылады. Қонағын төрге шығаратын халқымыз құрақ көрпесін төрге төсеген. Ол – сыйластықтың белгісі. Дүниедегі әрбір зат майда бөлшектерден құралады. Сол секілді әр үйде құрақтан жасалған бұйымның болуы отбасының берекесі мен ынтымағын құрайды. Тіпті біздің әжелеріміз ерте кезде балалары өліп тоқтамаған отбасылардың үйін «тіл-көзден аман болсын» деп ырымдап, «қырық құрақ» құрап, баласын соған ораған екен. Құрақ құрау қолөнерімен кез келген адам айналыса алмайды. Өйткені бұл қолөнердің де өз қиындығы бар. Алдымен, өнерді түсінетін, ұшқыр ой мен бояу сырын білетін танымы бар адам ғана істің көзін таба біледі. Сондай-ақ түс пен түсті сәйкестендіру аса жоғары шеберлікті қажет етеді. Құрақ өнерімен айналысудың пайдасы – адамды шыдамдылыққа, үнемділікке, төзімділік пен сабырлылыққа, тазалық пен әсемдікке баулып, жан дүниесін байытып, ой-өрісін кеңейтеді. Ерте заманда қыз балалар кішкентайынан құрақ құрауды біліп, үйренуге тиіс болған. Қазіргі кезде бұл қолөнерді ісмер қыз-келіншектер мен білікті әжелеріміз ғана әрмен қылады.

Құрақтағы бояулар сыры. Қазақ қолөнерінің, оның ішінде құрақ бұйымдарының бояуы сан алуан. Түс шеңберінде түстер екі топқа бөлінеді: жылы және суық. Түс шеңберінде бір-біріне қарсы тұрған түстерді қарама-қарсы түстер дейді. Олар қызыл-жасыл, сары-күлгін, көк-қоңыр т.б.

Халқымыздың ұғымында көгілдір түс-аспанның символы, қызыл түс – оттың, қанның, өмірдің, жасыл түс - өсімдіктің, көктемнің, бастаудың, ақ түс – бейбітліктің, ақжарқындықтың, сары түс – даналықтың, білімнің белгісі. Сол себепті, қиықта бұл түстер бір-бірімен тығыз бірлікте тұрғанында ғарыштың, әлемнің бейнесін бедерлеп, буддистік мандаланың философиялық мағынасынан да артық мән-мағынаға, құпия сырға толы екенін байқатады.

Түстер гаммасын топтау немесе түстер үйлесімділігі. Матаны түстеріне қарай таңдаудың маңызы зор. Мата қиындыларының ішінен алдымен түсі ақ, ұсақ суреттері бары таңдап алынады. Бұлар басқа түстерге қарағанда, сирек және аз мөлшерде қолданылады.

- Сұр түс – кез келген гамманы жақсартады.
- Ақ түсті фон ретінде пайдалансақ, композицияны нәзік етіп көрсетеді.
- Бір бұйымға өте көп материал қолданудың қажеті жоқ, 3- 5 түрі жеткілікті.
- Құрақпен жұмыс істеу үшін матаға суреттің қандай тәсілмен түсірілгенін білу керек .

Мата түстерін таңдағанда – ашық түс пен күңгірт түстерді , матаның реңіне қарай қарама – қарсы түстерді (контрасные), топтық түстер гаммасын жасауды басты назарда ұстау қажет.

Қолөнердегі қазақ символы. Қазақ қолөнерінің қандай түрінде де оюөрнектер пайдаланылады. Құрақтан жасалған бұйымдарда да олар өз орнын тауып жатады. Негізінен, қазақ символы көп қабатты. Ол басқа символдармен астасып, мағынасын байыта береді. Этнографтардың айтуынша, бұл жерде үшбұрыштың және оған қиысатын барлық элементтердің мәні айрықша. Олардың түсіндіруінше, үшбұрыш магиясының мәні үш дүниені тұтастыра білуінде. Қазақтың дәстүрлі көзқарастары бойынша, үшбұрыш – су, жер, ауа – үш ғаламның Құрақ көрпешелердің әрбір бөлшегі геометриялық фигуралардан тұрады. Шаршы, алтыбұрыш, трапеция, тең бүйірлі үшбұрыш, пирамида, ромб, тіктөртбұрыш, параллелограмм, белгісі болып саналатын балықты, оқты, құсты меңзейді. Егерде осы үшбұрыштың ішіне қошқар мүйіз оюы қиысса, ол отты бейнелейді. Жалпы, қазақтардың ұғымында ою-өрнек магиялық сипатта, ол барлық «кіріс» пен «шығысты», «жағал» мен «қиысуды» белгілейді...

*Құрақтың түрлері төрт топқа бөлінеді:*

1.Табиғат.
2.Жануарларға.
3.Геометриялық.
4.Аспан әлемі.

Құрақ тігу технологиясы. *Құрақ құрау екі мақсатты көздейді.*
1.Матаның қиындыларынан іске ұқсату (Кәдеге жарату).
2.Үлкен сәнділікке баулу,матадан әр түрлі фигуралар жасай отырып, қиылыстырып бір бұйым жасап шығару.

Құрақ техникасы немесе пэчворк (patchwork – ағылшын тілінен аударғанда құрақ құрау, құрастыру) қызықты жұмыс, үлкен қиял беруші өнер. Пэчворк техникасы геометриялық қиындыларды біріктіріп тігу арқылы қайта бүтін мата жасау.

Құрақ құрау эстетикалық талғамды қажет етеді. Жұмыс барысында түс үйлесімділігі, қиындылардың симметриялылығы, дәл қиыстыру .

Құрақты құрау кезінде қойылатын талап – ол мата бөлшектерінің симметриялы болуы және матаның негізгі және арқау жіптерін ескеруіміз керек. Құраққа пайдалынатын мата жұқа, қалыңдығына қарай іріктеліп алынады. Матаны үлгі бойынша қию үшін тігіске кететін қосымшаны 0,5-1см артық алып, матаның шығымдылығын ескеру керек. Матаның үлгі бойынша қию үшін алдын ала дайынаған матаның үстіне үлгіні қойып, бормен немесе сабынмен шетін сызып, қосымшаны ескере отырып белгілейміз де, бұдан кейін үлгіні алып тастап, бормен белгіленген жерін қиып аламыз. Құрақ қиындыларын әуелі көктеу тігістері арқылы біріктіреміз, одан соң тұрақты тігіс машинаға саламыз. Құрақтың сәнді болуы сызбасымен үлгісіне тікелей байланысты. Машина тігістерін қолмен тігу арқылы орындауға болады. Қол тігістері: тепшу, көктеу, жөрмеу, қайып тігу, т.б. солардың ішінде қайып тігу әдісімен тігеміз. Құрақтан жасалған бұйымның шетін түрлі мата



қиындыларынан тұмаршалауға шашақтауға немесе өзге түсті матамен жиектеп әсемдеуге болады. Көрпенің астына лайықтап астар қиып алып беттестіру кезінде екі жағының да оң беті ішіне қарайды. Арасына көрпешенің немесе бұйымның барлық жақтауларына өлшеніп алынған тұмарша қосыла көктеледі. Мықты болу үшін машина тістерін пайдаланамыз. Құрақ бұйымның оң бетін аудару үшін 8-10 см көлемінде астардың дәл ортасынан ашық тігілмеген жер қалдырамыз. Арасына тұмарша салынып астарланған құрақтың ішіне мақта саламыз да көрпешені көктейміз. Көктеу жұмысы мақтаның түйдектеліп, көрпешенің бір шетіне жинақталып қалмауы үшін қажет. Көктеп болған соң көрпешені сулы дәкемен үтіктейтін болсақ тігістің кейбір кемшілігі білінбей кетеді.

Аталған талаптар қатаң сақталса, құрағымыз да өте әдемі, көз тартарлық болып шығады.

### 4.3 Құрақтың түрлерін дайындау технологиясы

Құрақ – төрге төсейтін көрпеше. Мата қиындыларын қиюластырып, тұмарша, өткір жапырақ, ромб және неше түрлі қазақы нақыштағы оюлардан , өрнектерден құралған көрпені Құрақ немесе Құрақ көрпе деп атайды. Ежелден қонақжай қазақ халқы төрін қонаққа арналған "қасиетті орын" санаған. Ерте заманда баласы өліп, тоқтамаған үй "тіл-көзден аман болсын" деген ырыммен қырық Құрақ құрап, баласын соған ораған. Құрақ көрпенің арасына мақта және жүнді, түйенің жүнін салып немесе қазіргі кезде жасанды мақта синтепон салып, сырып тігеді.

Қазақтың іскер, шебер әйелдері құрақ көрпеден құрақ кеудешеге дейін, құрақ бастектен құрақ ойыншыққа дейін жасап, керемет нәрселердің де қарапайым тәсілмен-ақ өмірге келетінін ежелден-ақ қалың жұртқа паш етіп келеді. Зердесінде зейіні бар адамдардың қай-қайсы да құрақтан жасалған заттарға ойлы көзбен назар аударса, сан алуан сәнді түстердің бір-бірімен жарасым тауып, әсемдік әлемін сыйға тартып тұрғанын айқын аңғара алады. Ол арқылы халқымыздың құнарлы дүниетанымын, эстетикалық талап-талғамын, сұлулықты аңсаған іңкәр сезімін айтқызбай-ақ танисың.Басты бұйымдары көрпе, түскиіз, сүлдеше, жастық, түрлі ойыншықтар болып келетін құрақ құрау – қазақ дәстүрінде қыз балалар кішкентайынан біліп, үйренуге тиісті қолөнер түрі. Ол қыздарды төзімділікке, үнемділікке, шеберлікке, бояуларды ажыратып, олардың бір-бірімен үйлесімділік табуын түсініп, тануға шыңдайды, тазалыққа, әсемдікке үндейді, жан-дүниесін байытып, ой-өрісін кеңейтеді. Құрақ негізінен, түрлі-түсті маталардан құралады. Мата қиығын қолына ұстаған әрбір әйел оны білмей тұрып қиық құрай алмайды, жасаған бұйымы көріксіз болып шығады. Яғни, құрақ құрауда қойылатын басты шарт: онымен айналысатын адамның бойында өнерді түсінетін қасиет, ұшқыр қиял, бояулардың сырын білетін таным болуға тиіс.

Құрақ құрау үшін ең алдымен, қажетті материалдар таңдап алынып, олар түрі, түсі, матасына қарай сұрыпталады. Яғни, маталардың барқыт, жібек, сиса, сәтен кесінділері жеке-жеке бөліп алынады. Содан кейін іcмер әйел не бірыңғай барқыттан, немесе бірыңғай жібектен құрақ құрауға кіріседі. Бұл істі бастамас бұрын әрбір түстің бір-біріне сәйкес келуіне, бірін-бірі ашып тұруына айрықша көңіл бөлінеді. Құрақ құрау - қалдық қалдырмау. Ертеде қазақ даласында қымбат маталар тапшы болғандықтан, киім-кешек тігушілер қалған маталардың қиықтарын бір кәдеге жаратуға тырысып, олардан әртүрлі бұйымдар жасаған. Сөйтіп, құрақ құрау өнері дүниеге келген.

Ысырапқорлық – қазақтарға жат қылық. Ежелден-ақ ата-бабаларымыз үнемшіл болып, қолдағы темір, сүйек, ағаш, тері тәрізді заттардың да кесінділерін қажетіне ұқсатып, аяқ асты тастамаған. Ал қолдағыны осылай ұқсатуда қиыстырып құрақ құраушылардан асқан шебер жоқ. Олай болса, құрақ құрау қыз-келіншектерді ысырапқорлықтан тыйып, үнемділікке үйретеді.

Қазір ұлттық салт-дәстүріміз қайтадан жаңғырып, өмірімізге тереңдеп енгендіктен, қазақтың құрақ құрау өнері де қайтадан дамып отыр. Ауылда да, қалада да көптеген қазақ отбасыларының төрінен қайтадан құрақ көрпелер, құрақ тұскиіздер орын ала бастады. Қыз ұзату, келін түсіру тойларында құдағилар бір-біріне құрақтан әдемі ою-өрнек салынған әсем қоржындармен сый-сияпат апаратын болды. Бір ғажабы, қазіргі құрақтардың өздерінен-ақ ондағы тікше, шаршы құрақтарда небір бояу алмасуларының үйлесімді жасалғанын, осы құрақ бояуларының алмасуының, қиюластырылуының келесі құрақтарда қайталанбайтынын аңғарасың. Көгілдір аспан астындағы жасыл жайлауда ақ шаңқан киіз үйлерді тігіп, қызыл, сары, ақ қызғалдақтар жайқалған, жусанының иісі мұрын жарған дархан далада мал жайып, күміс көлдерде шомылып, құстардың үнін естіген қазақ халқы соның бәрін оюөрнектер, құрақтар арқылы-ақ қандай шебер жеткізе білген десеңші. Құрақтардың мың құбылған сәні мен сұлулығына қарап тұрғанында, «Шіркін-ай, қазақтың бұл құрақтары мен ою-өрнегіне тіл бітсе, олар мәңгілік ғұмыр, асыл махаббат, өшпес сұлулық туралы бізге таусылмас сыр мен жыр толғар еді-ау!», - деп те ойға қалатыныңды қайтерсің. Яғни, құрақ құрау, оны тамашалау қыз-келіншектерді сұлулықпен сырласуға, оны өн-бойына сіңіруге, бояулар әлемін танып, түсінуге үйретеді. Ал жаны сұлу адамның ісі де, мінез-қылығы да, сөзі де, отбасы да сұлу.

Әр үйде құрақтан жасалған бұйымдардың болуы – отбасының ұлтжандылығын ғана танытып қоймайды. Бұл қазақ қолөнерінің ежелгі түрінің қайтадан жаңғырып, қазіргі заманмен жарасым тауып отырғанын көрсетеді. Және де құрақтан жасалған бұйымдардың көбеюі шетелдіктерге біздің еліміздің қолөнерінің қаншалықты дамығанын паш етіп, қазақты әлем халықтарына кеңінен танытуға жарқын жол ашып отыр. Қысқы «Азияда» күндерінде шетелдіктердің түрлі ұлттық сувенирлермен бірге құрақ бұйымдарын да көптеп сатып алған. Яғни, құрақ құрау қыз-келіншектеріміздің жанында ұлтжандылық қасиеттерді орнықтырып, оларды ұлттық қолөнерімізді сүюге, оны дамытуға үлес қосуға тәрбиелейді.

Қазақ қолөнерінің, оның ішінде құрақ бұйымдарының бояуы сан алуан. Халқымыздың ұғымында көгілдір түс-аспанның символы, қызыл түс – оттың, қанның, өмірдің, жасыл түс - өсімдіктің, көктемнің, бастаудың, ақ түс – биіктіктің, аспандылықтың, сары түс – даналықтың, білімнің белгісі. Сол себепті, қиықта бұл түстер бір-бірімен тығыз бірлікте тұрғанында ғарыштың, әлемнің бейнесін бедерлеп, буддистік мандаланың философиялық мағынасынан да артық мән-мағынаға, құпия сырға толы екенін байқатады.

Қазақ қолөнерінің қандай түрінде де ою-өрнектер пайдаланылады. Құрақтан жасалған бұйымдарда да олар өз орнын тауып жатады. Негізінен, қазақ символы көп қабатты. Ол басқа символдармен астасып, мағынасын байыта береді. Этнографтардың айтуынша, бұл жерде үшбұрыштың және оған кіретін барлық элементтердің мәні айрықша. Олардың түсіндіруінше, үшбұрыш мағынасының мәні үш дүниені тұтастыра білуінде. Қазақтың дәстүрлі көзқарастары бойынша, үшбұрыш – су, жер, ауа – үш ғаламның белгісі болып саналатын балықты, оқты, құсты меңзейді. Егер де осы үшбұрыштың ішіне қошқар мүйіз оюы қиылса, ол отты бейнелейді. Жалпы, қазақтардың ұғымында ою-өрнек мағыналық сипатта, ол барлық «кіріс» пен «шығысты», [illegible] белгілейді...

- Қоржын. Зат салатын бұйым. Ертеде жарапазан айтқан балалар иығына қоржын іліп алып, қазақ ауылдарын аралаған. Әрбір үй оларға қолында бар құрт, ірімшік, жент тәрізді тәттілерін беріп, күміс түйген орамалдар сыйлап, балалар өз отбасына қоржынын несібеге толтырып қайтатын болған. Алыс сапарға шыққандар да астындағы атына қоржын теңдеген. Тіпті, сүндетке отырғызған баланы атқа мінгізіп, ағайын аралатқанда да жанына қоржын байлағаны мәлім. Қазір түрлі қиықтардан жасалып, ою-өрнек салынған сәнді қазақы қоржындар әуесқойлар арасында жүріп, сыйластықтың бір дәнекері болуда.
- Құрақ кеудеше. Көбінесе қыз-келіншектерге арнап жасалатын киім. Халқымыздың салт-дәстүрі бойынша, ұл-қыздары той-думанда ғана емес, күнделікті өмірде де әдемі киініп, таза жүрген. Құрақ кеудешелер әрі сәнді, әрі жылы. Оны қай жерге де киіп баруға болады. Құрақ кеудешені жасарда оған таңдап алынған маталар тобының түр-түсі жағынан бір-біріне үйлесімді болғанына ерекше көңіл бөлінеді. Шеберлер қызылдың жанына жасылды, ақтың жанына қараны, көктің жанына сарыны қойып, әр түстің терең мәні мен сырын ашқан ғой. Құрақ кеудешені жасарда да ол қатаң түрде ескеріледі. Және де қолдағы материалдардың қиы-қтарының біртекті болғаны дұрыс. Яғни, құрақтар тобы бірыңғай мақта, бірыңғай <u>пүліш</u>, немесе бірыңғай жүн, жібек маталардың қиықтарынан құралуға тиісті. Бұл құрақтың тегіс, оңай құралуы үшін қажет. Және де бірыңғай мата түрінен құралған кеудеше, басқа да киім, бұйымдар кигенде, қолданғанда, жуғанда бір жері созылып, бір жері қысқарып кетпей, өз үлгісін сақтайтын болады. Жалпы, құрақ кеудешені қызыл, күлгін, қою көк, ашық көгілдір маталардың қиықтарынан жасаған дұрыс. Ал астарына тұтас мата алынады, кеудешенің етек-жеңін әдіптеуге тесьма пайдаланылады.
- <u>Тақия</u>. Қазақ шеберлері ежелден-ақ құрақтарды қиюластырып тақия тігіп келеді. Құрақ тақиялар - өте сәнді баскиім болып саналады. Қызыл – жасыл,

сары – көк тақиялар бойжеткендердің көркін құлпыртып, қос бұрымды шашына керемет жарасып тұрады. Шеберлер құрақ тақияларды негізінен, пүліш маталардың жарқын, ашық бояулы қиықтарынан тігеді. Бүйірін шаршы ішіндегі қиықшалардан құрастырады. Мұндай тақияның бүйіріне кемінде төрт түрлі түстегі құрақ пайдаланылады. Сонда құрақ тақия көрікті болып шығады. Тақияның төбесіне шашақ тағылады.

- Құрақ көрпе. Оны трикотаж тоқымалардың қиықтарынан да, жібек маталардың құрақтарынан да жасайды. Мұндай маталардан жасалған құрақ көрпелер жұмсақ болады. Трикотаж тоқымалардың қиықтарынан тігілген құрақ көрпенің ені жіңішкілеу, ұзындығы екі метрдей үлгіде келеді. Бұл көрпені сегіз шаршы етіп топтастырған оңды. Әр шаршы жеке құрастырылып, оларды қиықша үшбұрыш түрінде бір-бірімен жымдастырып тігеді, астары жұқа жүн матадан жасалады, екі арасына синтетикалық синтепон матасы салынады. Ал енді жібек құрақты жұмсақ көрпені екі адам жамылатындай етіп, ашық түсті жібек маталардың құрақтарынан құрастырады. Бұл көрпеде құрақтар текше түрінде тігіледі. Оның ең оңай тәсілі дойбының тақтасындай етіп құрау. Жібек құрақ көрпенің шетіне тұтас материалдан белдеу жүргізеді. Астары мақта матасынан тігіліп, көрпенің ортасына синтепон салынады.

Құрақ көрпелердің бір шаршысын бөліп алып, оны орындыққа көрпеше етіп жабуға да болады.

- Қиық сырмақ. Оны үйді әшекейлеп, қабырғаға ілу, тақта үстіне төсеу үшін жасайды. Кейбір дәулетті кісілер қиық сырмақты палас ретінде еденге де төсеп тастайды. Сырмақтың тұтас материалы үшін түйенің жүні қажет. Өйткені, ол әрі жұмсақ, әрі жеңіл, әрі жылы, әрі таза. Осы негізгі материалдың үстіне ұлттық ою-өрнек түріндегі құрақтар шаршылап орналастырылады. Сырмақ үстіне ою тек қана ашық және біртекті материалдардан әзірленеді. Сосын оны жымдастырып тігіп, шетін тегіс әшекейлеп шығады.
- Құрақ жастық. Үйдегі құрақ көрпенің үстіне құрақ жастықты қойып, қонақтар оған шынтақтап жататын болса, ол отбасын ерекше бір ұлттық сән-салтанатқа бөлеп тұрады. Құрақ жастықтарды қоңыр немесе жасыл, әйтпесе қою көк түсті материалдан жасап, бетіндегі өрнегін ақ немесе ашық сары түсті матадан орнатып, жиегіне ақ түсті әшекей жіп жүргізсе, ол тіпті көрікті болып шығады.
- Аяққап. Түрлі-түсті құрақтардан жасалатын аяққап ыдыстар салуға арналған. Онда сақталған ыдыстар сынбайды, таза болады. Қазір үйдің ажарын ашу үшін ғана пайдаланылады. Бұрындары ол қазақ әйелдерінің ең қажетті бұйымдарының бірі болатын. Аяққаптың шағын түріне жіп, қайшы, тарақты, басқа да ұсақ-түйек заттарды салып қояды да айнаның жанына апарып іледі. Аяққап жасау үшін көбінесе екі түсті драп маталар таңдап алынады. Оның сыртқы бетіне ою салынады, бұл оюлар аяққаптың төрт бұрышында тұрады, аяққаптың ортасына, етегіне түсті жіптерден шашақ тігеді.
- Қолқапшық. Бұрындары жас қыздардың жеке заттарын салып қою үшін жасалған сәнді бұйым. Оны қоңыр, қоңырқай драптан тігіп алып,беткі жағына қошқар мүйіз ою тігеді. Оюдың шеті өрнекті жіппен бастырылады. Бауы да

[illegible] зерленеді. Қолқапшықтың ауызы түймеленеді. Қолқапшықты жастар [illegible] тігіп алады.

- Құрақ ойыншықтар. Оны үй ішіне сән беруі үшін тігеді. Әсіресе, қазақ шеберлері көп жасаған құрақ ойыншықтар: доп, ат, піл, күшік. Мұндай бұйымдарды диван үстіне, тіпті автокөлік ішіне де қоюға болады. Құрақ ойыншықтарды жасау үшін драп, мех қалдықтары, синтепон, ұсақ былғары қиықшалары таңдап алынып, түр-түсіне қарай сұрыпталады.

Драп материалдан сәндік доп былай жасалады: Ол 12 әр түрлі бесбұрыш қиықшалардан құралады. Қиықшалардың ішкі бұрышы 72 градустан болуға тиіс. Дұрыс бесбұрыш дегеніңіз осы. Егерде бесбұрыш теңдей болса, доп дөңгелекшіл шыға келеді. Шеберлер доптың екі жағын осылай тігіп алған соң оның ортасына синтепонды тығып, томпайтады. Қарапайым да қызық тәсіл.

- Құрақ халат. Қыз-келіншектер үшін әсем халатты сәнді құрақ материалдардан да тігіп алуға болады. Ол әрі жылы, әрі ыңғайлы, әрі шығыс үлгісін еске салады. Мұндай халаттың бас жамылғысы да (капюшон) болады. Құрақ халат материалының түстері неғұрлым көп болып, кезектесіп келсе, киімнің өңі де ашылып, қыз-келіншектерді жайнатып жібереді. Құрақ киімдер көбінесе серпімді жібек қалдықтары мен қиықтарынан құралады. Құрақтардан көйлектер де тігеді. Құрақ түстерінің тігілуі қарапайым болғанымен, одан жасалған киімдер мен бұйымдар кім-кімнің де жоғары талғамына жауап бере алады.

Құрақ үшін қолданылатын маталар:

- Қамқа – алтынмен немесе күміспен зерленген жіптен тоқылған жібек мата.
- Қатипа – [illegible] бар, жұқа жібек мата. Барқыт, шыт.
- Торқа – ең қымбат жібек мата.
- [illegible] – қалың жібек кездеме.
- Торғын – қымбат бағалы жібек матаның бір түрі.
- Мақпал – тығыз тоқылған, жұмсақ, түкті барқыттың бір түрі.
- [illegible] – сапалы жүннен тоқылған түкті мата, плюш.
- Пай – жібек мата.
- Парша – алтын мен күмісті араластыра отырып тығыз тоқылған жылтырақ жібек мата және сол матадан тігілген қымбат бағалы киім.
- [illegible] – жібектен қалыңды – жұқалы етіп тоқитын мата.
- Шағи – жұқа келген жұмсақ және таза мата.
- [illegible] – сырт киімдік матаның бір түрі.
- [illegible] – жібек кездеме.
- [illegible] – ақ түсті тығыз мата.
- Шыт – [illegible] жұқа мата.
- [illegible] – астарлық жібек мата.
- Бөз – кездеменің боялған түрі.
- [illegible] – қалың түсті жұқа мата.
- Тібен – түрлі-түсті қалың мата.

## 6. Сәндік қолданбалы өнердегі жүнді даярлау технологиясы

**Жүн.** Төрт түлік малдың жүні қазақ халқының өмір тіршілігінде үлкен роль атқарған және оны ұқсатуды ел бұдан мыңдаған жылдар бұрын білген. Қазақ халқының шаруашылығында мал жүнінің ең асылы және бұйымдар жасауға ең көп қолданатыны түйе және қой жүндері, ешкі түбіті, оның қылы, содан кейінгісі жылқының жал-құйрығы, түйенің жүні, шудасы.

**Түйе жүнінен** неше түрлі өрмек жіптерін иіріп, шекпен, қап, белбеу, құр, кілем, қоржын сияқтыларды тоқиды. Сол сияқты түйе жүні айыл-құйысқан, өмілдірік, ноқта жасауға және көген, бау-шу есуге өте қолайлы. Түйе жүні көрпеге салуға, шапанға тартуға өте жақсы, жеңіл, әрі жылы болады, қылшық шықпайды. «Шуда» деп түйенің мойнындағы, тізесіндегі, екі өркештің үстіндегі салалы қылшық жүндерін айтады. Шудадан жамау-жасқаулық жіп иіріледі. Бұрын қазақтың тон-шалбары, сабасы мен торсығы, көп ыдыстары осы шуда жіппен тігілген. Шуда жіп «шертер», «керуіш» деп аталатын.



Сурет 15 – Түйе жүні

**Қойдың жүнін** «жабағы», «күзем жүні», «қозы жүні», «өлі жүн» және «шет-пұшпақ» деп бес түрге бөліп атайды. Қойдың жабағы жүнінен шидем шапан, күпі күседі, ішпек, терілік жасайды, тыстап күпсек (бөстек), көпшік, жеңіл байпақ тігеді. Қойдың жабағы жүнін түтіп, одан кейін матаның сыртына шықпас үшін қылшықтарын бүрілтіп қайнатады. Бұл жүнді шайырынан арылтып тазарту үшін де істеледі. Жабағы жүнді киімнің, көрпенің арасына салады, неше түрлі иіру ісіне, бізбен, сыммен тоқу жұмысына қолданады. Түтілген жабағы жүннен шүйке жасалып, бау-шу есіледі, өрмек жіптері, неше түрлі жиектер ширатылады.

Ал күзем жүнінен, қозы жүнінен киіз басылады, текемет, сырмақ, қалпақ, кебенек, киіз етік, пима сияқты киім-кешектер жасалады. Күзем жүні мен қозы жүні иіруге келмейді, ол киімнің, көрпенің арасына тартуға да жарамсыз.



Сурет 16 – Қой жүні

Малдың терісінен жұлынып немесе жидітіп алынған жұлма жүнді, қойдың бауырында, құйымшақтарында байланып жүретін білтеленген жүндерді «өлі жүн» деп атайды. Қотанның ортасында түсіп қалған, бұтаның басынан жиналған, бау-шу есебінен қалған үзік жүндерді «шет-пұшпақ жүн» деп атайды. Мұндай жүндер көбінесе арқан-жіп есуге жұмсалады.

Ешкі жүнін түбіт, қылшық деп екіге бөледі. Түбіт иіруге, шұлық, қолғап, шәлі сияқты жеңіл әрі жылы киімдерді тоқуға тиімді. Оны ешкі түлеген кезде қылшық жүнімен бірге жырқып алып, түтіп қылшығынан бөледі. Ешкінің қылшығы арқан-жіп есуге жұмсалады. Қазақ талғамында ешкі түбіті түйе жүнінен де қымбат, жібекпен теңдес саналған.

Жылқының жал-құйрығын «қыл» деп атайды. Жал-құйрық көбінесе арқан-жіп есуге, еуіт тоқуға, тұзақ есуге, жұмсалады. Жылқы қылын терімен қаптап қамшы, жастың бестек жасауға, қобызға тағуға пайдаланған.

Қазақ шеберлері мал жүнінен басқа қоянның жүнін, құстың мамығын да іске жаратқан. Қоянның жүнінен жылы шарф, қолғап, шұлық, бөкебай тоқыған. Құстың мамығынан құс жастық, құс төсек жасаған. Тымақтың маңдайына, найзаның ұшына, сәйгүлік аттың, адамның иығына тағып алған құс жауырыны «ата жолығы» деген белгіні білдірген. Осыдан келіп хан мен




Сурет 17 – Жүннің көріністері

хандар арасында тығыз хабар жөнелтілгенде хаттың сыртына бір тал қауырсын бекітілетін, оны «үкілі почта» деп атаған.

Қазіргі кезде жүнді өңдеу жұмыстары өндірістік кәсіпорындарда атқарылады. Мұндай жұмыстар жүн жуу, жүн сорттау, жүн иіру, т.б. болып бөлінеді. Жүн жуу жүнді май мен шайырдан, шаң-тозаңнан, т.б. тазартатын арнаулы аппараттарда орындалады. Олардың құрылысы күрделі, көлемі үлкен (ұз. 70 м-ге дейін), сондықтан жүнді алғашқы өңдеуден өткізетін ірі кәсіпорындарда қолданылады. Қазақстанда мұндай кәсіпорындар Тараз, Семей, Ақтөбе қ-ларында салынған. Қазір бұл кәсіпорындарды қайта іске қосу қолға алынып отыр. Жүнде майлы заттар көп болады. Мыс., арқар-меринос қойдың жүнінде 30%-ға дейін май мен шайыр бар. Осылардан арылту үшін жүн жуғыш машинаның арнаулы ыдысына су құйылып, оған көмір қышқыл сода, калийлі сабын және аммиак қосылып, әбден араластырылады. Бұл құрамның салмағы жуылатын жүн салмағының 6%-ына жетуге, ал судың темп-расы 55°С-тан аспауы тиіс. Мұнан жоғары болса, жүннің реңі кетуі мүмкін. Жүннің иісін кетіру үшін көмір қышқыл газбен өңделеді. Ж. ө. кәсіпорындарында, сондай-ақ, экстракциялық әдіспен жұмыс істейтін жаңа машиналар қолданылады. Бұл әдістің ерекшелігі – жүн жабық бөлме ішінде хлорлы көмір қышқыл газбен өңделеді. Осы процесс нәтижесінде жүндегі май мен шайырдың 70%-ы кетеді, жүн ажарланып, биязылығы артады. Жүннен алынған май техника мен медицинада кеңінен қолданылады. Жүн сорттау кезінде жүннің дайындау стандартына сәйкес сапасы бағаланады. Мыс., қой жүні одан алынатын таза жүннің мөлшерімен бағаланады. Жүннің әр түріне (биязы жүн, биязылау жүн, ұяң жүн, қылшық жүн, т.б.) Қазақстан Республикасының Стандарттау және метрология комитеті дайындау стандартын бекіткен. Жүн сорттау процесі жүнді алғашқы өңдеу кәсіпорындарында атқарылады. Дайындау стандарты бойынша жүн қалыпты, шөпті, тікенек шөпті және ақаулы болып бөлінеді. Егер жүндегі шөп қалдықтары мен ақау жүннің мөлшері жалпы жүннің 10%-нан аспаса қалыпты жүн, егер бұл мөлшерден артса шөпті не тікенекті жүн деп атайды. Кейбір жүн ажарсыз, түсі оңған, талшығы осал болады. Мұндай кемістік 10%-дан артса, онда ақау жүн болып есептеледі. Осы төрт түрдің әрқайсысы түсіне қарай бірнеше сортқа және сапасына қарай бірнеше класқа бөлінеді. Биязы және ұяң жүнді қойдың тұтас жүні ақ және әр түсті болып екі сортқа бөлінеді. Ақ түске таза ақ жүн, әр түстіге қылшық араласқан өзге түстер жатады. Меринос қой жүнін сорттағанда талшығының ұзындығы, жуан-жіңішкелігі, тазалығы, бұйралығы ескеріледі. Биязы және ұяң жүнді сорттағанда тұтас жүннен басқа да мынадай сорттары болады: құйрық жүн (бөлек қырқылады және бұған балақ жүн, желіннің айналасынан қырқылған жүн де жатады); жұлма жүн – тұтас жүннен үзіліп түскен жүн. Пұшпақ жүн – ірі қылшықты ұйпаланған жүн. Жүннен немесе жүн араластырылған басқа да талшықтарды иіру арқылы жіп алынады. Мұны жүн иіру деп атайды. Оның тарақтап иіретін және аппаратпен иіретін екі жүйесі кең тараған. Тарақтап иіру тәсілі арқылы жіңішке әрі тегіс, биязы әрі беріктігі жоғары жіп алынады. Осындай жіптерден жоғары сапалы мата тоқылады. Аппаратпен иіруде шикізат

ретінде таза жүн, басқа талшықтармен араласқан жүн, тарақтап иіру қалдықтары мен қылшық, әр түрлі хим. талшықтар, мақта т.б. қолданылады. Мұндай жіптен шұға, драп, тех. мата, т.б. тоқылады.

## 6.1 Жүнді өңдеу

Қой жүнінің сан түрлі сорттарымен тайталаста жылулығы жағынан тез түсетін, ал мықтылығы жағынан басым тұратын түйе жүні мен ешкінің түбіті. Әрі әсем, әрі сапалы да, мықты бұйым шығу үшін алғашкы шикізат жүннің сапасы ерекше орын алады. Сапалы бұйым шығуы үшін жүн өңдеуде кандай процестерге кай кезден бастап коңіл болген жөн? Тоқымашылардың айтуынша, жүн біркелкі, шебер иірілуі керек. Жүн таза қарқылып, рет-ретімен дұрыс сұрыпталуы керек. Қой кыркатын жердің талапқа сай болып, жүнге қоқым араласпауы, қой терісінің қыркындысы болмауы, маусымдық қыркым дер кезінде өткізілуі тиіс. Қырықтықшылардың айтуынша, қойды жабағы жүні көтерілін, астынан жаңа өскін пайда бола бастаған кезде қырыққан дұрыс. Күтімі малдың жүні уақытында біркелкі көтеріліп, кырқуға ыңғайлы келеді. Арық малдың жүні керісінше, сабалақтанып өскен жүндері жетілмей жабағы көтерілмей қалады. Жүн сапасы алдымен малдың күтіміне байланысты. Малдың күтімі талапқа сай болмаса, одан сапалы өнім күту мүмкін емес.

Ғалымның айтуынша, жүн сапасы оның табиғи түсі, жылтырлығы. Ал керісінше, оның сапасына нұқсан келтіретін жайт – сапасы әр түрлі жүннің араласып кетуі. Кейде осындай себептермен жүнді амалсыздан бояуға мәжбүр боламыз. Ірі жүн қапқа салып нығыздалған жүнге қарағанда ылғалды көп тартады. Әсіресе, жуылмаған жүннің шектен тыс ылғалданып кетуі жүнді шіритеді. Сондықтан жүнді ұзақ уақыт сақтау керек болса немесе киіз, алаша кілемге арналған жүнді қағаз қаптарға нығыздап салып, арасына «Молемор», «Дезмоль», «Антимоль» препараттарын салу керек.

Киім тоқып, бұйым жасаудан бөлек, сапасы нашарлау жүндерге қылшық, шуда, жылқының қылын араластырып, әр түрлі мақсатқа арналған жуанды-жіңішкелі арқан мен жіп, ноқта жасауға, т.б. күнделікті тұрмыста пайдаланылатын ұсақ бұйымдарды есіп және өріп жасауға болады. Қазіргі таңда жүннен көптеген әсем бұйымдарды жасауға мүмкіндік зор. Мәселен, оюланған сөмкелер, үй ішілік бұйымдар, сақина, алқалар, қуыршақтар, т.б

**Жүнді сабау.** Бұрын киіз басатын жүн біршама көп болғандықтан қолмен түтіп, тазалау қиын әрі көп уақыт алатын болған. Міне сондай кезде ауыл әйелдері кезектесіп әр үйде жиналып асарлатып осылай алдын ала текемет басу үшін жүнді дайындаған. Оған қажетті құралдар «Сабау және тулақ» деп аталған. «Сабау» — жүнді мейлінше сабалап, қопсытып отыру үшін керек болған. Сабауды негізі жыңғылдан жасаған, себебі жыңғылдың қабығы тегіс, қатты, жылтырақ болады жаңағы сабап жатқан жүн жабысып жан-жаққа ұшып шашырамайды. Ал сол сабалатыгн жүннің астына «тулақ» төселген. «Тулақ»-дегеніміз ірі қара (сиыр, жылқы) терісінен илемей, шелдемей ақ күнге керіп қойып кептіріл алатын қаудырлақ төсеніш түрі. Жүнді соның үстіне үйіп

сабағанда тулақ кері қарай серпе лақтырып жақсы қопсытып отырған. Міне осылай сабалған жүн шайыр, ошаған, шоңайна сияқты заттардан тазаланып текемет басуға жартылай дайын өнім шыққан.



Сурет 18 – Жүнді сабау

## 6.2 Жүнді бояу технологиясы

Жүнді бояу үшін қазанның қақпағын жауып бірқалыпты қайната отырып, оған жүнді мөлшерлеп салып, оны ағаш қалақпен бастырып отырған дұрыс (жүн салмастан бұрын бір литр суға бір шай қасық көлемінде сірке суы құйылады) . Су керекті мөлшерден аз болса, жүн қазан қазан түбіне жабысып қалады. Қазан бір қайнағаннан кейін от қызуын азайту керек. Жүннін бояу алғандығын былай тексереді: қалақтың ұшымен боялып жатқан жүннің кез келген жерінен көтеріп алып, шымшып көреді. Бояу алған жүн суы сығылғанды, бозғыл тартпайды. Онда қазан астындағы от сөндіріліп, боялған жүн суы сорықтырылып, жүн эмальді табаққа алынады. Бетін қақпақпен жауып үстін ауыр затпен бастырады да суығанша қоя тұрады. Суығаннан кейін жүн керілген жіпке, көлеңке жерде кептіріледі, оны арнайы жүн тарайтын таракпен тарап, түтіп түрлі әсем бұйымдарын жасауға болады.

Табиғи жүннен жасалған бұйымдардың адам денсаулығына өте көп пайдасы бар екендігін айтып өту кажет. Мысалға, жүннен жасалған кеудеше, байпақ адамға тек жылу беріп қана коймай, адамның жаман энергиясын тартып отырады, сондай-ақ емдік касиеті бар. [28].

Қолөнер бұйымдарын жасаудың өсіп келе жаткан жасөспірімге берер тәлім-тәрбиесі, пайдасы өте мол, сонымен қатар эстетикалық тәрбие бере отырып колөнер шығармашылықтарын дамытады.

Жүнді бояу тәсіліне келсек, халықтың күнделікті тұрмыс-тәжірибесінен боя ретінде ашудас, қына, томар шөп пайдаланған екен. Қазіргі кезде жеңіл өнеркәсіптің дамыған кезінде сан алуан химиялық бояулар шығарылып отыр. Бұл ісмерлердің жұмысын азайтты десекте болады. Жүн бояуын аса сақтықпен бояған дұрыс.

1. 8-10 итр суды қатты қайнатамыз.

2.) 1-литрге 15 грамм есебімен бөлек ыдыста әбден ерітілген бояуды құйып, араластырады. Бояу түйіршігі ерімей қалса теңбілденіп, жүнге біркелкі сіңбейді. Сондықтан бояу ерітілген ыдыстың эмаль немесе түбінен әлдеқалай ерімей қалған бояу түйіршігін оңай байқауға болады.

3.) Қазанның қақпағын жауып, бір қалыпты қайната отырып, оған жүнді мөлшерлеп салып, оны ағаш қалақпен немесе ожаумен батыстырып отырған

дүрие ( жүн салмас бұрын 1-литр суға 1 шәй қасық көлемінде сірке суы құйылады.) Су керекті мөлшерден аз болса, жүн қазанның түбіне жабысып қалады.

4.) Қазан бір қайнағаннан кейін от қызуын азайту керек. Ара-тұра жүнді қалақпен аударыстырып қойған жөн.

5.) Жүннің бояу алғандығын былай тексереді: қалақтың ұшымен боялып жатқан жүннің көп келген жерінен, көтеріп алып, шымшып көреді. Бояу алған жүн суы сыққанда, бояған тартпайды.




Сурет 19 – Жүнді бояу

Онда қазан астындағы от сөндіріліп, боялған жүн суы сорықтырылып, эмальді табаққа түсіріп алынады. Бетін қақпақпен жауып, үстін ауыр нәрсемен бастырады да, суығанша қоя тұрады.

Суығаннан кейін жүн керілген жіпке немесе ағаш ерденеге жайылып, көлеңке жерде кептіріледі. Әжелеріміз бояуға қаздың майын да пайдаланған екен. Бояудың табиғи түрінде алынатын түрлері көп.

1. Рауғаштың тамырынан бояу алу. Қыркүйек айында рауғашты түбірінен қазып алып, жіпке тізіп, кептіреді. Кепкен түбірді қажет кезде, ұсақтап келіге салып, түйіп, ұсақтайды. Ұсақталған соң, отқа қатты қайнатпай суға бөктіреді. Жылжымын тартып жібігеннен кейін, қоймалжыңын терінің бетіне жағады. Бояу сіңгенше, 2-тәулік жайып қояды.

2. Талдың қабығынан да бояу алу. Таулы жерде, су жағасында өсетін талдың қабығының да өз бояуы болады, өзіміздің маңғыстаудағы қара талдың да, қарағайдың да бояуы бар. Одан күңгірт қызыл бояу шығады. Бояуды дайындау үшін қабығын кептіріліп, түйіледі, ұсақталады да, суға қайнатылады. Одан кейін суыған соң, тұз салынады, жұмсарған ірі қара терісін салып, бір айға жуық ұстайды, ал жүнді жүннің бояу тәсілін орындайды.
3. Жосадан, яғни қызыл топырақтан бояу алу. Табиғаттың өзінде бар қызыл топырақ жар қабақтарда болады. Оны келіге салып, ұнтақтап, үгітіп алған соң, балық майы секілді сұйықтықты қосып, сұйылтады. Сұйық қызыл бояуға киізді батырып алып, ағаш бұйымдарын бояйды, т/б заттарды бояуға болады.
4. Қынадан бояу алу Қынаны жинап алып, суға салып, қайнатып, булап бөктіріп қояды да, өңделген терінің үстіне жағады. Қынамен жүн-жұрқа, тері, сүйектерді бояйды. [29].
5. Анар жемісінің қабығынан бояу алу. Анар жемісінің қабығын кептіріп, ұсақтайды, ұсақталған соң жылы суға салып бөктіреді. Жібігеннен кейін, қоймалжыңын терінің бетіне жағады. Тері тонды бояуға пайдаланады.
6. Жуаның қабығынан бояу алу. Жуаның қабығынан сары түс шығады, бұлда қайнату тәсілімен орындайды.



Сурет 20 – Жүнді бояуға арналған бояғыштар мен жүн

## 6.3 Сырмақ өнері

Сырмақ сөзінің төркіні (этимологиясы) белгісіз, десе де киізді қабаттап сыру, тігу немесе төсеніш ретінде жерге сыра салу, сырғыта салу, сырып салу, сусыта салу, сүйрете салу сияқты мазмұннан туындады ма деген жорамалымыз да жоқ емес.

Сырмақ атты мүліктің тұрмыс талабындағы мазмұны – төсеніш. Көшпелі жорықты өмір талабына сай жабдықталған осы сырмақ атты төсеніштер көбінесе бірыңғай таза киізден жасақталған. Соған орай, олардың үлгісі, көлемі, түр-түсі, тіпті қай еденге, оның қай жеріне салынатындықтан, жататын орнына дейін нақтап ат қойып айдар тағылған.



Сурет 1 – Сырмақ үлгілері

Сырмақ халқымыздың дәстүрлі қолөнерінің бірі. Ол халқымыздың тұрмыс тіршілігінің, шаруашылық ерекшелігінің қажетіне сай аталарымыз бен апаларымыздың ақылпарасатынан, еңбекшілік – іскерлігінен, көркемдік талғамы мен әсем өнерінің шеберлігінен туындаған аса құнарлы ұлттық өнер туындысы. Бұл өнер халқымыздың киіз үйінің еденіне төселетін алуан түрлі, әсем сәнді, үлкенді-кішілі сырмақ үлгілері. Сырмақты мал шаруашылығымен шұғылданатын аудандардағы күллі қазақ шаңырағы дәстүрлі жиһаздар ретінде бүгінгі күнге дейін жасап пайдаланып отыр. Ал сырмақ киізден жасалады. Киізді халқымыз жүннен басып шығарады. Киізді басуға арқан- жіп, сырмақ сыруға жіп, жиек сияқты қажетті материалдар да жүннен жасалады. Ал жүнді халқымыз баққан малынан күзеп алып отырады. Демек сырмақтың шикізаты – жүн. Олай болса, ең алдымен жүнді пайдалану жолдарын білу қажет.

Сырмақ - арнайы биязы жүннен басылған жұқа киізге басқа түсті киізден немесе матадан ою-өрнек сырып, астар салынып тігілген бұйым. Сырып тігу деп арасын жиілетіп бастырып тігуді айтады. Сырып тігудің өзінің қайып сыру, тепшіп сыру және қабып сыру деген үш түрі бар. Сондықтан, бұйымның атының өзі сол жасалу жолына орай (сыру - сырмақ) қойылған деуге негіз бар. Сырмақ жасалуына қарай өрнекті, бастырмалы, жіппен әдіптелген деген сияқты бірнеше түрге бөлінеді.



Сурет 2 – Сырмақ үлгілері

Сырмақтың жасалу технологиясының бастапқы этаптары. Жүн және күзем. Халқымыз ғасырлар бойы мал шаруашылығымен шұғылдануы мал жүнін пайдалануына табиғи негіз болды. Жүннен жасалған бұйымдар мықты шыдамды , тұрмысқа қолайлы, денсаулыққа пайдалы (суықтан, ызғардан, күн көзінен қорғайды), алып жүруге ыңғайлы және жеңіл. Жүннен киіз басып, үй жалдықтары, текемет, сырмақ сияқты төсеніштер мен қабырғалық дорбалар барлығы жасалалды. Күзем алу күздегі мал қырқылатын мезгілде мал жүнінің қырқылып алынуы күзем алу делінеді. Киіз басылатын жүн негізінен қойдан алынады. Сондықтан «күзем» сөзі күз мезгіліді меңзейтін ұғымнан шыққан.Бірақ әр түліктің күзеу мезгілі әркелкі. Қой күземі 9-шы айдың ортасынан бастап 10-шы айға дейін алынады.Қозы күземі 7-ші айдың ішінде алынады.Ал ешкі түбіті 5-ші, 6-шы айларда таралады да, коймен бірге қырқылады.



Сурет 3 – Қазақтың сырмақ өнері

Ою-өрнекті сырмақтар негізінен түкті кілем тоқу өнері онша дамымаған Сарыарқа жерінде, Алтайдың батыс аймақтарында кең тараған. Әдетте киіздің әртүрлі түсті екі бөлігін бірінің үстіне бірін қойып, оюды қайшымен қиып алады. Сосын сол өрнектің екі жақ шетін бірдей жиектей келіп, ортасын сырады. Одан соң ақ жүнге қара, не қоңыр, я болмаса керісінше қоңыр түске ақ жүн қаптырылады. Сонда сырмақтың өрнектелген бетінде екі түрлі үйлесімді түс пайда болады. Бірінің үстіне бірі салынған жүндерді қабыстыра келіп, астындағы киіздің бетіне салады да, оны жиілеп сырып тігеді. Әрине, ол салынған ою-өрнекпен жиектеліп, бірге сырылады. Түрлі-түсті жүндердің қиылған тұсындағы түйіск желісіне бояулы жіп тігіледі. Егер текеметтерде көбінесе жануардың бейнесін ойға салатындай оюлар қолданылса, сырмақтарда өсімдік пішіндерін бейнелеу басым. Сырмақтың орталық алаңы бар, ол өрнектермен бөлінеді де, көбінесе ешкі жүнімен шашақталып, әшекейленеді. Ортадағы оюлар мен шетіндегі өрнектер бір-бірін қайталамауы тиіс. Сырмақ сырылады, жиектеледі, астарланады.
Ал, бастырмалы сырмақ дегеніміз бетіне сәтен, пүліш, барқыт, мақпал, мауыты секілді маталардан өрнек салынған сырмақтар. Кейде жұқа киіз бетіне түгел аң терісін тұтастай қаптырып тігу дәстүрі де болған. Ондай сырмақтар дәулетті кісілердің үйінде құрметті қонақтың астына төселген. Қарағанды, Ақмола, Павлодар аймақтарында бітпес атты сырмақ түрі жиі ұшырасады. Мұнда киізге өрнектер арнайы жібек жіптің көмегімен салынады. Ол жіппен қалаған өрнегіңді қалағаныңша іліп, барынша дәл салуға болады. Бітпесте негізінен қошқар мүйіз, қос мүйіз және сыңар мүйіз оюлары жиі бедерленген. Шығыс Қазақстан өңірінде қомша, қалауыш, әбдіре жапқыш секілді шағын ғана сырмақтар кездеседі. Олардың әбдіре немесе төсектен салбырап тұратын жиегіне шашақ тігілген. Ою-өрнекті киізге басып тігу оны мезгілінен бұрын тозудан сақтайды. Сапалы жасалған сырмақ 50 жылға дейін шыдас береді. Қазақ әйелдері сырмақтың киіз үйдің қай тұсына төселетініне дейін алдын ала өлшеп-пішіп алған. Соған байланысты сырмақтар өзінің көлеміне, қолданылу мақсатына қарай төр сырмақ, төсек сырмақ, от киіз, от сырмақ, төрткүл сырмақ, үлкен сырмақ, шай сырмақ, жамбас сырмақ, тері сырмақ, тері бөстек деген түрлі атауларға ие болған. Қолөнер шебері Нәзипа Омарханқызының

айтуынша, сырмақтағы өрнектер белгілі бір мағынаға ие. «Сәндік бұйымда көне заманнан байлықты, барлықты білдіретін мүйіз текті оюлардың барлық түрі кеңінен қолданылған. Оюларды орналастыру реті бұрыннан келе жатқан ой-санадағы наным-сенімге байланысты болып келеді. Мәселен, сырмақтың орталық бөлігін жиек оюлармен қоршау - отбасын, өзі өмір сүрген ортаны сыртқы жаман күштерден, күйреуден сақтау, оны қорғау ниетінен туған шешім».

Қазақ қол өнері қорындағы киізден жасаған бұйымдар қайталанбас өзгешелігімен, қалыптасқан топтама жүйелігімен ерекшеленеді. Солардың бірі – сырмақ. Арнайы басылған киізге басқа түсті киізден, матадан қиып дайындалған ою-өрнекті сырып тігу арқылы жасалған сәнді бұйым сырмақ деп аталады. Сыру дегеніміз арасын жиі етіп тігетін тігістің түрі, жиі етіп бастырып тігу. Демек, сырмақ атауының өзі оны дайындау әдісінен алынған. Киіздер мен текеметтер қай заманда да тұтынушылардың қажеттіліктерін өтеп келгендігі даусыз. Сырмақтың пайда болуына тұрмыста кездесетін қарапайым жағдайлар себеп болған тәрізді. Айталық, көнерген киіздерді қабаттап төсеу, одан соң оны қобырай бермеу үшін қабаттап көктеу. Осындай жағдайдан бара-бара қабаттауды белгілі бір пішінге келтіріп, ықшамдап төсеп, көктеуді де бірте-бірте жиі тігістерге ауыстырып, одан әрі сыруға көшкен деп санауға болатын сияқты. Алғашқы сырмақ пішіні осылай қалыптасқан. Бұдан әрі басылған кесек киіздерден қалаған мөлшерде кесіп алып, оны қабаттап сырып, шағын төсеніштер жасала бастаған. Мұнда бәрі біртұтас келісім тапқан. Мозаикалық техниканы пайдаланудың өзі, яғни, жүннің бір түсінің екінші түспен қабыстыра жиектеліп сырылуы – кілемнің төсеніш ретінде қолданылуына сай келеді. Мұндағы ою-өрнек киіздің бетіне біркелкі сырылып, оны мезгілсіз тозудан сақтайтын болғандықтан, бұл жерде жапсырудың да, кестелеудің де қажеті жоқ. Сырмақтар тозбайтын мықтылығымен ерекшеленеді. Жақсы сырылған сырмақтар 50 жылдан астам уақытқа дейін шыдас береді. Оған қоса, сырмақ сыруға жүн өте аз мөлшерде пайдаланылады. Ісмер оюшы бір түсті жүнді екіншісінің үстіне салады да, өзінің ойына алған өрнегін жасайды. Және сол өрнектің екі жақ шетін бірдей жиектей келіп, ортасын сырады. Одан соң ақ жүнге қара, не қоңыр, я болмаса керісінше қоңыр түске ақ жүн қапсырылады. Сонда сырмақтың өрнектелген бетінде екі түрлі үйлесімді түс пайда болады. Бірінің үстіне бірі салынған жүндерді қабыстыра келіп, астындағы киіздің бетіне салады да, оны жиілеп сырады. Және ол салынған ою-өрнекпен жиектеліп, бірге сырылады. Түрлі-түсті жүндердің қосылған тұсындағы тұйық желісіне бояулы жіп тігіледі. Егер текеметтерде көбінесе жануардың болмысын ойға салатындай оюлар қолданылса, сырмақтарда өсімдік нышандарын бейнелеу басым. Сырмақтың орталық алаңы бар, ол өрнектермен бөлінеді де, көбінесе ешкі жүнімен шашақталып, әдіптеледі. Әдетте оларды шашақты сырмақ деп атайды. Сырмақ сырудың, яғни сырып тігудің негізгі үш тәсілі кеңінен тараған. Олар: қайып сыру, тепшіп сыру, қабып сыру. Бұларды негізінен жіп салып сыру және жіп салмай сыру деп екі түрге топтастырады.

Қазіргідей тігін машиналары жоқ кезде қазақ әйелдері барлық киім-кешек, көрпе-жастық, түскиіз, дастарқан, т.б. тұрмыстық бұйымдарды қолмен тіккен.

Киізді қабаттап сыру, тігу немесе төсеніш ретінде жерге сыр салу, сырғыта салу, сүйрете салу деп беріледі, сырмақ туралы. Сырмақты жасау үшін ақ киізді немесе ақ киіз бен қара киіздің жүнін бір бөлек бояйды немесе екеуін біріктіріп ойып сырмақ жасайды. Сырмақ етіп қиып алады да киіз болып тұрғанында бояуға салады. Оның да бояйтын әдістері, салатын қоспалары болады. Түрлі түске бояп алып екеуін қабаттастырып көктеп тігеді. Сосын үстіне оюды сызып алады да откір пышақпен оюды кесіп алады. Енді қайтіп салғанда ою бір бірімен үйлесіп, арасына кіріп тұра қалады. Біреуі іші, біреуі сырты деген болады соны келтіреді. Сосын соны жөрмеп тігеді. Жіңішке жүн жіппен тігеді. Оның үстіне жиек дегенді иіріп, әр түрлі бояумен жасайды немесе аппақ қойдың жүнін әбден түтіп алады да, әдемілеп иіреді. Оны біртегіс етіп, үлкендер ғана иіре алады дейді ақпарат берушілер. Шимен ысып біркелкі етіп, қабаттастырып әр түрлі түске бояйды. Оюдың үйлескен жеріне соны басып сырмақ жасайды. Оны «ойыстырған сырмақ» деп атайды. Ақ киіз бен жасыл матаны ойып алып басса, оны «жай сырмақ» деп атайды. Ол аса әдемі болып шықпайды, оның үстіне мата тез жыртылатындықтан сапасы нашар болады. Киізді астарлап «қос жиек», «сыңар жиек» оюлар салған сырмақтар да болады. «Қос жиек» дегеніміз шырқап алынған оюларды ойыстырғанға басады. Ал матамен басқанды «сыңар жиек» деп атайды. Сырмақ дайындау үшін салғастыру, үйлестіру, біріктіру, астарлау, сыру, жөрмеу, алақұрттау (жиектеу) сияқты әдістер де қолданады. Монголия қазақтарында сырмақ түрлері төсеніш ретінде әлі де жасалып та, жойылып та қойған жоқ. Сырмақ жасау технологиясы өте күрделі іс емес. Бірақ та жасалу мерзімі өте ұзаққа созылуы мүмкін. Мысалы, бір сырмақ жасау үшін шеберлер бірнеше ай жұмсайды. Тірі жүннен басылған киіз пысық, ширақ жақсы болады, дейді Жиренше Загипа (1). Оның айтуынша сырмақ, түскиіздің жасалу бойынша ең әуелі киізді жұқа етіп басып, келтіреді. Бірінші басқаннан кейін оны екінші қайталап білектеп пісіреді. Киіз піскен соң орта, жаны, екі бас деп пішеді. Кейде тұтас етіп, түрлі түсті бояуларға бояп, үстінен ою сызады, ойып алғаннан кейін оны жөрмеп оюларды бір біріне қабыстырып тігеді. Қабыстырып тігудің атын «жөрмеу» деп атайды. Сырмақтың ішіне бір қабат мата салып, одан кейін киіз салады. Одан кейін ол сырмаққа бірінші жиек басады. Жиек деген ол қойдың жүнінен иіреді немесе алақанмен оңды, солақай деп еседі, сонда екеуін қосқанда таңдай түседі. Таңдайлап жөрмеу деген тігістің үстін жасырып жіппен басады, ал жіптің аты шуда жіп деп аталынып, ол түйенің желке жүнінен иіріледі. Оның атын «жүн жіп» немесе «шуда жіп» деп айтады. Жиекті басып болғаннан кейін мүйіздің ішкі жерлерін тігу үшін тағы жіп иіреді. Ол жіпті ұстап отырады да, арлы берлі өткізіп сырмақты сырады. Оның атын «сыру» дейді. Сонан кейін шетін тегістеп біркелкі етіп алады да, оның ең шет жағын тартып ұстап кішкене, созылып кетпес үшін шетіне жиек басады, оны «қосжиек» деп айтады. Қосжиекті жуандау етіп бірінші ұршықпен, екінші қолымен иіріп екі түрмен жасайды. Сырмақта көбінде зооморфты қошқар мүйізді ою көп салынады.

Түйетабан, құстұмсық, шаршы ою, т.б. осылардың қайсысы ұнаса соны сала береді. Енді осы бұйымдарға бояды кезінде қазақтар шөп тамырынан алған.

## 6.4 Сырмақ тігу технологиясы

Әдетте сырмақ жасалатын киіз не шымқай ақ, не шымқай қара болуы шарт. Киізде түйіртпек, ошаған, тесік болмауы тиіс. Мұндай кемшіліктер оюға, сыруға, біртегіс жиектеуге бөгет жасайды. Сондықтан сырмақ басатын киіздің жүні, оның өңі күні бұрын таңдалып, ол көбінесе қозы жүнінен алынады. Оны сабағанда да ерекше қадағалап, үлпілдетін сабайды. Осындай іріктеліп алынған жарамды жүннен сырмаққа арнап бет басады. Бет болатын ақ немесе қара киіздің екеуі екі бөлек басылады. Оны ысырап етпес үшін көлеміне қарай әрі шағын, әрі жүнді үнемдеп жұқалау етіп басады. Сондықтан алдын-ала оның көлемін, оған салынатын ою-өрнектің қандай болатынын қарастырады. Сырмақтың беті кейіннен не киізбен, не кенеппен астарланып сырылады.



Шетін қызыл жиекпен оюлап сырыған қарала сырмақ

Сурет 8 – Қазақтың сырмақ өнері

Қолданбалы өнер саласында сырмақ сыру технологиясы әртүрлі киізден ойылып жасалатын төсеніш, киіздің бір түрі болып есептеледі. Атадан балаға мұра болып келе жатқан сырмақ сыру өнері бірінен–бірі тарап, әрбір ұрпақ өкілдерінің өз жаңалықтары, элементтері сырмақ сыру өнерін толықтырып, байытып отыр.

Сырмақ сырудың текемет жасау технологиясынан айырмашылығы мүлдем басқа, онда ою-өрнектің үлгісі күні бұрын өлшеніп, белгіленіп дайындалады. Сырмаққа арналған киіздің ақ киізі бір бөлек жұқа, әрі қатты иленіп басылады, кейіннен екі түсті киізді бірдей етіп беттестіріліп, үстіне ою үлгілерін салып, бірдей үлгімен ойып алатын болған. Осыдан кейін ойылған оюдың ағын қараға, қарасын аққа апарып қиюластырып тігеді. Қиюластырған оюды сол қалпымен тұтас үлкен киізге жабыстырады. Оюлардың құрастырылар жерінің үстін

бастыра жиектейді. Жиектік жіптің иірілуі де, қабатталуы да басқаша және оның түсі, бояуы оюды айшықтап тұратын ашық түсті болады. Сырмақ текеметтей емес, жарты ғасырға дейін төсеуге шыдайтын төзімді, мықты болып келеді. Сырмақ шыдамды, қатты болу үшін ақ киіздің үстін ақ жіппен, қара киіздің үстін қара жіппен ұсақ етіп түгелдей тігіп шығу керек. Сырмақтың басты және негізгі белгісі берік болу үшін оның түгелдей сырылуында. Бұл «сырмақ» атауының сол «сыру» деген сөзден шыққандығын байқатады.

## 6.5 Сырмақтың түрлері

Көлемі жағынан қазақ сырмақтары негізінен **4 түрге бөлінеді.** Мұның ең үлкені — көш сырмақ. Бұл сырмақты көшкенде жүк артылған түйенің үстіне жабуға арналған, жалпы көлемі 3—5 метрдей болады. Екіншісі — төсеніш сырмақ, жалпы көлемі 3—3,5 метрдей. Мұндай сырмақтар кейде киіз үйдің төрі бойынша ірге жағы етектене дөңгеленіп, ал от жағы бүрілген сияқты тарыла дөңгеленіп, от басымен төрге дәлденіп жасалады. Ол тамның, шошаланың, киіз үйдің төрінің от жағына жалғастырыла төселеді. Үшіншісі — төр сырмақ, көлемі 2—3 метр. Бұл жиекті, оюлы сырмақ. Мұны сыйлы қонақтар келгенде төрдегі жалпы төсеніш киіздің үстінен, қонақ көрпенің астынан салады. Төртіншісі — төсек сырмақ немесе төсек алды сырмағы деп те атайды. Көлемі 3—3,5 метр, жер төсектің орнына немесе төсектің алдына төсейді. Сырмақтардың кейде 1—1,5 метрлік шағын түрлері де кездеседі. Олар бір кісілік сырмақ деп аталады.

Түр жағынан алғанда да қазақ сырмақтарының 4 түрлі атауы бар. Оларды «ақ сырмақ», «қаралы сырмақ», «жиекті сырмақ», «дебіске сырмақ» деп атайды. Ақ сырмақты бояулы жиекпен немесе түсті матамен оюламайды. Оны тек шуда жіппен ғана тоқылған жиекпен немесе таңдайлап өрген қаралы жиекпен жиектейді. Қаралы сырмақты қара және ақ киізден ойыстырып, астарлап, сырып жасайды. Оюларды құраған тігістің үстіне бояулы жиек бастырылады. Бұл бұрын сән-салтанатта сыйлы қонақтарға төселетін, көш жүгіне жабылатын еді. Жиекті сырмақты тұтас бірыңғай ақ немесе қара түсті киіздің бетіне бірнеше түсті бояумен өрнектеп жиек бастыру арқылы жасайды. Мұны мүлікті тең етіп бууға, жолға алып шығуға және басқа да күнделікті тұрмыста көп пайдаланған. Дебіске сырмақты жасағанда тұтас киіздің бетіне әр түсті матаны оюлап бастырып, сол оюлардың шет-шетіне жіңішке жиек басады. Кейде кестеленген тұтас матамен тыстап та дебіске жасайды.

Қазақ халқының ескі ғұрпында мал еті мүшелері әрбір кісіге сыбаға ретінде белгіленгені тәрізді, үй-іші төсенішінің үй мүліктерінің де жас мөлшеріне қарай арнаулы адамдары болған. Мысалы, ақ сырмақты қазақтың ескі ғұрпында көбінесе күйеуі бұрын келмеген оң жақтағы қыздың астына немесе қара жамылып, жоқтау айтып отырған жесірдің астына төсейтін. Ал дебіске сырмақты төсек үстіне, төсек алдына, жас келіншектер мен күйеу жігіттерге төсей- тін. Дебіске сырмақты тұс киіз орнына да пайдаланған.

Сырмақ көлемі жағынан қазақ сырмақтары негізінен төрт түрге бөлінеді. Мұның ең үлкені – көш сырмақ. Бұл сырмақты көшкенде жүк артылған түйенің үстіне жабуға арнайды, жалпы көлемі 3-5 метрдей болады. Екіншісі – төсеніш сырмақ, жалпы көлемі 3-3,5 метрдей. Мұндай сырмақтар кейде киіз үйдің төрі бейнелес ірге жағы етектене дөңгеленіп, ал от жағы бүрілген сияқты тарыла дөңгеленіп, от басымен төрге дәлденіп жасалады. Ол шошаланың, киіз үйдің төрінің от жағына жалғастырыла төселеді. Үшіншісі – төр сырмақ, көлемі 2-5 метр. Бұл жиекті, оюлы сырмақ. Мұны сыйлы қонақтар келгенде төрдегі жалпы төсеніш киіздің үстінен, қонақ көрпенің астынан салынады. Төртіншісі – төсек сырмақ немесе төсек алды сырмақ деп те атайды. Көлемі 2-2,5 метр, жер төсектің орнына немесе төсектің алдына төсейді. Сырмақтардың кейде 1-1,5 метрлік шағын түрлері де кездеседі. Олар бір кісілік сырмақ деп аталады. Сырмақтың көбінесе ені тар, 1,5-1,7 см шамасынан аспайды, ал ұзындығы 3 метр, кейде одан да артық болады.

Түр жағынан алғанда да қазақ сырмақтарының төрт түрлі атауы бар. Оларды «ақ сырмақ», «қарала сырмақ», «жиекті сырмақ», «дебіске сырмақ» деп атайды.

Ақ сырмақты бояулы жиекпен немесе түсті матамен оюламайды. Оны тек шуда жіппен ғана тоқылған жиекпен немесе таңдайлап иірген қарала жиекпен жиектейді.

Қарала сырмақты қара және ақ киізден ойыстырып, астарлап, сырлап жасайды. Оюларды құраған тігістің үстіне бояулы жиек бастырылады. Ол бұрын сән-салтанатта сыйлы қонақтарға төселетін, көш жүгіне жабылатын болған.

Жиекті сырмақты тұтас бірыңғай ақ немесе қара түсті киіздің бетіне бірнеше түсті бояумен өрнектеп жиек бастыру арқылы жасайды. Мұны мүлікті тең етіп бууға, жолға алып шығуға және басқа да күнделікті тұрмыста көп пайдаланған.

Төр сырмақ Төрге төселетін сырмақ болғандықтан өте әдемі жасалады.Төр сырмақтар әдетте киіз үйлердің төріне үнемі салынтайды.Ол шиыршықталып алып қойылады да сыйлы меймандар келгенде төрге төселеді.Төр сырмақтар әдемі етіліп жасалуымен бірге көлемі де үлкен жасалады.Ықшамдары 200см не 250см болады, үлкендері 300см –ден 600см –ге дейін жасалады.

Маяуза сырмақ Маяуза сырмақ аң терісінен, мал терісінен жұмсақ етіп илеп, кейде астарлап істелетін төсеніш Кей отбасылар маяузаның орнына жұмсақ ақ киіздерден бастырып,кестелеп немесе киіздің өзін оюлап қаптап шағын сырмақ жасайды.Бұны «маяуза сырмақ » деп атайды.Маяуза сырмақ төрт бұрышты ,ұзындау екі бүктеп салатын , дөңгелек, сопақ әр түрлі пішінде жасалады.

Тізе сырмақ Тізе сырмақ- отбасы адамдарының екі бүктеп салып отыратын төсеніш Қазан жақтан отағасы төсегі алдына дейін тізе сырмақтан бірнешеуі төселеді. Әрбір отбасының өз сырмағы болады. Қазақ әйелдері үй ішінде үнемі бір тізерлеп отырғандықтан және сырмаққа тізелері көбірек тигендіктен «тізе



сырмақ» атаған. Тізе сырмақ отбасы сырмағының үстінен салынады.Ол алуан түрлі төртбұрышты, үшбұрышты т.б түрде жасалады.

Төсек сырмақ. Төсек сырмақ төсек үстіне салынады. Төсек сырмақ кестелі, оюлы ,ойыстырылған алуан өрнекті болып келеді,ол тек төсекке ғана салынатындықтан төсек бойымен бірдей етіп ені 90-110см, ұзыны 200см етіліп сырмақ жасалады. Төсексырмақ біз кестелі болса, алдымен түрлі жіптеріжәне кездемелері дайындалады.Кездемелі барқыт, шұға,,мууіт пүліш т.б маталар таңдалады.

Сырмақтың үлгілеріне және істелу жолдарына қарай түрге бөлінеді Сырмақ алуан түрлі болып келетінін жоғарыда көрдік. Ал ол жасалу үлгілеріне және істелу жолдарына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Баяғы үлгідегі дәстүрлі сырмақтар. Дәстүрлі үлгі дегеніміз – ел арасында кең тараған , екі жан, екі бас және орта салып жасалатын, бес бөліктен құралатын сырмақ үлгісі. Осы дәстүрлі үлгідегі сырмақтар өз ішінен істелу жолдарына қарай:

1) оюлы сырмақ
2) ойыстырылған сырмақ
3) жиек сырмақ,
4) кестелі сырмақ болып бөлінеді.

Оюлы сырмақ Оюлы сырмақ – қызыл ,жасыл кездемелі ою ойып, осы оюлы сырмаққа ақ киізге , басқа да әр түрлі боялған киізге , кездемелерге жапсырып тігу арқылы жасалған сырмақ.Оюлы сырмақ киізбен астарланып қызыл матамен ойыстырылады.

Ойыстырылған сырмақ . Ойыстырылған сырмақ – екі түрлі киізден ақ пен қара, немесе басқа түстегі екі түрлі киізден оюы беттестіріліп ойылып тігілген сырмақ. Ойыстырылған сырмақ тек киізден жасалады.Киізбен астарланады. Жиек сырмақ «Жиек сырмақ» дегеніміз- сырмаққа арнап пішілген киіздердің әрбір бөлігіне жиек басып өрнектеп алып , оларды орын орыны – бойынша қайта қосып тігіп жасалған сырмақ дейді.

Кестелі сырмақ Сырмақ кестелеу арқылы жасалатын сырмақ «кестелі сырмақ » делінеді. Халқымыздың кестелеу түрлері де мол .Солардың ішінде біз кесте ,баспа кесте, шекпе кесте,шалмай кесте (кэнуа), сырмақ жасау өнеріне кең қолданылады. Бұл кестелердің ішінде баспа кесте, шыраш киіздің өзіне тіке тігіледі.Бұлар төсек сырмақта көп қолданылады.

**6.6 Сырмақты оюлау технологиясы**

Сырмақ жасаушы шеберлер өзі білетін немесе қолында бар ою үлгілерінің қайсысын алып, оны қалай орналастыруды қарастырады. Сонымен қатар киіздің көлеміне қарай оны көп кесіп, қырдасынды көп түсірмеу жағын да ойластырады. Сонан кейін сырмаққа арналған киіздің оң бетін еденге жаяды. Таңдап алынған ою-өрнектердің қағаз бен тықыр теріге түсірілген үлгісін киіздің үстіне салып, сол үлгінің ізімен өткір пышақпен немесе қайшымен мінсіз етіп қиып алады да сырмақ бетіне салады. Оң беті қара киізден ойылған

болса, оның ортасы ақ киздің ортасына түседі. Сырт оюлары ақ киздің шетіне келіп, ақ киздің ортасы осы қара шеттің ішінен орналастырылған, екі түсті, оны жөрмеп тігеді. Осы тәртіппен сырмақтың оюлы беті құрастырылып болған соң ою жапсарларының үстінен боялған жиек бастырады. Мұны жиектеу дейді. Оюларын жиекпен басып болған сырмақты астар төсеп, бетпен қоса сыриды. Сырудың тігісі де екі түрлі: біріншісі — жеке жіптің өзімен әрлі-берлі тік шаншып сыру арқылы тігу де, екіншісі — қос жіппен сырып тігу. Бұл әдіс инедегі жіптің астынан тағы бір жіпті бос төсей отырып сыру арқылы іске асырылады. Мұндай тігіс тігін машинасының тігісіне ұқсайды. Сырмақты сыру үнемі ою-өрнектердің бағытымен оюлана сырылады. Сырылып болған соң сырмақтың шеттерін тегістеп қиып, шетіне жиек бастырады. Жиек жіптер неғұрлым ашық түсті, ұяң ақ жүннен иіріледі. Ақ жүнге бояу жақсы қонады. Жиек жібін иіру алдында одан істегелі отырған бұйымының көлеміне қарап қанша метр немесе қанша құлаш керектігін алдын-ала есептеп шамалайды.
Сырмақ жүннен бояусыз басылған киізді сырыптап сәндеу. Сырмақ бірнеше түрге бөлінеді. Көлемі жағынан да бірнеше топқа бөлінеді екен. Сырмақ сыру-қолөнер саласына жатады екен.
Сырмаққа көбінесе қошқармүйіз ою-өрнегі көп қолданылады. Сондықтан қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің ең ккп түрі және әртүрлі мәнер жасауда жиі қолданылатын мүйіз тектес ою-өрнектер.Сырмаққа мүйіз элементтерінің үлгісін пайдаланамыз. Себебі, қощқармүйіз ою-өрнегі байлық пен молшылықтың нышанын білдіреді екен. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқының көшпелі өмір салтымен байланысты туған қошқармүйіз оюы неше түрлі формада қазақ бұйымдарының көбінде кездеседі. Әсіресе, киіз үй жасауларының барлық түрінде бар.

Шамалап мөлшерлеудің бұл түрін жіп иірушілер, «алқым», «домалақ» деп атайды. «Екі ұршық жіп», «бір алқым жіп», «төрт алқым жіп», «бір домалақ жіп» деген сөздер де осы шамалап мөлшерлеуден шыққан. Жиекке арналған жіпті жалаң қабат түрінде біреуін оңқай, біреуін солақай етіп иіреді. Содан кейін оларды өзді-өзіне қосады да, оны екі қабаттап екі бөлек етіп тағы иіреді. Бұл екі қабатталып иірілген екі бөлек жіпті екі «тін» деп атайды. Бұдан кейін екі «тінді» екі бөлек домалақтап мөлшерін біліп алған соң, оны бояуға салу үшін қайтадан төгеді де, жарты метр шамасындай етіп босатып шумақтайды. Мұны жіпті келептеу дейді. Келептенген жиек жіпті қазанға салып бояумен бірге аударыстыра отырып қайнатады. Қайнату үстінде жиек жіптің қылшықтары бүрiлiп, сыптығырланады да бояу жақсы сіңеді. Қазақтың халықтық әдісінде бояуға ашудас, мүсәтір, түз қосып, аздап май салады. Бояу сіңіп, қайнап болған жіпті сол келептеулі қалпында сөреге іліп, кептіреді. Бояудың бір қалыпты сіңуі үшін сөредегі жіпті де сағат сайын аударыстырып отырады. Әбден кеуіп болған соң оңқай домалақ пен солақай домалақты қатар жарыстыра отырып бір ұшынан бастап ысқылайды. Ысқылау үстінде жиек жіп тағы да тазарып әрленеді. Ысқылаудан өткен жиектің екі тінін қосып (оны ширатпайды) бір домалаққа жинайды. Мұны «бас» деп атайды. Басқа төгілген оңқай, солақай екі тінді жарыстыра отырып сырмаққа бастырады. Сонда

бастырылған жиектің қатар түскен ширатындысындағы оңқай иірім мен солақай иірім қарсыласа келіп біркелкі және әдемі таңдай өрнегін жасайды.

Қазақ қолөнерінде арнайы басылған немесе дайын тұрған ақ киіздерден жасалатын заттар көп. Сырмақ, текемет, төр киіз, тұс киіз сияқты көлемді мүліктерден басқа да көлемі шағын заттар бар. Олар: аяққап, қол дорба, сандық-қап, төсек көмкеруі, керегеқап, асмалдық (өрнектелген түйе жабу), тоқым, кебенек, қалпақ, телпек және т. б. Мұндай заттарды жасауға қажетті киізді көбінесе оюлап кеспей тұтас күйінде пішіп алып, өрнекті соның бетіне жапсыра тігеді. Ондай өрнектерді салу үшін кейде әр түсті түрлі маталарды оюластырып, кейде бір түсті матаның бетін әр түрлі жіппен өрнектеп кестелейді. Көбінесе мұндай мүліктердің шетшеті көмкеріліп, жібек жіптермен шашақталып, әр жерінде келетін баулары да тоқыма әшекейлі келеді. Кейбір қалпақ, телпек, киіз қорамсақ тәрізді мүліктер алтын, күміс, жібек жіптермен кестеленіп, сондай асыл дүниелерден әр түрлі әшекейлі салпыншақтар, жылтырауықтар қадап сәндендіріле түседі.

Сырмақтың жасалу әдісі. Әдетте сырмақ текемет жасалатын киіз немесе шымқай ақ, немесе шымқай қара болуы шарт. Киізде түйіртпек, ошаған, тесік болмауы тиіс. Мұндай кемшіліктер оюға, сыруға, біртегіс жиектеуге бөгет жасайды. Сондықтан сырмақ, текемет басатын киіздің жүні, оның өңі күні бұрын таңдалып, ол көбінесе қозы жүнінен сырмаққа, текеметке арнап бет басады. Бет болатын ақ немесе қара киіздің екеуі бөлек басылады. Оны ысырап етпес үшін көлеміне қарай әрі шағын, әрі жүнін үнемдеп жұқалау етіп басады. Сондықтан алдын ала оның көлемін, оған салынатын ою-өрнектің қандай болатынын қарастырады. Сырмақтың беті кейіннен киізбен немесе кенеппен астарланып сырылады.

Дебіске сырмақты жасағанда тұтас киіздің бетіне әр түрлі түсті матаны оюлап бастырып, сол оюлардың шет-шетіне жіңішке жиек басады. Кейде кестеленген тұтас матамен тыстап та дебіске жасайды.

Сырмақ жасаушы шеберлер ою түрлерін таңдай отырып үлгілерінің қайысын жасайды, содан кейін оюды орналастыру тәртібін қарастырады. Сонан кейін сырмаққа арналған киіздің оң бетін еденге жаяды. Таңдап алған ою-өрнектердің қағаз бен тықыр теріге немесе кленкаға түсірілген үлгісін киіздің үстіне салып, сол үлгінің ізімен өткір пышақпен немесе қайшымен мінсіз етіп қиып алады да сырмақтың бетіне салады. Оң беті қара киізден ойылған болса, оның ортасы ақ киіздің ортасына түседі. Сырт оюлары ақ киіздің шетіне келіп, ақ киіздің ортасы осы қара шеттің ішінен орналастырылған, екі түсті, оны жөрмеп тігеді. Осы тәртіппен сырмақтың оюлы беті құрастырылып болған соң ою жапсарларының үстінен боялған жиек бастырады. Мұны жиектеу дейді. Оюларын жиекпен басылып болған сырмақты астар төсеп, бетпен қоса сырады.

Сырудың тігісі де екі түрлі болады: біріншісі, жеке жіптің өзімен арыбері тік шаншып сыру арқылы тігу, ал екіншісі – қос жіппен сырып тігу. Бұл әдіс инедегі жіптің астынан тағы бір жіпті бос төсей отырып сыру ақылы іске

асырылады. Мұндай тігіс тігін машинасының тігісіне ұқсайды. Сырмақты сыру үнемі ою-өрнектердің бағытымен оюлана сырылады. Сырылып болған соң сырмақтың шеттерін тегістеп қиып, шетіне жиек бастырады. Жиек жіптер неғұрлым ашық түсті, ұян ақ жүннен иіріледі. Ақ жүнге бояу жақсы қонады. Жиек жібін иіру алдында одан істегелі отырған бұйымның көлеміне қарап қанша метр немесе қанша құлаш керектігін алдын-ала есептеп шамалайды. Шамалап мөлшерлеудің бұл түрін жіп иірушілер «алқым», «домалақ» деп атайды. «Екі ұршық жіп», «бір алқым жіп», «төрт алқым жіп», «бір домалақ жіп» деген сөздер де осы шамалап мөлшерлеуден шыққан.

Жиекке арналған жіпті жалақ қабат түрінде біреуін оңқай, біреуін солақай етіп иіреді. Содан кейін бұларды өзді-өздеріне қосады да, оны екі қабаттап екі бөлек етіп тағы иіреді. Бұл екі қабатталып иірілген екі бөлек жіпті «екі тін» деп атайды. Бұдан кейін екі тінді екі бөлек домалақтап мөлшерін біліп алған соң, оны бояуға салу үшін қайтадан төгеді де жарты метр шамасындай етіп босатып шумақтайды. Мұны жіпті келептеу дейді.

Әбден кеуіп болған соң оңқай домалақ пен солақай домалақты қатар жарыстыра отырып бір ұшынан бастап ысқылайды. Ысқылау үстінде жиек жіп тағы да тазарып әрленеді. Ысқылаудан өткен жиектің екі тінін қосып бір домалаққа жинайды. Мұны «бас» деп атайды.

Қазақ қолөнерінде арнайы басылған немесе дайын тұрған ақ киіздерден жасалатын затттар өте көп. Сырмақ, текемет, төр киіз, тұс киіз сияқты көлемді мүліктерден басқа да көлемі шағын заттар бар Олар: аяққап, қол дорба, сандық қап, төсек көмкеруі, керегеқап, асмалдық, тоқым, кебенек, қалпақ және т.б. мұндай заттарды жасауға қажетті киізді көбінесе оюлап кеспей тұтас күйінде пішіп алып, өрнекті соның бетіне жабыстыра отырып тігеді. Ондай өрнектерді салу үшін кәде әр түрлі түсті маталарды оюластырып, кейде бір түсті матаның бетін әр түрлі жіппен өрнектеп кестелейді. Көбінесе мұндай мүліктердің шет-шеті көмкеріліп, жібек жіптермен шашақталып, әр жеріне келетін баулары да тоқыма әшекейлі келеді. Кейбір қалпақ, киіз қорамсақ тәрізді мүліктер алтын, күміс, жібек жіптермен кестеленіп, сондай асыл дүниелерден әр түрлі әшекейлі салпыншақтар, жалтырауықтар қадап сәндендіріле түседі.

Бұйымдардың көпшілігі ою-өрнектермен әсемделініп жасалынады. Жасаушылардан ерекше талғампаздықты, нәзіктікті, эстетикалык талғамды талап етеді. Қолөнер окушылардың өзіндік шеберлігін, әсемдікті сезіну қабілетін арттырып, ұлттық санасының қалыптасуына негіз калайды. Халық педагогикасы - оқушыларды колөнерге баули отырып адамгершілікке, өнерді сүюге тәрбиелейді. Қазак халкының қолөнері оның тарихымен бірге өсіп, біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Ою-өрнектердің өзіндік шығу тарихы бар. Мысалы, «Белін таянған қыз» өрнегі әйел адамның белін таянып тұрган сәтін көз алдыңа елестетеді. Бұл ернек көбінесе кілем, шұлык пен колғап тоқымасында колданылған. Қазактардың оюын сипатына карай теңдеме, жүздеме, сыңар ою деп топқа бөлуге болады. Әр түрлі бұйымдардан кестелеу, зерлеу, сыру, шым кестелеу, өру, бедерлеп салу, құю секілді бедерліктің үлгісі сезіліп тұрады. Жалпы қазақ колөнер шеберлері өлшеп-пішпей-ак екі заттың

тең пропорциясын жасай білген. Әрбір қолөнерші жасап шығарған бұйымының оюн-өрнегіне атау таба білген және оны халық түсінігіне лайықтай алған. Көненің көзі мен тарихының сөзіне айналған құлпытастардың өзі ою- өрнексіз болмаған. Ескіден қалған күмбез, мешіттердегі көркемдік те ою- өрнексіз жүзеге аспаған. Бұл ою-өрнектер тек қана көркемдік үшін алына салмаған. Оның астарында бүтіндей бір халықтың тұрмыс тіршілігі « жасырынып » жатыр. Аңшылық өнер, көшіп-қону көріністерінің бәрі нақышқа айналған халықпыз деп осы тұста түйін де жасауға болады. Қазақ халкьның ою-өрнегіндегі ең негізгісі - «Қошқармүйіз» немесе «Мүйіз». Осы «Мүйіз» өрнегінің өзі бірнеше түрге бөлінеді. «Сыңармүйіз», «Ою-өрнек Сынықмүйіз», «Қырықмүйіз» т.б. Бір сөзбен айтканда «Мүйіз» өрнегінің ел тұрмысында араласпайтын саласы жоқ. Өнертанушы ғалым В. Чепелев: «Қазақтар - тек ою-өрнек әлемінде өмір сүретін сияқты» деп текке айтпаса керек. Өйткені халық мұрасындағы ұлттық өрнектерінің үйлесімді рендері ата-бабаларымыздың тұрмыс - салт- дәстүрін бейнелеген ғой. Анықтап айтқанда, халқымыздың тарихын, шежіресін, жағрапиясын, мінезін, ерлігін дәл бейнелейтін ою-өрнектен өзге құдіретті өнер жоқтың қасы. Бұл өнер әрбір халықтың болмысымен бірге туып, біте қайнасып келеді. Қазақ ою-өрнегінің табиғаты халық өнерінің тарихи дәуіріндегі сұлулық пен әсемдікті көре білетін, бакылай алатын зерделі азамат тәрбиелеуге айрықша ықпал ететіні анық. Тағы бір айта кететін нәрсе, қазақ халқы ұлттық киімді әшекейлеуге барынша ықылас аударған. Әр өрнекке өзіне сай орын тандаған. Мәселен, бас киімде кездесетін ою-өрнектер сырт киімде немесе бүт киімдерде қолданылмаған. Мұның өзіндік себептері де бар «Ит құйрық» аталатын өрнек ешкашан бас киімдерге қолданылмаған. Мұның астарында «Дұшпаның кеудеңнен жоғары өрлемесін» деген ырым жатыр. Бұл өрнек «Дұшпаның төмен болсын» деген ниетпен көбінесе ер адамдар шалбарының жырык балағына өрнектелген. Қыз балалардың бешпетіне, көйлегіне гүл тәрізді немесе қанатты қарлығаш секілді өрнектер бейнеленген. Ал ер баланың киіміне найзаның ұшы, бүркіт, қошқармүйіз секілді ою- өрнектер батыр, алғыр болсын деген ырыммен жиі қолданылатын болған. Ою-өрнектеде мазмұн бар. Ол халықтың салт-дәстүрімен үйлесін, сабақтасын жатады. Қорыта айтқанда, халық мұрасындағы ұлттық өрнек өнерінің танымдық, эстетикалық мәні ерекше демекпіз. Дәстүр жалғастығын ұрпақтан ұрпаққа аманаттау - ендігі жерде біздің міндетіміз.

| Ою-өрнек түрлері | Мысалдары |
|---|---|
| 1. Зооморфтық | Қошқармүйіз, құсқанат |
| 2. Өсімдік тектес | Арпабас, сегізжапырақ |
| 3. Геометриялық | Ирек, сызық, т.б |
| 4. Космогониялық | Айшық, жұлдызша |

Бұйымдарға өрнектерді орналастыру үшін симметрия сақталу қажет. Симметрия дегеніміз - ою-өрнектің екі жағының тең болуы. Ою-өрнекте бір элемент қайталанып келсе мұны ритм дейміз. Бұйымға салынатын ою-өрнектің

бояу түрлерінің бір-бірімен үйлесіп, жарасым табуы - колорит деп аталады. Жалпы алғанда, ою-өрнек - әдемі ырғаққа арнаулы жүйемен құрылған өрнек бөлшектері.

Қорыта келгенде, мұндай қолөнер бұйымын жасау мектеп оқушыларына эстетикалық тәрбие бере отырып, ұлттық өнерін ұмытпай сақтау және келешек ұрпаққа жеткізетін аманат болып есептеледі. Ал осы атадан балаға мұра болып келе жатқан сырмақ, текемет сынды қолөнер бұйымдарының жасалу жолдарын, әдіс-тәсілдерін жас ұрпаққа жеткізу, үйрету мұғалімнің міндеті деп есептеймін.

## 7. Ши тоқу өнері

**Ши тоқу** – көне кәсіптердің бірі. Ши тоқуға қазақтар шидің сабағын қолданған. Ол үшін әуелі әр шиді белгіленген сурет бойынша түрлі түсті жүннің иірілмеген талшықтарымен жеке-жеке шырмап алады. Бұдан соң оларды біріктіре тоқып кілемдей әсем сурет шығарады. Осылайша тоқылған шым шимен киіз үйдің керегелері айнала қоршалған, сондай-ақ киіз есіктің ішкі жағына тұтылған.

Төңкеріске дейінгі қазақтардың өмірін өрме шисіз елестету мүмкін емес. Ол бүгінде де кеңінен сақталып қалған. Ши өрмелер жүн мен жіп, киіз бұйымдар жасау, сондай-ақ тағамның кейбір түрлерін (мысалы, дәстүрлі тағамдар – ірімшік, құрт және т.б. ши үстінде кептіріледі) әзірлеу кезінде төсеніш ретінде қолданылады.

Оюлы шым ши – киіз үйдің ішкі жасауының қажетті элементі. Ол негізінен суық кездерде киіз үйдің ішін жылыту үшін қолданылған. Шеберлердің киіз үй жасауын түрлендіруге деген ұмтылысы оюлы ши тоқу кәсібін дүниеге келтірді. Ши тоқу кәсібі біздің заманымызда да кең тараған.



Сурет 10 - Қазақтың ши тоқу өнері

Ши тоқу (орау) — бұрын және қазіргі кезде қазақ халқы мен Орта Азия халықтары арасында кеңінен тараған өнер. Күнделікті тұрмыс пен шаруашылық қажеті үшін тоқылған ши қазірге дейін кеңінен пайдаланып келеді. Оны киіз үйдің құрамдас бір бөлігі ретінде кереге сыртына тұтуға, сондай-ақ үй ішіндегі ыдыс-аяқ, ошақ басын қоршай қоюға, киіз үйдің есігіне ұстауға, әр түрлі үй шаруашылық мүддесіне (мәселен, киіз басу жұмыстарына, шиоды киіз сырмақтың асты ылғал тартып, бүлінбеуі үшін солардың астына төсеуге, сонымен бірге құрт жаю, тары сүзу т. б. ) кеңінен пайдаланылады.



Сурет 11 – Ши тоқу өнері

Қазақ халқының қолөнері саласында ши тоқу, оған боялған түрлі-түсті жүн орап, өрнектеп безендіру ісі ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан ұлттық өнері болып табылады. Ши сырт көрінісіне қарай: ақ ши, ораулы ши, шым ши болып үш топқа бөлінеді. Олардың әрқайсысы өз орнымен әр түрлі мақсатқа пайдаланылады. Атап айтқанда, қабығынан тазартылған аң ши ді көбінесе құрт, ірімшік т. б. жаю үшін қолданылатын болса, ұзына бойы әр түсті жүнмен немесе жібекпен оралған шым ши киіз үйдің сәнді жиһаздарының бірі болып табылады. Ал оң бойы тұтас емес әр жерінен аралатып оралған шиді орама ши немесе ораулы ши деп ат айды. Бұл да ши сияқты сәндік жиһаздарының бірі. [23].

### 7.1 Ши тоқудың түрлері және технологиясы

Ши бұйымының жалпы сырт көрінісіне қарай: ақ ши, ораулы ши, шым-ши деп үш топқа бөлуге болады. Мұндай ши түрлері қазақ арасында әрқайсысы өз орнымен әр түрлі мақсатқа пайдаланылады. Мысалы, қабығынан тазартызған ақ шиді көбінесе құрт, ірімшігк, т.б. жаю үшін, сондай-ақ сүзгіш шыпта жасау, үйдің төбесін біртегіс салуға ыңғайлы болу үшін қолданатын болса, ұзына бойы түсті жүнмен немесе жібекпен оралған шым-ши киіз үйдің сәнді жиһазының

бірі болып есептеледі. Ал өн бойы тұтас оралмай әр жерінен аралатып оралатын шиді орама ши немесе ораулы ши деп атайды.

Демек, киіз үйдің керегесін орай тұтуға көбінесе жоғарыдағы айтылған шидің соңғы екі түрі: шым-ши мен орама ши пайдаланылады. Шым-шиді кейде «жез ши» деп те атайды (бұл ерте уақыттағы жер оралған кезден қалған атау болса керек). Шим деген сөздін өзі түрлі түсті деген мағынаны береді.

Ши тарту, оны аршу, орау, жүн орап тоқу науқан сияқты, ауыл азаматтарының бәріне ортақ жұмыстар. Ши тартуға ауылдың қыз-келіншектері мен жігіттері жиналып, орталарынан соятын қойын, қымызын дайындап, домбыра, қобыз алып, ұйымдасқан түрде кірісетін. Қазақтың «ши тарту биі», «ши шымылдық» дейтін ұлт ойындары содан қалған.




Сурет 12 – Орама ши, тоқылған ақ ши

Өрнектеп ши тоқу өнерін қазақ шеберлері қолданған. Олардың ши бетіне салаған түрлері жүзтеру деп аталды. Әр қайсысы шаршыға тең алты шаршыдан кейін, оның екі жағынан шыбық ши, одан кейін, алақан ши жалғасады. Алақан шиге түр салынбайды. Көшіп – қонғанда түр салынған жағы түтіліп, тез тозып қамау үшін, алақан ши шым-шыдің екі жағынан салынады. Кереге сыртынан бір босағадан екіші босағаға дейін, шиді айналдыра тұтуды – ши ұстау деп атайды. Ұсталған шидің екі шетіндегі керегеге байланатын жіпті шибау дейді. Халық шеберлері табиғаттың байлығын өздерінің күнделікті тұрмысында қажетке жаратуға өте ұста болғанын ертеден-ақ білеміз. Оған керегеге тұтылар киізді шимен ауыстырғаны қарапайым ғана мысал бола алады. даланың шиін өңдеп, тоқып, кәдеге жарату қиын да жұмыс болмағанмен оны көркемдеп, мәнерлеп, әдемі кілем іспетті дүние ету оңай да іс емес. Әйтеуір халқымыздың қалаулы шеберлері жасаған шым-ши киіз үйдің керегесін сыртынан жауып, киіз есіктің ішкі жағынан тұтылады. Шидің әрбір сабағына түрлі-түсті жүннен, кейде жібектен оралған белгілі ою-өрнектермен түгелдей безендіріліп өрнекті де әсем заттар мен бұйымдар жасау ертеден мәлім, ши өңдеу мен тоқуға қатысты қалыптасқан терминдер де бар. Мысалы, аршу деп тоқудың алданда

ши сабағының қабығын аршуды атайды. Шиді аршумен бірге оның ішінде жүн орауға жарамдысы да, жарамсыз да болады. Сондықтан жарамдысын таңдап, бөлектеп аршып алуды сұрыптау деп атайды. [24].

Сұрыпталған шиді әрбір иненің тұрқы жеткенше өткізіп қоюды тізу дейді, ал шиге өрнек саларда оны алдын ала өлшеп алып, жіп оралатын жерін белгілеуді сызу деп атайды. Оны көбінесе пышақпен, қарындашпен, сондай-ақ отпен де күйдіріп белгілейді. Сызылған белгі бойынша инеге өткізілген шиге түрлі – түсті жүннен орап үлгі салып шығуды түр салу деп атайды. Оралған шиді, салынған белгісіне қарай, өрнек бойынша ши сабақтарын дұрыс орналастыруды да шеберлер тізу деп атаған.



Сурет 13 – Ши тоқуға қажетті жүндер

Қазақтың ұлттық қолөнерінің ерекше бір түрі — шым ши тоқу. Шым ши тоқуда, негізінен, оюдың композициялық құрылыстың маңызы ерекше. Бұл саладағы қазақ шеберлерінің қолданылып жүрген қазіргі барлық ою түрлері композициялық жағынан: жекелеген және тұтас ою, бір беткей ұзындық ою, екі жақты ұзындық ою болып бөлінеді. Шым ши тоқу өнерінде кездесетін қазақ оюларының ішіндегі жоғарыдағы аталған жекелеген және тұтас ою формасын «шаршы ою» деп те атайды. Шым ши тоқуда геометриялық ою элементтері ромбы, төрт бұрыш, шаршыдағы жұлдыз, үш бұрыш, көп бұрышты немесе сүйірлі бұрыштанып келген крест тәрізді болып келеді. Бетіне салған түрлері «жүзіктеу» деп аталады. Алты шаршыдан кейін, оның екі жағынан шыбық ши, одан кейін алақан ши жалғасады. Алақан шиге түр салынбайды. Көшіп-қонғанда түр салынған жағы түтіліп, тез тозып қалмау үшін алақан ши шым шидің екі жағынан салынады. Кереге сыртынан бір босағадан екінші босағаға дейін иінді айналдыра тұтулы — ши ұстау деп атайды. Ши тарту, оны артып орау, жүн орап тоқу — ауыл азаматтарының бәріне ортақ жұмыстар. Жалпы ши тоқу өнерімен кең түрде әйелдер айналысқан, осы өнерді білетін шеберлер шидең өздеріне керекті күнделікті тұрмысқа пайдаланатын заттарды тоқып алған. Ал шиді тарту, оны көлікке тиеп, түсіру ауыр жұмыстарын ер азаматтар атқарған. Тоқылатын шиді мал

баспаған жерден ши өсіп жетілген кезінде тартып (суырып) алады. Шиді таңертең немесе жаңбырдан кейін тартады, мұндай кезде шидің түбі жібіп суырылғыш болады. Тартып әкелген шидің бәрі түгелдей тоқуға жарамайды, сондықтан олардың жарамдысын іріктеп алады, қабығын аршиды, содан кейін көлеңке жерге қойып келтіреді.

Осындай атадан балаға мирас болған ши тоқу өнерін меңгерген адам оның қазіргі тұрмысқа бейімдеп, жаңаша сипат беріп, сәндік бұйым ретінде пайдалана алады.Өрнектерін тек оюю – өрнекпен шектеп қоймай әр түрлі тақырыптық композициялар құрастыра отырып тоқуға болады. Шым- щи тоқу жұмысындағы негізгі материал дала өсімдігі ши мен түрлі – түсті бояуға боялған немесе қойдың табиғи ақ және қара жүндері болып қалмақ. Ши тоқу негізінен арнаулы аспалы станоктарда тоқылған болса, менің тәжірібиемде планшет бетінде тоқылады. Тоқылатын ши көлемінен үлкенірек бишпет алынады ( бұл шым-ши тоқу станогы). Осы планшетке алдын ала дайындаған эскиз ілінеді (1).

Эскиздің үстінен ара қашықтығы бірдей етіп бірнеше шеге қағылады да осы шегелерге шым-шмді бір – бірлеп байлап отыратын арқау жібін байлаймыз (2).

Ендігі кезекте алдын ала тазаланып, іріктеліп алынған шилер түбі мен бас жағы (жуан, жіңішке) кезектесе отырып бір – бірлеп байлады (3).

Арқау жіптерінің түзу болып түсіне назар аударамыз. Тоқу бояумен салыған эскиз тұсына жеткенше қарындашпен әр түстің тұсына белгі салып алып, осы белгі бойынша жүнді бір бағытқа қарай бір келкі, тегіс етіп орап өткіземіз.

Оралған әр ши бір – біріне байланып отырады, орау баысында шидің түстері ауысып кетпеу ұшін эскизбен салыстырылып отырылады. Орап оны бір – біріне байлап отыру нәтижесінде эскиздегі сурет еш ауытқусыз ши бетіне өрнектеліп бетіне шыға береді.

Ши тоқу аса шыдамдылықты, ұқыптылықты талап етеді. Ғажайып өнер туындысы шебердің сағаттар бойы табжылмай отырған еңбегі нәтижесінде пайда болады. . [15,34 б].




**(сурет-2) шым-ши тоқу түрі**

**Шым-ши тоқу технологиясы**

**Ши даярлау** **Жүн даярлау**
**Эскиз даярлау**

**Күз мезгілінде орып** **Тазалап тікенін**
**Шидің ұзынды-**
**не шауып алмай, бір-** **айырады.**
**қысқалығына**
**бірлеп** **тартып** **алынады.**
**қарай картонға**

**эскиз жасалады**

**Жуады**

**Кептіреді,** **Арнайы жүн**
**Жүн орауға**
**тазалайды,** **бояуымен бояйды.**
**ыңғайлы етіп**
**тегістеп** **еседі.**
**ұсақ детальдар**

**стилденеді.**

**Қайнап тұрған суға** **5-8 мин жүнді**
**қажетінше бояу салып** **қайнатады да осы**
**бір шымшым тұз** **бояуды суда тәулік**
**асырып**
**салады.** **бетін жауып қояды.**

**Кептіреді, түтеді**

(Сызба-3) Шым-ши тоқу технологиясы

## 7.2 Ши тоқуға қажетті материалдар

**1. Қамыс (ши)**

Қамыс (Phragmites) – астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Қамыстың жер шарында кең таралған 7 түрі, Қазақстанда грунт сулары жер бетіне жақын жатқан шалғынды, құмды, сортаң жерлерде өсетін 2 түрі бар. Ең жиі кездесетіні кәдімгі қамыс немесе құрақ (Ph. communis). Оның биіктігі 0,8 – 6 м. Тамыры жуан, жақсы жетілген, сабағы тік. Көп гүлді масақтары сыпыртқы гүлшоғырына топталған. Қамыс – су өсімдігі, сондықтан өзендердің сағасы мен көлдер, арықтардың жағасында қалың тоғай құрып өседі. Қамыстан себет тоқылады, құрылыста қолданылады, химиялық өңдеу жолымен шайыр, метил спирті, сірке қышқылы, қағаз алынады.



Сурет 14 - Қамыстың өсірілу жағдайы

Бүгінгі ел аумағында өндірілетін және құрылыста қолданылып жүрген материалдардың дені тығыздалған ағаш, қамыс жоңқалы тақталар шығару қолға алынды. Қамыстың суда өсетіні белгілі және ағашқа қарағанда 48% ылғалға төзімді болып келеді. Сондықтан жылдар бойы жете мән бермей жатқан қамысқа деген сұраныстың күрт өсуі түсінікті жағдай. Қазақстанда тақталы материалдарды тұтыну негізінен жиһаз өндірісі мен құрлыс жұмыстарында байқалады. Шетел мемлекеттерінің де қамысқа деген сұранысы артуда. Қамыстың бағалылығы, беріктігі, ылғалға төзімділігі, өңдеуге жеңілдігі мен экологиялық жағынан таза материал екені белгілі. Қамыс көгіне сиыр, жылқы, қой ұстап сүт, қымыз, ет секілді арзан мал өнімдерін өндіруге және қамыс пішенін орып - жинап, жем - шөп қорын жасауға немесе баулап базарға сатуға да болады. Қамыс деген нағыз кәсіп пен табыстың көзі. Қазіргі кезде қамыстан тоқылған стол, орындықтар да саудаға шығарылуда. Жалпы себеттерден тоқылған түрлі бұйымдар жасап жатқандығын да көреміз. Қамыстың пайдасы құрылыста да қолданылады

**Ши тоқуға қажетті құралдар**




Сурет 20 – Ши тоқитын құралдар

Ши тоқу үшін екі ағашты белгілі қашықтықта тік қадап, екі ашаға көлденең ағаш қойып, арнайы жасалған қарапайым станок пайдаланылады. Станоктарды киіз үй ішіне немесе жабық бастырма астына орнатады. Атаның үстіне қойылған, арқалықтың биіктігі 120—130 ем, түрегеліп тұрып тоқуға ыңғайлы болғаны.

Станок (сырық) дайын болған соң, тас салмаға оралған жіптерді арасын 10—15 ем етіп жалпы саны ши талының ұзындығына байланысты арқалыққа көлденең асады. Содан соң бірінші шиді жіп үстіне салып салмалы әрлі-берлі айқастыру арқылы шалып бастырады. Осылай көлденең сырықтың үстіне салынған ши бастан-аяқ тоқылғаннан кейін екіншісі салынады, осы тәртіп ши тоқылып біткенше қайталанып отырады.



Сурет 21 – Ши тоқитын қондырғы

Тоқылатын шидің екі шеті берік болу үшін шидің басталатын жағы мен аяқталатын жақ шетіне үш-төрт шиді қабаттан, әуелі өз алдына бір рет,

ширатылған жүн жіппен айқастыра үшбұрыштардың тізбегі сияқты етіп байланыстырады. Бұл жерді шидің «алақаны» деп атайды. Шиді баулау үшін қарақұсқа бекітілетін бауды «шибау» дейді. Тоқылып болған шидің бас аяғын тегістеп қырқады, кейбір шеберлер осы қырқылған шидің екі жақ шетін әдемі матамен көмкеріп тігеді.

Шиді жаңа өрнек суретімен тоқудың айтарлықтай өзгешелігі болады; алдымен шиді орайтын үлгі жасалуы тиіс. Орайтын жіптердің түсі осы үлгідегі өрнектер суретке сәйкес болуы керек. Шидің бір шеті жұқа. екінші жағы қалың болып кетпеуі үшін, орайтын шидің түп жағымен шашақ жағын үнемі кезектестіріп, алмастырыл салып отыру керек. Ши тоқитын жіпті екі қабаттап ширатып, бірнеше домалақ етіп дайындайды, бұл домалақтарды салмақты ету үшін темірге немесе тасқа орайды.



Сурет 22 – Ши тоқитын қондырғы

**7.3 Шым – шидегі ою-өрнектің мәні және технологиясы**

Шым-ши тоқу – қазақтың қолөнер саласындағы ұлттық өнерінің ерекше бір түрі. Өрнектеп шым-ши тоқуда болсын, халықтың қолөнерінің қайсыбір саласында болмасын, қазақ әйелдерінің шеберлік, көркемдік талғамы өзінің табиғи шынайылығымен көз тартады.

Шым-ши тоқуда, негізінен, оюдың композициялық құрылысының маңызы ерекше. Бұл саладағы қазақ шеберлерінің қолданып жүрген қазіргі барлық ою түрлерін композициялық жағынан: толық жекелеген және тұтас ою, бір беткей ұзындық ою, екі жақты ұзандық ою, екі жақты ұзындық ою (компоненттері бойлай да, көлденең де тепетеңдіктегі ұзындық ою) болып бөлінеді. Шым – ши тоқу өнерінде кездесетін қазақ оюларының ішіндегі жоғарыдағы аталған жекелеген және тұтас ою формасын «Шаршы ою» деп те атайды. Оған белгілі геометриялық фигурадағы төрт бұрышты, дөңгелек, үшбұрышты, тағы басқа көп бұрышты оюларды жатқызуға болады. Олар шым-шидің бетін тұтас сәндеуге қолданылады. Мұндай оюлардың қайталанып келіп отыратын күрделі

композициялы қиын түрлері сәуле, шахмат, ұзындық оюларын ашық жерге түсіргенде геометриялық қоршау, көмкеру кезінде сол мотивтегі бөлшектермен оюланып, жиектеледі. Бұл сияқты шым-ши бетін әшекейлейтін қазақ, қырғыз оюларының негізі – кейбір геометриялық мотивтегі элементтер мен өсімдік және зооморфтық, тағы басқа оюлардан құралған ба, деген ой келеді. [30].

Шым-ши тоқуда геометриялық ою элементтері ромбы, төрт бұрыш, шаршыдағы жұлдыз, үш бұрыш, көп бұрышты немесе сүйірлі бұрыштанып келген крест тәрізді болып келеді. Бұдан геометриялық ою элементтері шым-ши тоқу өнерінде ғана сақталған екен деген ой тумау керек. Мұндай оюлар ерте заманнан керамика, үй құрылысында және күнделікті үй мүліктерінде алаша, кілем, киіз өрнектеу салаларында жақсы сақталған. Алайда геометриялық оюдың шыққан тегі анықталды деп үзілді-кесілді айту қиын.

Дегенмен, мұндай оюлардың түрі алғаш рет еңбек құралдарын бейнелеу, кеінгі бақташылық дәуірде үй жануарлары мен жабайы аңдарды белгілі жерге дағдыландыру орындарын суреттейтін бізге келіп жеткен ромбы, көп бұрышқа ұқсас қолдан тоқылған кескін үйлесімінен шықты деп шамалауға болады.




Сурет 23 – Шиден тоқылған дайын бұйымдар

Осыдан біз халық қолөнер шеберлерінің ұзақ жылдар бойы көшпелі тұрмыс жағдайына сәйкес жасаған заттары негізгі кәсібіне орайлас өрістегенін байқаймыз. Өнердің мұндай түрімен Орта Азиядағы басқа халықтардың ішінде қырғыз халқтары да ертеден айналысқан. Өрнектеп шым-ши тоқудың технологиясы мен әдістері кейбір Кавказ халықтарына да белгілі. Мәселен, Азербайжан тұрғындары күрдтар да шатырдың қабырғасын әсемдеуге пайдаланады.

Қазақтың өрнекті шым-шиі ең алдымен өзінің декоративтік жарқын бенелілігімен ерекшеленеді. Декоративті ши тоқуда салынған өрнек түрлерінің ірі болып, бояу түстерінің сәйкес келуі, көбінесе қызыл, ақ, көкшіл сілемінің басымдылығынан көрінеді. Басқа сары, жасыл, қоңыр түстер бос қалған жерлер мен жиектерін толықтыру үшін түсірілетін кейбір майда түрлер салу үшін қолданылған.

Әр түрлі варианттағы көп бояулы түрлер салынған шилер өз алдына бір топқа жатады. Оның бояулары қазақтың қолөнер саласындағы басқа да барлық өнерінің түріне қатысты. Бұған барлық кеңістікте текпішекті ромба түрінде, бірінен соң бірі келіп отыратын композицияда тоқылатын шиді жатқызуға болады. Мысалы, көп бояулы болып келген жағдайда белгілі бір тәртіп сақталып, бояулардың ауысып келіп отыратындығы байқалады.

## 8. Сәндік қолданбалы өнердегі кілемше тоқу түрлері.

**Кілем тоқу өнері-** «Қолөнері – кілемде, сөз өнері - өленде» демекші қазақ халқының қолөнерінің ішіндегі тоқу өнері кең орын алады. Тоқу өнері қазақтың көшпелі тұрмысы мен мал шаруашылығына байланысты болғандықтан қой, түйе жүндерінен кілем, алаша, бау, басқұр, қоржын, қол дорба ,терме, т.б. көптеген үй мүліктері тоқылады.

Халық «үй жасауы- кілем»дейтіндей тұрмысымызда кілемнің әрі тұтынушылық, әрі сәндік маңызы бар. Кілем бұйымдарының тоқылуына байланысты бірнеше тоқу түрлері болған.

Кілем түрлері:

1. Кежім терту- Қазақстанның Оңтүстік және Батыс өңірінде кең дамыған. Мұндай кілемдердің оң жақ беті тегіс және тығыз, ал теріс жағында өрнек жасауға қатыспаған бос жіптер қалады.
2. Арап кілем – бес кесте әдісімен жасалады. Мұнда өрнектер қосымша түсті арқаулар арқылы тоқылады. Оң жақ беті дөңес кестелі, ал теріс жағына кесте өрнегі түспейді.
3. Терме- өзінің өте тығыздығымен, бедерлі болуымен көзге түседі. Бұл түрлі жіптердің әр түрлі айқасуымен пайда болып, сурет тек оң жақ бетіне түсіп, сол жақ бетіне тек арқау мен негізі жіптер бөлінеді.
4. Ақ басқұр – түрі түксіз болып келеді.
5. Түкті кілем – егіз және арқау жіптермен қатар шалу жібі арқылы тоқылады. Мұндай кілемнің негізі және арқауы жекелеген жіптерден, шалу жібі бір –біріне тығыз орналасқан түйіндерден тұрады.
6. Түксіз кілем – тоқылу негіз және арқау жібінің айқасынан пайда болады. Түр жасаушы түсті арқау жіптері негіз жібін тоқылу барысында көрсетпей жауып тоқылады.

Кілем тоқылу үшін керегі жүн талшығы, арнайы жасалған қол станогі мақта жіптерінен негізгі және арқау жіптері, ығыстаушы тарақ, қайшы және салынатын өрнек эскизін пайдаланамыз. Кілем екі жіптің айқасуынан пайда болатындықтан қол станогіне құрылған жібіміз негізі, ал айқасушы жіп арқау жібі болып есептелінеді. Кілем негізі мен арқау жіптері тоқылу барысында перпендикуляр болып орналасып отырады. Қазақ кілемдері түркі тектес халықтар кілемдерінің қазіргі үлгілеріне өте ұқсас. Қазақстанның Оңтүстігінде

түкті және түксіз кілемдерді қолдан тоқу дамыған. Олардың негізгі өрнектері «күмбез», ал жиектерінде текшелі өрнектері «қорған» деп аталып , оны бойлай күлгін түсті «су» өрнегін жүргізеді. Бұл зәулім күмбезді, тас қамалды, елестетеді.

Жалпы кілемді қолдан тоқу барысына тоқталсақ:

Түкті кілем:

1. Қол стоногін дайындау(арнайы өлшемді рамканың жоғары және төменгі жағына екі қатар ұсақ шеге (0,5см аралығында)шегелеу).
2. Ұсақ шегенің көмегімен негізгі жібін тарту.
3. Эскизін түсіру(тор көзді ақ бетке айқас сызықпен тоқу өрнегін есептеп салу).
4. 7-8 рет алма кезек арқау жібін өткізу.
5. Эскиз бойынша түк шалу.
6. Бір-біріне тығыз орналасқан шалу түйіндерін бастыра арқау жүргізу.
7. Шалу жіптерінің ұшын біркелкі қырқу(қырқылғаннкейін пайда болатын қалың түк түйіндерді көрсетпей жауып тұрады).
8. Түкті тығздау (арнайы тарақпен нығыздалады).
9. Бітер жақ тықыр шетін тоқу.
10. Біткен кілемді алу (станоктан негізгі жіптен қырқып алып,негізгі жіпті түю).
11. Шет тігісімен тігіу.
12. Шашақ жасау.

Тықыр кілем тоқылуы түкті кілемнің тоқлуына ұқсас басталады. Бірақ түк шалынбайды. Түктің орнына өрнек бойынша әр түрлі түсті жіптер арқау жібініңорнына тоқылып отырады.

Қазақ халқының арнасы кең, қолөнерінің түрі сан алуан. Осы өнер түрлерінің қай – қайсысында болмасын ою – өрнек өнері қатысып, оларды әсем, сәнді мазмұнды көрсетіп отырған. Қазақ халқы осы кәсіпшіліктің арқасында өздерінің материалды қажеттілігін өтеп қана қоймай, дер кезінде балаларына оның қыр сырын түсіндіріп, жаслу жолдарын көрсетіп отырған.

*Оңтүстік Қазақыстандағы түкті кілемдер-* Қазақ халқының қолөнері деп, халық тұрғысында жиі қолданатын шығармашылық өнер жиынтығының бірі-кілем өнері. Кілем өнері- қолданбалы сәндік өнерінің бірі бола тұра,оны түрлі-түсті өрнек салып тоқылған жиһаздық үлесі мол. "Үй жасауы- кілем" деп халық бекр айтпаған. Кілемді жайғанда төсеніш, ілгенде сән болып үйге әр береді. Сонымен қатар кілем бөлме жылылығын сақтап, дыбысты бәсеңдетеді. Осындай асыл қасиеттерімен үнемі елдің көңілінде жүретін өнері біздің заманымызға сонау көне дәуірден келген тілсіз хат секілді, өзінің айбынды ерекшілігімен бүкіл әлемді дүр сілкіндіруде. Кілем бетіндегі сан қилы сәнді өрнктерге зер сала карасаңыз, тұнып тұрған халық өмірінің шежіресін

көргендей боласыз. Ол ,сірә, тарихи ескерткіш сияқты, бір кезде өмір сүрген халықтың тұрмысы, олардың қандай іспен айналысқандығы жайлы көптеген маңызды нәрселер кілем бетінде баяндалған. Ондағы суреттер қаншама өрнектеліп бейнеленсе де одан өмір шындығын аңғару қиын емесү.

Шығыс елдерінде оны тоқып, тұтыбаған халық болған емес. Рас, кілемді тоқыма, оған өрнектерді мәнерлеудің өзі ұнамды. Өйткені, сол өрнектер арқылы кілемге сырыңызды шертіп отырғандай сезінесіз. Ал кілемді тоқып отырғанда жанға жайлы, рахат сезімге бөленесіз. Мұның өзі кілем тоқушы шеберлерге әбден мәлім болар. Егер де, кілем тоқу адамның көңілінен шықпаса, онда оны тұтыну мүмкін емес. Түркі елдерінде тоқылатын кілемдер ішінен түрікмен, әзібайжан, қазақ, қырғыз, кілемдері көрнектілігі ерекше жағынан ерекше көзге түседі. Ұлттық кілемдер сол түркі тілді халықтар арасындағы қолөнердің негізгі түрі бола тұра кілемдердің тоқылу мәнері, материалы, көлемі, ою-өрнегі жәнебояу үйлесімі әр түрлі болып келеді.

Кілемдер мен кілемдік бұйымдарды ең ерте заманнан шығарып келе жатқан елдің бірі- түркімендер.

Ал керемет қиын да қызықты өнер Қазақстан топырағында бұдан мың жылдар бұрын, қарапайым халық өнерпаздарының ойқазынасынан шығып, шебер қолдарымен тоқылатын. Кілем күнделікті тұрмыста кеңінен пайдаланылатын жүннен жасалған бұйымдардың ішінде басты орын алып, әлі де өз маңызын жоғалтпай келеді. Еліміздің түкпір- түкпірінде кең тараған осы бір өнер түрінің кең өріс алып, бай мазмұн-мағынаға ие болып, одан әрі дамып отырған жері, әсіресе Республикамыздың Оңтүстік өңірлері, атап айтқанда, Шымкент, Қызылорда және Жамбыл облыстары. Тұрмыста қолдану сипатына. Әркімнің қолда бар шикізат мөлшеріне қарай кілем тоқудың түрлері де әр алуан. Әркім өз қалауынша көлемін таңдап алған қалыпқа лайықтап, қазіргі тұрмыста кеңінен қолданып жргені түкті кілем. Түкті кілем тоқылуына, материалына, көлеміне, ою-өрнегіне, түстік ерекшілігіне, тұрмыста қолданылуына,қлттық және рулық үлгілеріне қарай әр алуан атауларға ие боган. Тек қана қазақ жерінде оның сан түлі атаулаы бар. Мәселен, қоңырат кілем, қалы кілем, пазылық кілем және т.б.

Сондай-ақ, "Кілем сыры-түгінде" дегендей, кілем биік түкті болып екі түрге бөлінеді. Биік түкті кілемді жерге төсеніш ретінде жайса, аласа түкті кілемді керегеге сән етіп іледі. Осыдан кейін, кілем түгінің биік- аласалығына, қалың-сиректігіне байланысты неше түрлі атаулары болды. Тек кілемнің түріне қарап қана атау берілмеген, сондай-ақ оның жоғарыда айтып кеткендей көркемдік жағындағы үлесіне ("масты кілем"), қай жерде қандай мәнерімен қолданылуына ("орда кілем"), мән-мағынасына ("арнау кілем"), ("жұлғыш кілем") қарасты атаулары жетерлік. Осындай көптеген атаулардың өзі-ақ, қазақ

халқының кілем тоқумен  айналысқандығын және кілемнің әр жерде әр алуан мәнерде тоқылғандығын аңғартады. Сондай-ақ түкті кілемді көркемдік жағынан байыту, яғни мәнерлеп өрнектеу, әр түсті айшықты бояу қолдану әр заттың сипатына, тоқушының өр қиялына және іскерлігіне байланыстыәр аймақта, әр алуан. Сонымен қатар, кез-келген кілемнің өзіндік мәні, мағынасы зор. Өйткені, әрбір өрнектің , ондағы бояу үйлесіміндегі философиялық тұрғыдағы ойдың кілемнен алтын үлесі мол.

Оңтүстік Қазақстандағы түкті кнлемдердің өрнектері көбінесе көгеріс өрнекті, геометриалды, космогониялық өрнектер болып келеді. Өрнектердің түстері ақ-қызыл, сары- жасыл, қызыл- көк және т.б болып бір-бірінің орнын толтырумен қатар,кілемнің қызыл фонымен үйлесімдік табады. Киімдердің жиегіндегі өрнектері болып келсе, ортасындағы гүлді табақшалар космогониялық өрнектер болып келеді зоомфорттық өрнектер кездескен жағдайда, олар геометрялды болады.

Жалпы кілемдердің фоны қызыл түсте болып келеді. Сонымен қатар оңтүстік өңіріндегі түкті кілемдер қызыл болып келеді. Өйткені халық қызыл түсті өмір жалғасы, оттың нышаны, молшылықтың берекесі ретінде пір тұтып, кілемдегі алуан түстңі өрнектермен байланыстыра білген.


1-сурет


2-сурет


3-сурет


4-сурет


5-сурет

| Сәндік-қолданбалы өнер түрлері | Технологиялық мүмкіндіктері | Жіктелуі |
| --- | --- | --- |
| Тігін тігу және кестелеу өнері | Пішілуіне байланысты | Сәндік пішінді (киімнің қосымша бөліктері, кесе қап және т.б.)<br>Тік пішінді (ақ жайма, тұс кесте, дастархан, тұтқыш және т.б.) |
| | Қолданылуына байланысты | Сәндік бұйымдар (шымылдық, жапқыш, сүлгі, тұс кесте, сәндік панно және т.б.)<br>Сыйлықтық бұйымдар (кітап арасына салатын тілше, қолдорба, әмиян, орамал, нышандық белгілер және т.б.)<br>Тұрмыстық бұйымдар (киім-кешек, ас-үй жабулары, төсек орын, жастық тыс, жапқыштар және т.б.) |
| | Материалына байланысты | Мақта, кенеп, жүн, жібек, аралас, синтетикалық |
| | Ою-өрнегіне байланысты | Ғарыштық, геометриялық, өсімдік тектес, хайуанаттық |
| | Түсіне байланысты | Бір түсті, екі түсті, үш түсті, көп түсті |
| | Өңделуіне байланысты | Айқас кесте, шым кесте, біз кесте, торлап тігу және т.б. |
| Кілем тоқу өнері | Көлеміне байланысты | Шаршы кілем, үлкен кілем, шағын кілем, қос гүлді, үш гүлді, қос күмбезді, бес күмбезді |
| | Қолданылуына байланысты | Тор кілем, жайнамаз кілем, төсек кілем, нар кілем, қабырға кілем, бөстек кілем, қоржын кілем |
| | Материалына байланысты | Жібек, жүн, мақта, синтетикалық |
| | Өңдеуіне байланысты | Түкті кілем, тақыр кілем, шашақты кілем, қалы кілем, жұлқыш кілем, оқалы кілем, алаша кілем және т.б. |

| | | |
|---|---|---|
| | Ою-өрнегіне байланысты | Қыпшақ кілем, поднос кілем, шатыр гүл, жолақ, оюлы кілем және т.б. |
| | Түсіне байланысты | Ақ, қызыл, жасыл, қара, құлпырма, ақ сирақ және т.б. |
| | Шығу тегіне байланысты | Арабы, бұқар, адай, ашхабад, әндіжан, парсы, түркмен, орыс, Алматы кілем және т.б. |

**1-кесте – Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер түрлері – «Тігіс тігу мен кестелеу» және «Кілем тоқу» өнерінің технологиялық жіктемесі (үлгі ретінде).**

## 9. Ағаш бұйымын көркемдеп әсемдеудегі ою-өрнектер және олардың композициялары

Ою-өрнек латынның сөзінен алынған “ornamentum” әшекейлеу өрнек бір элементтің ырғақтылығының жазықтық бетте қайталануы.

Қазақ қол өнеріндегі кез-келген бұйымды алып қарасақ ішкі және сыртқы беттері толығымен ою-өрнектермен әшекейленіп көмкерілгенін көруге болады. Яғни, қазақ халқы ою-өрнек дүниесінің ішінде өмір сүріп отыр десек те болады.

Ою-өрнектің қайнар көзі ертедегі Қазақстан жеріндегі өмір сүрген (біздің жыл басына дейінгі YII-Y ғасырларда) сақ тайпаларынан қалған әшекейденген бұйымдардан көруге болады. Бұл дәуірде, сақ тайпалары негізінен мал өсіру шаруашылығымен айналысуы және көшпенді өмір жағдайы, географиясы, климаты, табиғатпен тікелей байланыста жүруі ою-өрнектерді бұйым формасына сол көрпнаған айналаның заттарын бейнелеп кейіптей білген. Ою-өрнек бұйым бетте тек қана әшекейлік қасиетпен шектелмей, сонымен бірге табынушылық, сиқырлық, ұлттық әдет-ғұрыпқа, салт-жораларға сәйкес, символдық қасиеттерін шеберлер ғасырдан ғасырға дамыттырып жетілдіріп отырған. XIX-XX ғасырларда осы қасиеттердің мәні біртіндеп жоғалып ұмыт қалуда.

Қазақ қол өнер бұйымдарында ою-өрнек негізінен төрт топқа бөлінеді:

- геометриялық, жануар дүниесі тектес, өсімдік тектес және космогониялық.



Осы жоғарыдағы оюлардың өздері бұйым беттерінде реалды және стильденген болып бейнеленеді. Стильденген түрі Қазақстан жерінде IX-X ғасырлардан бастап ислам дінінің таралуынан дами бастаған. Ислам діні тірі жанның бейнесімен бұйымды әшекейлеуге шек қойып отырған. Бұл дін жүйесінде өмір сүрген халықтар осы күнге дейін бұйым бетін өсімдік тектес ою-өрнектермен майда етіп бос жер қалдырмастан, әр түсті бояумен әшекейлейді.

Осы дін құбылысының әсерінен қазақ жеріндегі тайпалар жануар дүниесі тектес және антропологиялық мотивтерді бірден жоюға мүмкіндігі болмай, әсіресе, бірінші мотивті ою композияларының кейбір жерлеріне сильді түрде бейнелеп көрсету құпиясын тапқан. Ал өсімдік тектес ою-өрнектердің жетілдіру деңгейі жоғары шында өріс алып отыр.

Жануар тектес оюдың қазақ кол өнер бұйымында жиі кездесетін түрі – қошқар мүйіз. Бұл мүйіздің бұйымда ою композициясының ішінде бірнеше рет түрленіп отырады

Сонымен қатар, түйе, жылқы, бұғы, арқар, қой, қасқыр, өгіз, бүркіт, аққу, балық, құс түрлері қол өнер бұйымдарында жалпы формасы немесе жеке мүшелері (бас, аяқ, табан, тұмсық және т.б.) реалды, стильді түрде түрленіп бейнелене береді. Мұндай бейнелерге сақ, үйсін, ғұн, қыпшақ, оғыз тайпалары табына отырып төмендегі кейіптеу қасиеттері бар деп түсінген. Мысалы: аттың кейбір мүшелеріне (жақ, табан сүйектеріне) табына, оларды бақыт, жаман нәрселерден сақтайды; өгіз – күш және билек; бұғы – бақыт, игілік, аққу үйдің аясын қорғаушы, бақыт әкелетін қасиетті құс, кентавр – үй ортасын жаман нәрселерден қорғаушы деп те жорып отырған.

Геометриялық оюлар өте ерте тас дәуірінен бастап өзінің белгілі дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш, ромбы, ирек және т.б. фигуралар қазақ қол өнерінде де өте жиі кездесіп кеңінен танымал. Соның бірі ағаштан жасалған бұйымды көркемдеп әшекейлеуде. Мұндай оюлардың геометриялық фигуралары тайпалардың философиялық ойларынан дүниенің өмірін кейіптеуші деп түсінсе, мысалы, ромбы – дүниенің төрт бағыты болса, шұғыла-ай, дөңгелек (шеңбер)-күн, ирек – су деп білген. Ал бұйым беттеріне осы элементтердің ою өрнек композициясында қосымша байланыстарда жарық дүниенің толық жүйесін көруге де болатынын жоғарыдағы суреттер айқын бола алады. Бұлар әрі космогониялық оюлар болып табылады. Космогониялық оюларға қосымша бітпес, жұлдыз, төртқұлақ сияқты элементтерде кіреді. Аталған ою элементтері тайпа араларында табынушылық қасиет ретінде жүргені де белгілі. Яғни оларды ұлы тәңір, қорғаушы деп санаған. Сондықтан да, ертедегі қазақ билерінің, ел басқару орнында жұмыс істейтін басшылардың киімдерінің арқа беттерін космогониялық оюлармен әшекейлеп отырған.

Соңғы мотивтің бірі өсімдік тектес оюлар. Бұл ою түрлеріне үш жапырақты, үщ гүлді, қызғалдық, пістегүл, шиыршық, жауқазын, ағаш гүл және т.б. өсімдік элементтері жатады. Өсімдік оюлар бұйым бетінде басқа мотивтермен араласып, киылысып, шатыса белгілі әшекейлеу композициясын беріп отырады. Өсімдік оюлар өрнектердің қиылысып, шатасып жатуы бірлік,



байланыс, үйлесімді өмір деген мағына білдіреді. Асадал (шкаф) бетіндегі сәлдір ойылған өсімдік тектес ою-өрнектер шатасып, қосылып торалған гүл жиынағы, күн сәулесі шашырағандық өмірдің шексіз қозғалысын, өмірдің мәңгілігін, табиғи байланысын, үйлесімділігін кейіптеген. Жәшіктің жоғарғы жағындағы ою өрнек күнді, қиылысып жатқан сызықтар, толқындар, бұлттарды кейіптеген. Төменгі жәшіктегі сәуленің шашырауы және ұзын жапырақтар жер бетіндегі өмірді суреттеген. Мұндай ою өрнек композициялау қол өнер бұйымының ішінде көптеп кездеседі. Яғни, дүниенің құрылысын, болмыстың мағынасын сипаттайтын көркемдік халық бұйымдары.



Айта келе, қазақ қол өнеріндегі ою өрнек композициясының ерекшелігі төмендегі жағдайлардан тұрады:

- Бұйымның тік осьте симметриялы болып келуі;
- ою-өрнектердің ірі айқын көрініп тұруы;
- ою-өрнек композициясының тұйық орналасуы;
- ою мен түрдің тепе-теңдігі;
- түстердің шектеліп қалуы.

Осы қазақ қол өнеріндегі ерекшеліктерді бір ою-өрнек композициясында бұйымды әшекейлеуде негізге ала отырып жоғарыда аталып кеткен төрт топтық ою мотивтерді үйлесуі біріктіріле қосылып белгілі шартпен бұйым бетінде орналасады. Ою-өрнек композициясының орта бөліктерінде космогониялық мотивтер орналасса, оларды айнала таралған өсімдік және жануар дүниесі тектес мотивтер араласып бейнеленеді. Ал, геометриялық фигуралар ою-өрнек композициясының жиегінде, кейбір орта бөліктерінде кездесетін мотивтерді толықтырып отырады. Әрине, бұл мотивтік байланыстар композициялық

негіздерге (симметрия, пропорция, ырғақ, қарама-қарсылық) сүйене орналасуы шарт. Алдыңғы үш негізгі бұйым ою-өрнегінің орналасуына тікелей қатысты болса, қарама-қарсылық элементі оюдың әсемдігін ашудағы түс, өң беруге де байланысты. Оюдың немесе композицияның үйлесімді сол және оң жақтағы орталық оське байланысты тепе-теңдік қалыпта орналасуы, симметрияның қолданылуы ою композициясының бір қалыпты, сабырлы салмақты орналасуына септігін тигізеді. Ырғақ ою элеметтерінің жиек немесе кез-келген бұйым бетте үйлесе қайталанып жүргізіледі. Әсіресе, аумақты бұйымдардың беттерінде оюдың қайталанып орналасу композициясы көркемдік формасын байыта әсемдігін аша түседі. Егер жалпақ беттегі жиек өрнектері шектеулі бұрышқа жете үзілсе, ал аумақты цилиндр формалы бұйымдардың жиектердегі өрнектер айнала шексіз тұйық орналасып қайталана көздің бағытын үзбей отыруға мүмкіндік жасайды. Пропорция – латын сөзінен аударған бағыныңқы ара қатынас деген мағынада, бұйымның және оның бөліктерінің өлшемдерін сипаттайды. Ою композициясында негізгі оюдың өлшеміне байланысты қалған элементтердің ара қатынастарын ескере эскизін жасап алу керек.

Қарама-қарсылық қол өнер бұйымында үлкен және кіші, жарық және қараңғы қасиеттерін білдіре оюдың өткір көріністерін бейнелейді. Карма-қарсы ақ және қара түстермен бояуды бұйым бетінің салқын, тепе-теңдік қалыпта мән беріп отырады. Оюдың жоғарғы негіздерінің композицияларынан басқа бұйым бетте оюлар раппорты болып та бірнеше жерде оюлары түрлене қайталанып орналасады. Бұл принцип негізінде кебеже, асадал, сандық сияқты үй-жиһаздарының беттерін әшекейлеуде жиі қолданылады. Әр дәуір, әр стиль. Кез-келген ұлттық мәдениет өзінің тұрмыс салтында белгілі оюдың жүйесін, мотивін, формасын, бұйым бетте олардың орналасуы реттелініп отырған. Атай келсек, бұл қол өнердің негізгі құраушы элементтері қайсы уақыттағы өнер дамуына оюдың композициясынан көруге болады. Мысалға алсақ, көне және орта ғасырдағы азия мәдениетінің өсімдік тектес күрделі ою-өрнекте; орта ғасырдағы орыс мәдениетінде қол өнердің оюының геометриялық, өсімдік тектес, фантастикалық және антропологиялық; ертедегі Египетке өсімдік тектес мотивтер жатқан.

Ал осы жерден сол ою-өрнектердің бұйым бетінде орналасуы негізінен бұйымның формасына, композициясына байланысты. Әрине, ою-өрнектің қол өнер бұйымында қатаң ережені сақтау әшкейленіп бейнеленеді, қалыпты жағдайда өзгеріп отырған. Яғни, жоғарыда айтылғандай, композициялық негіздерді сақтап отырғаны заңды.

Сондықтан, ою-өрнектің жалпақ жазық бетте немесе аумақты бұйымдағы композициясы геометриялық фигуралармен тұйықталып орналасып отырғаны шарт. Мұндай ою-өрнектердің бұйым бетке салу принциптері:

бұйым жиектерінде жиі кездесетін өрнектерді жолақтарға салу;

оюдың бір түрі бүкіл жолақ бойында қайталанып орналасады;

оюдың жолақ бойындағы горизонталь сызықты симметриялы қайталанып орналасады;

оюдың екі-үш түрінің, түсінің жолақ бойында қайталанып орналасады;

жалпы бір түсті оюсыз жолақ болып түсу;

Бұйымның жалпы бетіндегі (жиектерінде, бұрыштарында орталықта) тортбұрышты фигураларда оюдың ішіне еніп салынуы;

- оюдың бір түрі тортбұрышты фигураның ішкі жиектерінде қайталанып;
- тортбұрыштың ішінде тек орталық бөлігінде ғана бір оюдың қайталанып;
- тортбұрыштың ішінде шахматты тәртіпте оюдың қайталанып, кезектесіп;
- тортбұрыштың бұрыштарында ғана бір оюдың.

Бұйым беттегі шеңбер фигураның ішінде ою-өрнектің салынуы:

- іште гүл тәріздес шеңбер көлемін сақтаған ою-өрнектердің;
- шеңбер жиегінде екі, үш түрлі оюдың және орталықта бір оюдың;
- шеңбер орталығында бір оюдың және қалған бос жерлердің басқа оюдың түрлерінің;
- шеңбер бойымен ішінде бірнеше жолақтың орналасып ою-өрнектермен қайталанып.









Бұйым беттің тік бұрышты, ромбы, овал формалы фигуралардың ішіндегі ою-өрнектердің салынуы көбінесе еркін келеді. Егер бұрыштарды бір оюдың түрі келсе, ортасында шеңбер кездесіп, ол басқа оюлармен толықтырылады. Кейде шеңбер орнына раппортты түрде қайталанып екі-жерден бір ою кездеседі. Овалды фигураның ішінде, тек ортасында ғана оюдың көрінісі немесе қосымша жиектерінде айнала басқа бір оюдың қайталанып салынуы да ықтимал.

Бұйым беттің үшбұрышты геометриялық фигуралардағы оюдың салынуы:

- оюдың үшбұрышты бір түрі салынады;
- ою үшбұрыштың тек ортасында және әр бұрышында бір оюдың түрі кездеседі;
- негізгі ою үшбұрыштың ортасында орналаса, ал қалған жерлерін сол оюдың түрленген элементтерімен толықтырылады.

Аумақты бұйымдағы беттер негізінен жоғарғы геометриялық фигуралардың ішінде орналаса, олардың екі-үш жерінде қайталанып келеді. Сонымен қатар сызықты жолақ болып жоғарғы, орта және астыңғы жиектерінде жоғарыда аталып кеткен оюлардың жолақтары да орналасып жатады. Ал күрделі аумақты бұйымдардағы ою-өрнектердің орналасу композициясы формаға және оның жеке бөліктеріне байланысты. Бірақ, бұйымның мұндай түрлерінде де аталып өткен өрнектердің құру (салу) принциптеріне негізделеді.





## 9.1 Ағашты кесіп ою

Қазақстанның солтүстік және шығыс аймақтарындағы, орман, тоғай ағаштарын, оңтүстік тау ағаштарын киіз үйдің скелетінен бастап ыдыс-аяқтарын, үй-жиһаздарын, шаруашылық құралдарын, сонымен бірге шебер аспаптарын жасалуы ертедегі көшпенді қазақ халқына мәлім.

Яғни, бұйымдардың 70-80 пайыз ағаштан көркемделіп әсем көрініс беруін этнографиялық және археологиялық және материалдардын көруге болады.

XX ғасырдың басына дейін қазақ халқының өмір жолы жартылай отырықшы және көшпенділік жағдайда өтті. Осыған байланысты күнделікті тұрмыста пайдаланылатын ағаш бұйымдары сол көшпенді өмірдің шартына бейімделген. Сондықтан, ағаш материалы күнделікті өмірде жие қолданылып келеді, кез-келген іске қажетіне асып отырған. Ағаш шеберлері материалдың пластикалық сапасын, қасиетін, яғни, көркемдік қасиетін арттыратын текстура және түсін біле, үйге керекті бұйымдарды жасауда әрдайым ескере білген.

Ағаштан жасалған бұйымдарды ойып әсемдеу, қазақ халқының көне техникаларының бірі болып табылады. Ғасырдан ғасырға өзінің дамыған тәсілдерін ұрпақтар арқылы жалғастырылуда. Мұндай деректерді біздің жыл санауымызға дейін YII-YI ғасырда болған бедерлі, аумақты (мүсінді) ою түрлерін халыққа әйгілі Пазырық, Қотанды, Шілікті, Шібе, Ыстық төбелерін қазуда табылған ағаш бұйымдардан көруге болады. Мысалы: белгілер, ердің басындағы әшекей, қойдың бейнесі, қасқырдың аузындағы бұғы басы және "алтын адамның"бас киіміндегі екі қанатты және мүйізді қос аттың бейнесі. Бедерлі оюлар YII-IX ғасырлардағы Отырар өңіріндегі Кедер деген қала сарайынан табылған. Онда үйлену тойының көрінісі бейнелеп көрсетілген. Бірақ, ағаш материалының физикалық механикалық қасиеттеріне байланысты ұзақ тұруына мүмкіндігі жоқ болғандықтан, көптеген заттар біздің заманымызға жетпей отырғаны белгілі. Тек XYIII-XX ғасырларда ғана ағаштан ойып жасалған бұйымдарын музей қорларынан көруге болады. Бұл кезеңдегі ағаш бұйымындағы мынандай кесіп ою түрлері кездеседі:

- тереңделген немесе жалпақ ойықты ою;
- жалпақ бедерлі ою;
- сендір ою;
- мүсінді немесе аумақты ою.

*Ағашты кесіп оюшының жұмыс орны*

Ағаш кесіп оюшының жұмыс орны әрдайым кебу және жарық болып тұруы қажет. Шеберхананың қабырғасы мен төбесі ашық түспен боялып, ауа тазартатын конденционер орналасуы шарт. Ағаш үстел универсалды болса, ондай тек кесіп ою ғана емес, басқа жұмыстарды да орындауға мүмкіндік береді. Бұл үстел түрі болмаған жағдайда қарапайым жасалғанын қолдануға болады. Кесіп ою үлкен көлемді бетте талап етпейді. Оқушы әрқашанда үстелге жалғыз отырып жұмыс орындағаны дұрыс. өткені, ағашты кесіп оюда, оқушы өткір аспаптарды қолданады. Бұл аспаптың өткірлігі әрі техника қауіпсіздігіне тұрақсыз және бұйымның әшекей көрінісін саналы шығуына бірден бір ықпалын тигізеді. Үстелдің бетін табиғи жарық бірдей көлеңкесіз сол жақ, алдынан белгілі биіктікте түсуі керек. Жасанды жарық кезінде де осы негізде жарық күшін жылжымалы реттеліп отырылсын.

Сонымен бірге оюшының көзін талдырмайтындай, жарық сәулесі қатты болмайтындай биіктікте, тақтай бетіне көлеңке түспейтіндей етіліп орнатқан.жөн. төбеден түскен жарықты пайдаланбаған дұрыс, ол тақтай бетіне оқушының көлеңкесін беріп, бұйымның сапасын төмендетуге себеп болады. Үстел бетін қараған ағашының, ұзындығы 1000-1300мм, ені 700-900мм, қалыңдығы 60-70 мм, отыратын орындығының биіктігі 650-750мм, аяқ қоятын көлденең ағашы еденнен 200-300мм биіктікте орналасады. Бұл өлшем талаптары орындалмаған кезде оюшының көкірегі үстел қырын жанап, шынтағы үстелдің бетіне жетпей отыруы мүмкін. Сондықтан, үстел бетінде оюшының шынтағы жетіп еркіндік болатындай жағдайда болсын. Үстелде жұмысты отырып та, тұрып та орындауға болады.

Үстел беті керек емес материалдардан, аспаптардан шектелгені дұрыс. Оюшы тақтайшаны бекітетін ағаштан немесе басқа материалдардан жасалған қысқыштарды қолдана береді. Шеберханада ою пышағын қайрайтын электр қайрағы, жеке қайрайтын үстел, аспаптар сақтайтын жәшіктер, шкафтар орналасады.

## 9.2 Оюшының аспаптары

XIX-XX ғасырларда шеберлер қолданған ою аспаптары және қосымша құралдар, құрылғылар қарапайым және осы күнге дейін кездесетін көне аспаптар өте аз. Ол аспаптарға балта, шот, ар, сүргі, ұшқы, қашау, үш-төрт ою пышақтары жатады.

Бұл қарапайым түрлеріне қарамастан, қазақ шеберлері бұйымның өзін жасаумен бірге, оны көркемдеп әшекейлеу деңгейін жоғарғы шында көрсете білген.

Қазіргі заманда басқа ұлттардың ою аспаптарымен бірге біздің ою пышақ түрлері күннен күнге көбейіп келеді. Ою аспаптары сан, белгіленуі жағынан көбейіп, кесуші, өлшеп-бақылаушы, ағаштың құрал саймандары болып бөлінеді. Кесуші аспаптарға пышақ және қашаулар болып бөлінеді, олардың ені, қимасы, формасы жағынан әр түрлі болып келеді.









***Ою пышағы темір жұқа лентадан, мойыннан, тірек және құрықшадан тұрады.*** Геометриялық және нұсқалы ою жасауға қалыңдығы 2мм, ені 10-15 мм, жүзі 60 град. қырқылған (көлбеу) ою пышағы қолданылады. Ол пышақтың темір жұқа лентасының бағыты жағынан оң және сол жақтн жүзді қайрақпен жүргізіліп өткірленеді, кейде пышақтың бір жақты жүзі де кездеседі. Тісті және доғал жіңішке қашаулар Қазақстанның оңтүстік аймақтарында сандық бұйымдары жүзі тік пышақ түрлері әшекей бедерді түр жасауға қолданылған. Доғал пышақтар ені және қимасы жағынан үш түрге бөлінеді: жалпақ, орташа және тік. Бұл пышақтарды көлбеген пышақ нақты барлық кесін ою түрлерінде кеңінен қолданыла да береді.

Өлшеп-бақылау аспаптарында сызғыш, бұрыш, өлшеу сызығышы рейсмус, циркуль, транспортир, қаламсап, көшіргіш қағаз, түйреуіш және т.б. жатады.

Ою пышақтардың тірек сабын қарағай сияқты қатты ағаштар тұқымынан жасайды. Пышақтың темір лентасын металды кесу арасының жұқа темір лентасының ұшын 45-60 градуста кесіп өткірлеп тірек сабына отырғызуға болады. Мұндай сап болмаған жағжайда тері немесе изолентаның жолақтарының жолақтарымен орап қоя салуға болады. Саптың формасы овалданып келген қолға ұстау өте ыңғайлы. Осы кезде ескеретін жайт, ол пышақ аспабын жасауға әрқашан жас өспірімнің жас ерекшелігін ескерген дұрыс болады. Сондықтан да мектептегі мұғалімдер қажетінше өздері аспапты өздері жасаған өте тиімді, әрі жас ерекшеліктері ескеріп отырады. Ал мемлекеттік ою аспаптары көбінесе жоғарғы талаптарды ескере бермейді.

Ағашты оюдың бұрын пышақтар өте өткір, ойған кезде ағаштың талшықтары түркіленіп кетпеуі шарт. Ою пышақтарын электр қайрақта өткірлеуге қауіпті. Электр қайрағы айналу кезінде, қайрақ доңғалағы пышақтың бағытына қарай айналу қажет. Бұл процесстен өткеннен кейін міндетті түрде ірі, кейін майда дәнді қол қайрақтамен жүз қабыршақтарын кетіргенше өңдеп өткірлейді. Сонымен бірге қол қайрақ бетін су немесе машина майымен аздап ылғалдандырады. Қол қайрақта сол қолдың барлығымен пышақтың жиек жүзі жағынан жеңіл болса, сапты оң қолға ұстай, бір қалыпты айналдыра отырып қайрайды, октын-октын екінші жағына аударып, көлбеген пышақ жүзі қайрақ бетке қарағанда 10 градуста ұстайды. өте көп қайраудың қажеті жоқ. 30 секунд қайрау жеткілікті. Одан көп қайраса пышақтың жүзі өтпей қалу ықтимал. Қайрау кезінде жүзіне қалағалап, кетік, кертік жағдайлардан арылған дұрыс. Пышақтың жүзі өткір болғанын білу үшін ауырлық күшін түсірмей сүйектің немесе тырнақтың бетіне жүргізіп өткенде тез тайып өтсе дұрыс өткірленбеген егер баяуланған сәт сезілсе, онда ол өткір деп есептеледі.

Доғал пышақтарды электр қайрақты кезек-кезек оң жақ сол жақ бетке айналдыра жүзін түсіріп, кейін ірі және майда дәнді қол қайрақты, жоғарыда айтылған электр қайрақтағы тәсілімен өткірленіп отырады. Соңында тегіс қайыс ременде пышақты жүз беттерін ауыстыра жүргізіп, кейін киіз жолағының үстіне ГОИ пастасын жағып жылтыратады.

Ағашты кесіп ою жұмысында оларды қол өнер шеберлері ағаш бетке нобайын түсіру үшін төмендегідей тәсілдерді қолданады:

шебер ұсталар өрнектердің симетриялы бір жағын ағаш бетке түсіріп, екінші жағында көздің қырағылығымен кейде көшірмей-ақ бірден ойып кете береді;

екінші терісіне немесе қағазға ою сызып, соны қайшымен оя, ағаш бетке шегемен қағып пышақпен немесе көмірдің көмегімен оюдың нұсқаларын алып ояды;

біздің көмегімен нұсқа сызықтар бойына нүктелі іздер қалдыра оюды үстінен пышақпен жүргізіп отырады.

Жас оюшылар таза ағаш бетке қаламсаптың көмегімен қарапайым оюдың элементтерін бірден сызғыш, циркуль, рейсмус сияқты аспаптарды қолдана

ығын орындағаны ыңғайлы әрі жеңіл. Сонымен қатар, ою-өрнек композициясының күрделі түрлерін алдымен таза ақ парақ қағазға, кейін көшіру қағазы арқылы ағаш бетке басып түсірсе болады.




**Жалпақ ойықты немесе теренделген оюды пышақпен алудың техникасы мен тәсілдері.**

Жалпақ бедерлі оюға геометриялық, тырнақша (жақша), нұсқалы түрлері жатады. Геометриялық оюлар қазақтың көне ағаш бұйымдарында сирек кездеседі. Қазақстанның батыс аймақтарында, атап айтқанда Орал өңірінде, солтүстік аймақтың біраз бөліктерінде кебеже, сандық, сапты аяқ, жастық ағаш бұйымдарында көбінесе ою-өрнек композициясының жиек бөліктерінде орналастырылған. Бұл бұйымдардың бетінде үш бұрышты, төртбұрышты, ромбы тәріздес, тік бұрышты фигуралар кездеседі. Геометриялық фигураларды көлбеген пышақпен ойып алудың ұлттық ерекшеліктері де кездеседі.

***Ою тәсілдерінің ерекшеліктерінен бұрын ағаш кесу бағытына мән берейік.***

Ағаш талшықтарын өсу бағытымен кесуде ою пышақ өте таза, жылтыр бетті қырлар қалдырады. Егер өсу талшықтарына қарсы кесілсе, онда кесілген қырлардың бетінде талшық түктердің шығуына ықпалын тигізеді. Ағаштың өсу бойымен және қарсы кесуді анықтау үшін, сол тақтайшадан аралаған бөлігін кесіп корген дұрыс.

Ағаш талшықтарына байланысты белгілі бір бұрышпен кесуде, оңай кесілуіне қарамастан, кесілген жерінде бүдір, түктерді қалдырып отырады.

Ағаш талшықтарын көлденең кесу белгілі күштің әсерімен тез кесілуіне кесілген орын жылтыр, түксіз болуы пышақтың өткір болуында.

Ағаштың дөңбегін (торец) кесу өте қиынға соғады. Сондықтан дөңбекті жұқа етіп, орталықтан бастап айналдыра жиегіне қарай кескен ыңғайлы.

Ағаш бұйымдарын геометриялық үш бұрышты ойық техникалары мен тәсілдері төмендегідей:

ең бүйірлі үшбұрыштың ішкі қырлары бірдей, горизонталь ойық беті тегіс;

тең бүйірлі үшбұрыштың ұштарынан орталыққа қарай тереңделініп ойып алыну;

үш үшбұрыштың бір ұшына сәуле тәріздес ұзарып ойылу.



Тең бүйірлі үшбұрыштың ішкі қырларын бірден горизонталь ойық бетті тегіс көріністі алу үшін, алдымен қырларын төме қарай бірдей тереңдікте кесіп, талшықтың өсу бағытына қарай бірдей тегістікте ойып алу керек. әрине, талшықтың өсу бағытын сүргілеу процесінде анықтап, ою кезінде оюшы есінде сақтап тұру қажет. әйтпесе, талшықтың өсу бағытына қрсы ойылса, онда ойылған горизонталь бет бедерлі, ағаш талшығының түгі шығып кетеді. Егер кесіп ою қиынға соғатын жағдайда бір бұрышынан біртіндеп кеседі.

Ағаш бұйымдарын геометриялық фигуралармен әшекейлеуді толықтыра түсетін тағы түлері төрт бұрышты және ромбы фигуралар. Бұйым бетінде тек геометриялық фигуралрдың бейнеленуі өте кем. Ал аралас мотивтердің композициясында негізінен, ортаықта дөңгелек фигуралар, ал жиектерінде белгілі бір оюды шектеп отыратын жерлерде үш бұрышты, төрт бұрышты және ромбы тәріздес фигураларын кездестіреміз. Осыны ескере, оюшы ою-өрнек композициясын жетілдіре дайындауда айтылған композициясымен шектелуі шарт емес. Олардың творчестволық фантазиясы мұндай геометриялық фигуралардың әр алуан композициясын құруға толық еркіндігі бар.

Тырнақша тәріздес оюдын тақтайша бетке салу үшін доғал пышақты қолданады. Белгілі бір сызықпен нобайын түсіргеннен кейін пышақты тақтайшға байланысты 60°-та ұстап 2-3 мм тереңдікте тігінен тілік қалдырып, екінші рет сол тіліктің үстінен пышақты қайта кіргізе астын айшық етіп ойып алады. Егер ойып алу кезінде пышақтың қозғалуы ауырға түссе, онда пышақты жаймен бір қалыпты оңға және солға қозғай отырып оюға болады. Жалпақ беті тырнақша тәріздес оюлар жасауда, олардың сыртқы сызықтарының бойымен тік тілік жасап, екінші рет пышақтың науа жағын жоғары қаратып, оң жақтан бастап оюды бастайды.

Тырнақша тәріздес ою жасауда ағаш талшықтарының бойымен жүргізілгенде тілікті сол жағынан жүргізсе, ойып алуды оң жағынан, талшыққа көлденең оюда пышақты өзін қаратып, ал ойп алуда өзіне бастап кеседі.

Оюдың тәсілдерімен өсімдік тектес түрлі ою-өрнектер композициясы арқылы бұйымды әшекейлеуге болады.

Нұсқалы оюды көлбеген және доғал пышақтармен кесіп ояды. Бұл оюдың ерекшелігі сол, оюда алдын ала тілік жүргізілмейді. Белгілі бір бейне көрінісін жүргізуде әр тереңдікте, ендікте, бұрыштықта өзгеріп отырады.

Сондықтан, нұсқалы оюдың сызықтары сынық, ирек болып келеді.

Ою композициясының нобайын көшіру қағазымен тақтай бетке түсіріп және үстел бетіне бекітіп, кейбір кезде ғана айналдыра отырып жұмыс істеуге, ал негізінен нұсқалы оюды тұрып орындайды. Ою кезінде оюшы пышақты екі қолымен, сол қолының саусағымен пышақтың жүз жиегінен, оң қолымен сап жағын ұстап сенімді, батыл оюға сeптігін тигізеді. Оюды 1-ші сыртқы сызығынан бастап, кейін ішкі сызықтардан жүргізе аяқтайды.

## 9.3 Ою-өрнектердің түрлері.

**Сілдір оюын** қазақ шеберлері ұлттық бұйымдарында сирек қолдануына қарамастан Орталық Қазақстанның үй-жиһаз бұйымдарында, әсересе, асадал, жастық ағашта, есікте, кебежелерде кейбір элементтерінің орындалғанын байқауға болады. Селдір ою жалпақ бедерлі оюлардың негізінде орындалумен қатар өзіндік техникалық ерекшеліктер бар. Басқа ою техникасында пышақпен ғана шектелс, мұнда алдымен арамен кесіп алып, соңынан кесілген қырларын белгілі бір бедерде доғалдай пластикалық әсемдік немесе тік қырлы еіп пышақпен әшекейлеп өңдейді. Селдір ою өте қарапайым геометриялық фигуралар жасаудан өсімдік тектес мотивтерді де бейнелеуге мүмкіндігі бар.

Тақтайша бетке ою композициясының нобайын түсіргеннен кейін, сызық бойына жеткізбей әдіптің үстінен бұрғымен айнала тесу лобзикпен аралауға жеңілдік жасайд. Сөйтіп, сызық бойындағы тесіктерді лобзикпен кесе отырып оюдың түін аралап ойып алады.Әрине, бұл кезде аралаудан қалған ара орны дөрекі көрінеді. Түрден босалған оюдың қырын, яғни, дөрекі қырын пышақпен тегістей әсемдік көркін жандандыра түседі.

Әсіресе, кесіп оюдың ішіндегі өте көне түрдің бірі осы **жалпақ бедерлі ою**. Мұның тарихы деректерін қолөнердің даму тарихындағы бөлімінде тоқталғанбыз. Ал XIX-XX ғасырлардағы үй-жиһаздарына және ыдыс аяқтарына төсек ағаш, асадал, жүк аяқ, кебеже, сандық, тостаған, деген, пиала және т.б.

Жалпақ бедерлі ою жазық бетте бедер және түр болып ою-өрнек композициясын тепе-теңдік қалыпта көріне әсемдік айбындылығын арттыра түсіреді. Бірақ, бұл жерде, оюдың тәсілдері 4 түрлі болып орындалады.

Бірінші, нұсқалы жоғаы горизонталь қырларының доғалданып ойылуы, екінші, тек нұсқалы қырлары арқылы түр мен оюдың бөлінуі, үшінші, түр мен бедедің нұсқаулары, беті жастық тәріздес болып доғалдануы, төртінші түрдің жинақталып тегіс бет және бедердің доғалданып жатуы.

Нұсқа оюдың жоғарғы гоизонталь қырларының доғалдануы тәсілдерін орындау процесінде, бастапқы кезеңдері нұсқалы оюдағыдай болып келеді. Осыдан келе,көлбеген, доғал пышақтардың көмегімен жоғарғы қырларын доғалдай жүргізеді. Бедерлі ою қырлары жағын азырақ, түр жағындағы қырларын көбірек доғалдайды. Доғалдау кезінде қырын кесіп алғаннан кейін, біртіндеп пышақпен жұқа қабат ала отырып доғалдайды.

Жалпақ бедерлі оюдың екінші тәсілі нұсқалы ою техникасына ұқсас. Сондықтан бұл тәсілді жоғарыдан танысып алуға болады.

Түрдің, бедерді оюдың жастық тәріздес болып нұсқалық жоғарғы және төменгі қырлардың доғалдану тәсілі төмендегідей болады. Кесіліп алынған қырлы ойықтың түр жағындағы бөлігін доғалдандыру үшін қыр бетінен көбірек етіп кесіп алып, біртінедеп ары қарай доғалдандыруды бастайды. Ал өрнек жағындағы қырын аздап пышақпен кесіп алып, доғалдай қояды. Оюлы бедер түрден қарағанда белгілі биіктікте қалады. Түрдің жастық тәріздес атауы да осыдан шыққан болу керек.

Түрдің жинақталып бедер оюдың доғалдануы нұсқалы оюдағы процестерден өткеннен кейін, доғал пышақтың жалпақ түрін екі қолмен ұстап түрдің бетінен қозғала отырып алып тастайды. Ою шетіндегі қырларын біртіндеп доғалданғаннан соң, түрдің бетін клюкарзамен тегістейді. өзбек шеберлері түрдің бетіне әр түрлі фигуралы таңбалар немесе белгілерді шаншып түсіреді. Бұл әшекейлеу тәсілі бұйымның көркемдік әсемдікті арттыруына мүмкіндік жасап отырады. Ал қазақ шеберлері екі тісті қашаулармен жоғарыдағы аталып кеткен 4 жалпақ бедерлі оюлардың бедер беттеріне екі науа жүргізіліп отырылған. Бұл ою тәсілі, әсіресе, Қазақстанның оңтүстіктегі Сырдария өңірінде жоғары дамып, кеңінен қолданған. Бұған дерек ретінде арнайы этнографиялық әдебиеттерде суреттелген.

Жоғарыдағы 4 бедерлі оюдың тәсілдерімен бірге негізінен тақтай бетіндегі оюдың көлем биіктігіне байланысты шың бедерлі (горельеф) және орта бедерлі (барельеф) болып екіге бөлінеді.

Шың бедерлі өң деп жазықтық бетте оюдың бедері сол материалдың қалыңдығынан екі немесе одан да жоғары биіктікте ойылып жасалуын айтады. Орта бедерлі ою деп жазық бетте оюдың бедері сол материалдың қалыңдығының жатысынан немесе кем болатын оюлы бедер айтады.

Бедерлі оюды жасау оюшының барлық аспаптарын толығымен қажет етеді. Алдымен көлбеген немесе доғал пышақтың көмегімен кесіп түсіріп, кейін пышақтың жүзін тура сызықтың үстіне қойып өрнектің ішіне қарай еңкейіп оя бастайды. Бедерлі оюдың сызықтарын саяз, ал түрдің сызықтарын терең кесе отырып ояды. Пышақты кесікке 45°-та қойып қозғалтады. Доғалдау процесі алдымен ішкі ооюда басап, содан кейін шеткі дағын доғалдаумен аяқтайды.

Түрдің бетін өңдеу үшін өте кең жерлерден бастап оя, біртіндеп оюдың элементтерінің бедерін ені жағынан әр түрлі пышақты қолдана отырп шығарады. Ақтық этап болып (саты) түрдің бетін клюкарзамен тегістеу табылады.

Шың бедерлі оюды өте көне қазақ бұйымдарынан да көруге болады. Ол VII-IX ғасырлардағы Отырар өңіріндегі Келер қаласының сарайынан табылған бедерлі ою. Ақтайдың бетіндегі көрініс үйлену тойдың бейнесін ойып түсірген. Сол сияқты, X-XI ғасырлардағы Өрнек қаласындағы мавзолейден табылған оюлар мен белгілер бір көріністерді бейнелеп көсеткен.

Ою-өрнектердің түрлері:

Мүйіз, қосмүйіз, арқармүйіз, қошқармүйіз, қырықмүйіз, сынықмүйіз, өркеш, гүл, түйетабан, тарақ, қосалқа, су өрнегі, алаша, айыр, ботакөз, иткұйрық.

## 9.4 Кесіліп ойылған бұйымдарды соңғы (әрлеу) өңдеуден өткізу

Өткен замандағы шеберлер ою бедерінің бетін сынық шыныларды, қазіргі кездегі зімпара ретінде ою бедерлерін ажарлаған. Ыдыс-аяқтарға сұйық заттар сіңбес үшін міндетті түрде бірнеше қайталап кептіре отырып мал майы немесе баймақпен майлаған. Содан соң оттың үстіне ұстап қыздырып, біріншіден, ол мықты берік, төзімді болуын қамтамасыз етсе, екіншіден, ағаштың табиғи көркемдігін өзгертпей, қосымша үйлесімді жылы жұмсақ, жайлы түс беріп тұрады. Үшіншіден, жылтырақ қасиеттің алғашқы көріністерінде байқауға болады. Әрине, бұйымның түсі ағаштың түрлерін де байланысты.

Бұл өңдеу тәсілдерінде оюшылар орындауға да болады. Сонымен бірге мал майының орнына өсімдік майын қолданса да жеткілікті.

Кесілген бедер беттерін зімпарамен мұхият отырып тазалаған дұрыс. Оның себебі, өте жіңішке қырларды доғалдап, терең жерлеріне жетпей тазаланбай қалуы ықтимал. Мұндай жерлері үшкір жіңішке ағаш кесінділері зімпарамен орап тазаланса сапалы болып шығады. Егер кесілген бұйым жалпақ бетте болса, онда төрт бұрышты ағаш кесіндісін зімпарамен орап тазалаған. Жұмы істеу уақытын қысқартуға, бетін бірдей етіп өңделуіне жағдай жасады. Зімпаралау кезінде алдымен талшық бойымен тазалансын. Егер аумақты бұйым болса, әр бөлігін жеке-жеке талшық бойымен жүргізе тазалайды. Зімпара процесінің аяқталуын білу үшін қолмен жазық беттің үстінен жүргізуде бет жылтыр, жібектей жұмсақ болса, онда өңдеу аяқталғаны. Түкті бетті жою үшін суға өте аз етіп (1%) ПВА желімін қосып, сол жерге жағып кептіреді. Содан барып зімпарамен жүргізе тазалап 3-4рет қайталай ақауды кетіреді.

Бұйымның оюлы бедерін жылтыратып өңдеудің бірнеше түрлерін атасақ, ол мыналар: бояу, балауыздау, лактау, жылтырату. Бояуға жақсы материал бола алатын табиғи түрде өсетін ағаштың, жеміс-жидектің қабықтары, тамырлары жатады. Мұның өзін шеберлер бұйымға бояу арқылы белгілі бір түс беру үшін қолдана білген. Ол үшін қабықты балтамен немесе пышақпен жақсылап тұрып ұсақтап, су құйылған үлке метал ыдысқа салып отқа қайнатады. Су бояуын 1,5-2 сағат бетін жауып қайнатады. Сөйтіп, 1-2 тәулік ұстап суытып, тұнба жасайды. Бұйымның бетіне шетка арқылы бояуды жағып түс аламыз. Егер түс өте анық болса, онда өзіне керек қаныққан түсті щеткамен бірнеше рет қайталап жаға отырып алуға болады.

Майлы лақты тампонмен талшық бойына жүргізе отырып жағады. Лактау кезінде, лақ бедерлі оюдың терң, ойық жеріне толып қалмау үшін оқтын-оқтын қадағалап отыру керек. Сондықтан тампон немесе бояу жаққышқа өте аз мөлшерде лақты сіндіріп жаққан дұрыс. Соңғы этапта өте жұмсақ бояу жаққышпен, лаққа скипидр қосып бір рет жағып кептіреді.

***Ағаштан жасалған қол өнер бұйымдары бояу***

Бұйым бетін бояушының жұмыс орны негізінен үстелден және орындықтан тұрады. Орындық жұмсақ, отыруға ыңғайлы болған жөн. Әр жас бояушы үстелге бір өзі отырғаны жұмыс орындауға қолайлы. Бөлменің ауасы жиі тазаланып отырғаны маңызды. Өйткені, сырдың иісі денсаулыққа зиян және де ол тез жанғыш заттардың бірі.

Үстел беті жақсы жарық болып, көзбен үстел жазықтықтың арасы 30-35см болу керек. Қараңғы, күңгірт кезде міндетті түрде жасанды жарық көзін сол жақ беттен түсіріп пайдаланады. Үстел бетте су құятын ыдыс, палитра (бояу араластырғыш), бояу жаққыш, шүберек және боялатын бұйым жатуы тиіс. Оның оң жағында банка, бояужаққыштар, алдыңғы жақтың арғы бетінде бояу араластырғыш, сол жағында шүберек жатады. Бояу, сыр, лак материалдары қараңғы жерде сақтанылады. Пайдалаған заттарды бөлменің ішіндегі жабық ыдыста сақтап, кейін аулаға шығарып жағып тастау крек.

Көне дәуірден Қазақстан жеріндегі өмір сүрген көшпенді тайпала, олардың ұрпағы түрлі-түсті жүннен жасалған бұйымдардың бетін бояп шектеліп отырады. Егер киіз үйдің өзін, үй-жиһаздарын, ыдыс аяқты, киіз үйдің бөліктерін алатын болсақ (кереге, уық), оларды қызыл, қызыл-сары түспен, жасыл, ала көк және араласқан ашық түстерді жиі қолданған. Қара, ақ түстер сирек кездескен. Ыдыс аяқтарды бояуда қазақ халқы басқа ұлттарға қарағанда оған ерекше көңіл бөлген. Күнделікті асқа, тамаққа пайдалананатын ыдыс-аяқтарды түссіз әшекейлемей қолданған. Тек са құрметті қонақтарға арналған ыдыстарды ғана бояп отырған. Бұл ерекшелік қазақ халқының ас ішерде тазалыққа көңіл бөлгенінің де белгісі болу керек.

Қазақ шеберлері үй-жиһаздарындағы жастық ағаш, төсек ағаш, кебеже, сандық бұйымдарындағы ою беттің түрін күңгірт-қоңыр, қара өң беретін бояумен, ал бедерін ашық түске, яғни, қызыл, сары, жасыл өңдер беріп отырады. Қара түстің пайдалану себебі, қара деген түрік сөзі "ұлы"деген мағынаны білдіреді. Сондықтан, оны шығыс елдері жақсы көреді. Қазіргі кезде оның қасиеті жоғалмаған, қарт кісілер бекерге "қаракөз","қарашаш" деп атап көңіл бөліп отыратыны мәлім.

Түрде суық өң, ал бедерлі оюға ашық түс бергенде қараңғы жерден жарықтай жанып тұрған оттай немесе алтындай сәуле беріп тұратын көріністі шеберлікпен тани, кейіптей, оюларды бейнелеп түсірген.

Бояудың негізгі шикізаты ретінде өсімдіктердің, жеміс-жидектердің, ағаштың қабығы, тамырлары және минерал заттар жаққан. Бояу заттарын ерте кездің өзінде Қазақстанның кез-келген аймақтарында кездестіруге болатын. Кейбір "индиго"сияқты қара көк бояуды болмаса, оны алыстағы Үндістан, Парсы, Ауған, Қытай елдерінен алдыртып отырған. Самшит, емен, тұт ағашы,

алма ағашы, таудағы пісте, жеміс ағаштарының қабықтарын қайнату арқылы әр түсті бояуларды алу мүмкіндігі туған. Тараньның, маренаның (сұрғылт қара түс) «тамыр бояу», «қызыл бояу шөп» тамырларын күзде қазып алып қабығын аршиды. Сойтіп бірден қайнатып бұйымды бояуға кіріседі. Егер ұзақ уақытқа сақтау керек болса, онда тамырларды жумай кептіріп, кейін ұнтақтап ыдысқа салып сақтайды.Ашудас пен қайнаған «тамыр бояу» — сары; «қызыл бояу шөп» — қызыл түс; сары түс алуға жабайы қара жидек (ит жүзім ) және анар қабығынан; жасыл түсті жусаннан, қайын жапырағынан; ашық қызыл түсті қынадан; алтын сары түсті ақ құлақтан (саңырау құлақтың бір түрі) ала білген.

Осындай бояу түстерін алуда, қазақ халқында ертеден бері түс арқылы кейіптеуші, символдық мәнін біле қазіргі қарт кісілердің аузынан және арнай әдебиеттерден кездестіруге де болады. Ұлттық түс символында: қызыл түс – күнді, отты, билікті, қуанышты, жылулықты; жасыл түс — өсімдікті, аспанды, кеңістікті, бір қалыптылықты, өмірді; ақ түс – ай жарығын, игілікті, ақиқатты, адалдықты; қара түс – бақытсыздықты, түнектілікті, қараңғылықты, жамандықты кейіптеуші деп санаған.Сонымен қатар, осы түстер Қазақстанның әр аймағында өзіне тән түстер қалыптасып қалған. Әрине, ол жергілікті табиғаттың көрінісіне байланысты болу керек. Мысалы, солтүстік және орталықта – орташа, оңтүстікте – салқын, шығыста – жылы, батыста – жылы және салқын түстер кездескен.

Шебер жас оюшыға бояу тәсілдерін үйретуде өндірістерде дайындалатын ең жеңіл, оңай, қолайлы бояу заттарын қолданған жөн. Сондықтан, жоғарыдағы жұмыс орнына қосымша бояу, желім, лак, олифа, бор ұнтағы, зімпара және тиіннің, күзеннің қылынан жасалған жұмсақ жаққыштар қажет болады.

Сүргіленіп жасалған тақтайшаның бетіне өсімдік тектес немесе жануар дүниесінің мотивтерін түсірмес бұрын, алдымен жұқа қағазға ою-өрнек композициясының нобайын жасап тақтайдың бетіне түйіршікпен бекітіп, үшкір қаламсаптың ізі қалатындай етіп жүргізіп немесе нобайдың нұсқасы түсу үшін тақтайша немесе жұқа қағаздың арасына қара қағазды керісінше салып, үшкір шегемен жүргізе отырып, беттің үстіне көрінетін оюлардың нұсқасын аламыз.

Бұл этапты жүргізбес бұрын, алдмен тақтай беттің сапасын тексерген жөн. Егер бет тегіс болмаса, оны төмендегі әдіспен өндеу керек. Яғни, тақтайша беттергі тесікшелер мен саңылауларды желімге араласқан бор ұнтағымен жаға отырып, 4 сағат кептіреді. Кепкен соң талшық бойымен зімпараны ысқылай кеміс ақауларды бекітеміз. Мұны бірнеше рет қайталауымыз қажет. Осыдан барып алғашқы бояуды жүргізеді. Ол үшін желімге ұнтақталған ертіндіні 2-3рет жағып, зімпаралап, кейін тағы бір рет жағып кептіреді. Енді гуашқа ішуге болмайтын техникалық спиртті қосып мұқият араластырып бояу дайындайды. Қоспалар бояудң түрге жақсы жабысып қалуына мүмкіндік жасайды. Сонымен бірге, бояудың басқа заттарға жұғуынан сақтайды. Кепкеннен кейін (12 сағат) майлы лакпен немесе олифпен (2 тәулік) жағып жылтыратуға болады. Акварель, темпер, анилин бояуларын гуаш бояуын дайындағандай етіп пайдалана беруге болады. Ал майлы сырмен жарықты тесіктерді бітеу үшін дайындалған ертіндіге олифа мен желім қосады. Етіндіні бірнеше рет тақтайша

бетке жағып, кептіріп зімпаралайды. Бұл поцесті 2-3 рет қайталп, соңында бір қана жаға кептіріп майлы сырды пайдалана береді.

Ағаштан жасалған бұйымдарды негізінен 3 топқа бөледі: құрамында суы бар, бояу, сыр, арнайы сырлар.

Құрамында суы бар бояуларға акварель, гуаш, темпера, эмульсия, анилип бояуы, тушь жатады. Сырларға майлы және эмальды сыр, ар арнайы сырлар балшықты, металды, матаны, теріні, әйнекті және т.б. заттарды бояуға арналады.

Гуаш италья “guazzo” деген сөз- сулы бояу деген мағына береді. Гуаш көбінесе қағаз, картон, мата негізінде қолданылады. Бірақ, соңғы кезде қоспалардың көмегімен ағаш бұйымдарын бояуға да қолданылып жүр. Оның негізгі қасиеті кепкеннен кейін күңгірт, мөлдір емес, барқытты бет алынады. Тақтайша беке гуаш бояуын жағу үшін, алдын-ала су арқылы гуашты қаймақтың сұйықтығындай қалыпқа келгенше араластыра отырып керекті қаныққан түсті алып аламыз. Бояу мөлшерін бір рет қана алуға болады. Өйткені, қайта-қайта бояу түсін алуға өте көп уақыт кетеді. Сонымен қатар, бір бояудың алдыңғы түсін алуға үлкен шеберлік қажет. Сондықтан, жас бояушы оюды бояуда гуашты көбірек етіп бірден араластырған жөн.

Жалпақ беттің негізнен бояуда жалпақ бояу жаққышпен бір бағытта бояуды жаға отырып, бір қалыпты түс бетте пайда болу үшін бояуды кептірмей бірден перпендикуляр бағытта бояуды жүргізе отырып алынады. Оюдың майда бөліктерін бояуда гуаш және акварель бояуын бірден қолдана отырып әшекейлеуге болады. Акварель бояуы әрі жеңіл, түсі ашық, оңай боялынады.

Акварель латын сөзінен алынған “akba” – су деген мағынаны білдіреді. Негізінен акварельдің қасиеті – мөлдір бояулығы, негізгі беттің өңі және бедері көрініп, таза, ашық түс береді. Гуаш болса бетке жғылып болғаннан соң бояудың жолақтары, лақтары қалып қояды. Оларды кетіру өте қиын. Оны кетіру үшін осы акварель бояуын қолдануға болады.

Бетке бірінші рет жағыларда, бетке түс өте әлсіз, өңі жетіспейді. Тек келесі қайталап бояу арқылы керекті түс алуға болады. Бұл жерде ескеретін жағдай, егер бір жаққанда бет мөлдір болса, үстінен қайталап жүргізе беуде өзінің қажетті сапасынан айрылып қалуы ықтимал. Бір жағумен шектелу үшін, алдымен бояу араластырғышта белгілі консистенция жасап, содан барып белгілі түс алынғанына көз жеткен соң бояу жаққышпен жүргізеді.

Темпера италья сөзінен “temperare” бояды араластыру деген мағынада, бояуды байланыстыратын зат эмульсия судан және жұмыртқаның сарысынан, сонымен бірге судағы өсімдік немесе жануар желімі ертіндісінің маймен араласқан түрі.

Темпера бояуы бір жағынан гуаштың қасиетіне ұқсас, екінші майлы сырға ұқсайды. І-ші бояуға ұқсастық, ол суға араласуында күңгірт түс беріп түсін өзгертуінде. Гуаш, темпера бояуларының ақтық түсін білу үшін міндетті түрде бір ре бетке жағып (тақтайдың), кепкен түсін бақылап алу керек. Ал майлы бояуға ұқсастығы, кепкеннен кейін су тие де бояуы көшпейді, сол күйінде тұра береді. Бұл бояумен аудалардағы, көшедегі заттарды әсемдеуге қолдануға

болады. Оның артықшылығы сол, ол тез кебеді. Тағы да темпера бояумен қағазды, ағашты, тасты да бояса бола береді.

Майлы бояудың озіндік қасиеті мынадай: бояудың актық кебуіне дейін ұсақ жерлерін жондеуге болады, кепкеннен кейін бояу түстері өзгермейдіә, бір қабат бетке бірнеше қалың қаба немесе мөлдір жіңішке қаббавттар жүргізе беруге болады.

Жалпақ бояу жаққыштармен алғаш күңгірт, қараңғы түстерден бастап бір қалыпты жартылай қараңғы түс өндеуге ауысып, жарық және ашық түсті соңғы этаптарында аяқтайды. Әр түрлі түстердің, оюлардың ұсақ жерлерін жіңішке, майда жаққыштармен жүргізе үйлестіреді. Әр түсті бояу араластырғыштың үстінде араластыра отырып алады.

Майлы сырмен әшекейленген бұйымды ылғалды және бөлме температурасы тез ауысып тұрудан сақтаған жөн, бұл құбылыстар бояу беттің жарылуына септігін тигізеді.

Бояуды І-ші қою етіп, ІІ-ші сұйық етіп жағылса, бояу бетке бір қалыпты бір деңгейде болуына ықтимал жасайды. Бояуды әрқашан тегіс бетте жүргізген дұрыс. Бұл да жоғарғы қасиеттердің орындалуына маңзы зор. Майлы бояуды органикалық минералды заттардан жасалған бояулармен араластырудан аулақ болу керек. Өйткені, бұйым беттегі белгілі түстің күрт өзгеруіне әсер етеді.

Эмульсиялы бояудың қасиеті – салстырмалы түрде 5 -6 сағ. Кебуі, күңгірт түс белгілі бір көріністің түрін бояуға ыңғайлы. Бірақ бояу қабығы өте жұқа, беріктігі төмен.

Анилинді бояумен көбінесе мата заттарын бояуға көп қолданады. Ал ағаш бұйымдарын әшекейлеуде бояу өз қасиеттерін жоғалтпайды. Негізгі қасиеттерінің бірі – бояудың бетте тез жайылып отыруында.

### *9.5 Ағаш бұйымдарын бояу тәсілдері*

Бояу жаққыштарды орта саусақтың ұшымен екінші саусақтың арасында орналастырып, бас бармақпен аздап үстінен басып отыру крек. Бояу жаққыш өте жеңіл, еркін қозғалатындай болсын, шынтақ бетке тисе де болады. Бояушы ең алдымен тақтай бетіне әр түрлі геометриялық фигуралар, оюлар салып бояп жаттығып, қолы үйреніп іскерленген жөн. Бетке бояу жаққышты тігінен ұстап, бір рет жүргізіп бояйды. Егер біртіндеп қалындық керек болса,қалыпты жағдайда жаққыштың жоғарғы бөлігін бетке тигізіп жағады, ал доға нұсқалы фигураны жаққыштың ұшынан бастап бір жаққа қарай қалыпты жағдайда жоғары бетін тигізе бұрып отырып алады.

Жұмыс орындалмас бұрын бояушы 2-3 түрлі бояуды араластырып басқа түс алады. Қосымша түстерді тақтайша бетке жағып, қаншалықты түсінің өзгеруін бақылау өте маңызды. Өйткені, тақтай беттерінде біраз бояу мөлшері ағаш бойына сіңіп, түсін өзгертіп отыруы жоғарыдан мәлім.

Бояу этапының соңғы жағында жіңішке, ұсақ жерлерін жаққышпен бояп оюдың негізгі композициясын аяқтайды. Қазақ бұйымдарының ішінде тек жолақтар да түспен боялғаны да бар. Ол жолақты түсіру үшін бояу жаққыштарды жолақтың үстіне бірдей еңділікте ұшымен қалыпты жағдайда

жағып шығу үшін керек. Аумақты бұйымдарды бояғанда, жеңіл болса ауада, беттің ортасынан немесе жоғарғы жағынан бастап төменге қарап бояйды.

Өткен ғасырдың бұйымдарында жазық тегіс бетті заттарды бояумен қатар бедерлі ойып қиыстырған техникаларда, бояу әшекейлігі үйлесімді толықтырылып отыр. Әсіресе, қыздарға арналған бедерлі қол сандықша, жастық ағаш, әбдіре, теген, тостаған сияқты бұйымдардың сыртқы бетін айналдыра бояса, ал кебеже, асадал сияқты бұйымдарды алдыңғы бетін ғана шектеп бояған.

Бедерлі оюды бір түсті бояумен бояу үшін тегіс беттерді бояған процестерде қайталау арқылы көмкеріп әсемдейді. Ал нұсқа қыры тік бедер мен түрді бояғанда, алдымен түр еніне байланысты бояу жаққышты іріктеп алып, түрді бояп шығады. Бедерді соңғы этапта мұқият бояу жаққышпен бояуды жүргізе отырып жағады. Бедерге түс беруде бояу жаққышта бояу түрге жағылып немесе таиып кетуі ықтимал. Бояу жаққышқа бояу өте аз мөлшерде жұқтырылуы керек.

Бұйымды бояуда дәстүрлі түстерді көркемдік жағынан түсіне пайдаланған. Қазақтың қолөнер бұйымында 2 негізгі бояу тәсілінде көруге болады. Бірі таза бетке ою түсіру, екіншісі түстің бетіне. Алдыңғы бояу тәсілінде әрқашанда өсімдік тектес мотивтің негізгі бөліктерінен бастап бояйды. Яғни, өсімдік сабағынан, бұтағынан, жапырақ нұсқасынан бастап жаққышпен бір қалыпты бояуды жүргізе отырып, нұсқасын келтіріп, қалған ұсақ, жіңішке бөліктерін, жемістерін жіңішке жаққыштармен толықтырып аяқтаймыз. Жапырақ формаларын бір-біріне ұқсастығын жою үшін, жаққышты саусақтармен күш салып, бір үшкір немесе доғалданған жапырақ аламыз. Тамшы тәріздес фигураны жаққыштың ұшын тигізер-тигізбес жүргізе алуға болады.

Осы тәсілге ұқсас бояу процесінің бірі-өсімдік тектес ою-өрнектің сыртқы көріністерін басқа түсті бояумен түр беру керек. Бұл тәсілді алдымен ою-өрнектердің нұсқаларын бояумен жүргізіп ішін бояйды. Содан барып, сол бетке ою түр беру үшін сыртқы таза беттерді басқа түспен бояйды.

Айтылған тәсілдерді ұлттық бұйымдардың үлгілерінен жиі кездестіруге болады.Бояудың тағы бір соңғы тәсілі түр бетінде бір түсті бояу жағып кептіреді. Кейін ою-өрнек композициясының нобайы арқылы түрдің үстіне басқа түстермен бояуға кіріседі.

Ою-өрнек композициясын таза бетте бояуда, композициясының орта бөліктерінен бастау керек. өйткені, жиектерінен бастап бояуды бастағаннан кейін, орта бөліктеріне өтіп бояуда қолдың саусақтары, жеңнің ұштары бояу беке тиіп беттің бояу әсемдігінің көркін төмендетіп, сапасын кемітуіне септігін тигізеді.



## Қорытынды

### 9.6 Ағаш бетіне геометриялық оюлар түсірудегі қолданылатын аспаптар

Қырнап өңдеудің аспаптары: жалпақ, доғал, фасонды ілгек формалы пышақтар жатады. Бұл пышақтар бетті өңдеуге байланысты 3 түрге бөлінеді: аршу (доғал пышақ), бетті тегістеп өңдеу (көлбеген), арнайы пышақ (ілгекті, фасонды қашаулар).

Арнайы фасонды пышақтң жүзі екі жағмен сыртқы және ішкі бетті белгілі форма алып өңдеуге болады. Ал ілгек формалы пышақтың бір жағымен таза, ақырғы ішкі беттерді өңдеуге қолданады. Арнайы пышақ аспаптарын мемлекет өндірісінде жасамайды. Оларды тек шебер ұсталар өздерінің қалауы бойынша көміртекті болат материалдардан жасап алады.

***Пышақтың ұшын өткірлеу***

Өтпес пышақ аршу немесе ақырғы қырнауда жылтыр бетке бұдыр із, түгін шығарып жіберіп отырады. Бұл кемістікті бодырмаудың шарасы – алдын-ала қайраққа жұмсақ ағашты өңдеуге 20-30°, қатты ағашты 40-45°-та өткірлеу кеек. Ал фасонды пышақтардың ұштарын егеулердің көмегімен шығарып, кейін әр түрлі фасонды қайрақтардың бетіне қойып өткірлейді.

***Ағаш станогында қырнау технологиясы***

Аспаптардың ішідегі өлшеуіш және кесетін пышақтарды станоктың оң жағында, қалған керекті аспаптарды сол жаққа орналастырып қояды. Жарық берілуі жеткілікті болу жөн. Табиғи жарық өзі болған жағадайда да электр шырағын жағу керек. өйткені, кей кездерде табиғи жарық толығымен бөлмені қалыпты мөлшерде қанғаттандырмауы мүмкін.

Кесілге дөңгелек ағашты планшайбаға бекітпес бұрын өстің орталығын тауып алған жөн. Ол үшін перпендикуляр қиылысатын сызықты кесіндінің екі жақ бетіне жүргізе табамыз. Егер ағаш төрт бұрышты формалы болса, төрт қыры балтамен жонып отырып алып таталынад. өйткені, пышақты тірекке қойып кесерде, дөңбек үздік-үздік пышаққа тие отырып, ұшын сындыруы және пышақты тіректің астына қарай алып кетіп, қауіпті жағдай тудыруы мүмкін.

Тоқар ағаш станогына кесінді үш түрлі құрылғыға қондыра станокқа бекітеді. Олар:

Үш тісті патрон – тек бетті өңдеуде, дөңбекті тістеріне ағаш балғамен соға отырып кіргізіп, екінші ұшына артқы топайшықты жақындата отырып бекітеді;

Ішi қуыс, конусты резьбалы стакан патрон – қысқа диаметрлі, ішкі бетін өңдеуге қолданылады. Дөңбек кесіндіні патронға бұрап отырып кіргізеді.

Планшайба – үлкен диаметрлі дөңбек ағаштың ішін және сыртында топайшыққа бекіте отырып қырнайды. Планшайбаға дөңбекті кесіндіні бұрандалы шегемен бекітеді.

Тіректі дөңбек осы орталығымен 10-15 мм биіктікте көтере саңылау қалдырып, бекітіп, ағашқы өңдеуде доғал пышақты тірекке сүйеп, оны артқа алға жандарымен белгілі форма жасай жүргізе аршып алады. Ақырғы өңдеуде көлбеген пышақтың жіңішке және жалпақ түрлерін қолданады. Бірақ, тіректі

дөңбек кесіндінің ұшынан 10-15 см қалдырып, көлбеген пышақтың түрі 45°-қа ұстап тазалайды .

Ішке бетті қырнау кезінде сыртқы топайшықты алып тастап, тіректі 90°-та бұрып, горизонталь осьтің биіктік деңгейінде бекітеді. Доғал пышақты тіректің үстіне сүйеп осьтің ортасымен бастап қырнауды жүргізеді. Егер ішкі бетте фасонды форма беру керек болса, онда фасонды пышақтың көмегімен алуға болады.

Шар, жартылай сфералы бұйымдарды ілмек пшақтармен бір қалыпты қырнау арқылы ішкі бетке бедер береді. Дайын болған бұйымды, зімпараның жолағын екі қолға ұстап, станоктың айналысты қозғалысы кезінде үстіне солға оңға қарай басып тұрса бет тегістелініп тазаланады. Ал ішкі бетті ағаш кесіндісіне немесе саусаққа зімпараны орап тазартуға да болады. Тазартып алынған бұйымды ою пышақ арқылы бедерлі немес геометриялық ою-өрнек түсіруге болады. Сонымен бірге, бояуды, өткермелеп безендіруді, күйдіруді де қолданған артық болмайды.

## Ағаштан орындық жасау

«Шұбар» жалпы орта мектебі технология пәні мұғалімі.
Ордабасы ауданы. Шұбар ауылы.

**Сабақтың мақсаты:**
**Білімділік мақсаты:** Оқушыларға ағаш түрлерін , қасиеттерін еске түсіре отырып,
ағаштан орындық жасаудың әдіс-тәсілдерін үйрету, меңгерту
**Дамытушылық мақсаты:** Оқушының ойлау қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту.
Теориялық білімдерін сарамандық іс-әрекеттерге ұштастырып, оны
іс-жүзінде пайдалану.
**Тәрбиелік мақсаты:** Оқушыны жүйелі еңбекке, өз бетінше жұмыс жасауға үйрету.
**Пән аралық байланыс:** математика, сызу.
**Сабақтың түрі:** Теориялық, сарамандық.
**Сабақтың көрнекілігі**: Дайын бұйымдар, слайдтар, нұскаулықтар.
**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

а) амандасу, оқушыларды түгелдеу.
б) сабаққа қажетті құрал –жабдықтарды түгендеу.

**II. Үй тапсырмасын сұрай отырып, өтілген сабақты қайталау.**
Ой-қозғау.

1. Ағашты біріктіру үшін қандай құрал-жабдықтар қажет?
2. Жалпы ағаштың сапасы туралы не білеміз?
3. Желім, бұрама не үшін қажет



**IV. Жаңа сабақ.**

Халқымыздың өмір- тіршілігінде ағаштан жасалатын бұйымдар өте көп. Ағаш бұйымдар өте көп. Ағаш бұйымдар ыңғайлы, пайдалануға тиімді, сонымен қатар ағаштан жасалған бұйымдар сән үшін де қолданылады.

Ағаштан бұйым жасау үшін, ағаштың қатты жерін таңдау керек. Ағаш жарылып кетпес үшін оны майлап , сіңіру керек.

Ағашпен жұмыс істеу күрделі және көп еңбекті қажет ететін үдеріс, оның үстіне бұйымды дайындау үшін қолданылатын әрбір ағаштың түрі айрықша көңіл бөлуді және бұйымды сақтау мен дайындау үшін белгілі бір жағдайларды талап етеді.

Ағаш түрлер шамшат, емен, шаған, шілік, шегіршін, терек түрлерін пайдалануға болады.

Бұйым жасауда ағаштың қасиеттерін білген жөн. Шамшат пен емен ең берік ағаш түрлері. Кемшілігі ылғалды оңай сіңіреді, бұл ағаштың сапасына кері әсер етеді. Емен ағашы жеңіл өңделеді. Ағаш орындықтарды жұмсақ ағаштардан жасаған жөн.

**V. Сергіту сәті. Мақал-мәтел, қара сөздер.**

1. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.»
2. «Күшіңе сенбе ісіңе сен.»

**VI. Сарамандық жұмыс.**

**Жұмыстың тәртібі:**

1. Жұмыс кезіндегі техника қауіпсіздігі ережелерімен танысу.
2. Дайындалатын ағаш материалдарын таңдау және әзірлеу.
3. Қолданылатын құрал саймандарды оқып үйрену.
4. Идеялар қарастыру.
5. Берілген сызбалар мен эскиз-жобаларда бейнелеу ережелерін меңгеру.
6. Ағашты өлшем бойынша аралауды үйрену.

**VII.Жасалатын бұйымға қойылатын талап:**

1. Отыруға ыңғайлы.
2. Шағын әрі жеңіл.
3. Арзан материалдан жасалуы тиіс.

Қажетті заттар, құрал жабдықтар: ағаш, ара, үлгі, зімпара қағазы, бұрама шеге, балға, түсті бояу, лак қажет.

**VII. Сабақты бекіту.**

1. Ағаштардың қасиеті?
2. Терек, тұт ағаштарының қасиеті және одан қандай бұйымдар жасайды?
3. Орындықтың қолданылуы.

**IX. Сабақты қорытындылау.**

А) оқушының салған эскизіне, орындық бөліктерінің өңделуіне , сапасына мән беріп, түсіндіру.
Ә) Қатемен жұмыс.

## X. Үйге тапсырма. Орындық түрлері.

**Орындықтың технологиялық нұсқау картасы.**

| Жұмыстың жасалу реті | Нобайы | Қажетті құрал-саймандар |
|---|---|---|
| Қажетті маталарды таңдау<br>Орындықтың беті.<br>25х25мм. Фанера болмаса ДСП. ДВП |  | Сызғыш<br>Карандаш<br>Сүргі<br>Ара |
| 4 аяғы<br>Әрбір аяғын жеке-жеке көрсетілген өлшем бойынша дайындап аламыз. |  | Сүргі<br>Сызғыш<br>Ара<br>Қашау |
| Аяқтарын біріктіріп ұстайтын белдемшелер жоғары белдемшесі |  | Сүргі<br>Сызғыш<br>Ара<br>Қашау |
| Төмендегі белдемшесі |  | Сүргі<br>Сызғыш<br>Қашау |
| Дайын орындықты құрастыру бөліктерін біріктіру. |  | Әрлеу жұмыстары лактау, олифтеу, бояу жұмыстары. |

## Қосымша суреттер.









## 10. Сәндік қолданбалы өнер түріндегі ағаш өңдеу. Киіз үй құрылысы.

Ертеде қазақтың баспанасы киіз үйінен бастап, қарапайым қасығына дейін ағаштан жасалып отырған.

Неге десеңіз , ағаш бұйымдары ыңғайлы, пайдалануға тиімді, сонымен бірге ол тұрмыстық зат есебінде ғана емес, сән үшін де қолданылып, биік өнер дәрежесіне жеткізілген. "Алтынмен аптап „ күміспен қаптап" дегендей, әр әулеттің жағдайына қарай зерлеп, әшекейлеп жасалған дүниені тұтынып келген. Ерте кездері бұл өнердің иесін ұста, он саусағынан өнер тамған шебер деп құрмет тұтқан. Қазіргі күні бұл кәсіп қолданбалы сәндік өнер айтылады

Әсілі, бағзы заманда темір ыдыстардың қат кезінде даладағы малшы алдындағы қойын сауып жіберіп, отқа тасты қыздырып, ағаш тостағандағы сүтке қызып тұрған тасты салып жіберіп пісіреді екен. Мұны "қорықтық" болмаса "тас қорық" атаған.

Қазақтың ет тартатын астау-табағы, құрт езетін астауы, сүт, қымыз құятын шарасы, шөміш, саптыаяқ секілді барлық ыдыс-аяғы ағаштан жасалған. Оның ішінде сыйлы, қадірлі қонағына ұсынатын ыдыс-аяқтың жөні тіптен бөлек. Кейінгі кездері ел ішінде осы дәстүрді ұстанатын отбасылардың қатары көбейіп, ағаш бұйымдарды күнделікті тұрмысына қолдана бастады. Қазір қазақтың өз өнерін , байлығын өзіне көрсететін заман. Дегенмен, ағаш бұйымдары табиғи зат болғаннан кейін таза ұстап, орнымен қолдансаңыз ұзақ жылға шыдас береді. [3, 35б].

Ата - бабаларымыз ағаштың түрін, жай-күйін өте жақсы білген. Сондықтан, ыдыс-аяқты көбінесе ағаштың безінен, қатты жерінен жасап отырған. Ағаш ыдыс жарылып кетпеуі үшін оны майлап, май сіңіру керек. Сонда оның ішіне су сіңбейді.Екінші әдіс – оны құрсаулау. Күбінің, үлкен шара ыдыстың сыртын темірмен құрсаулап тастайды. Бұл да жарылып кетпеуден сақтайды және ыдыстың сырты, түбі әр затқа соғылып мүжіліп кетпесін дегеннен туған. Ағаш ұсталарының өздерінің арнайы құрал - сайманы бар. Олар ағаш шабатын шот, қашаудың түр-түрі, ыңғыру, үскі секілді құралдар. Бұрынғы уақытта ағашты иіу, жұмсартудың тәсілдері болған. Әкемнен естуімше, ертеде ағашты малдың қиымен араластырып, су құйып жерге көміп тастайды екен. Сол кезде ол қызады да, белгілі бір күйге жеткенде ағаш жұмсарады. Дәл осы сәтте қазып алып, тезге салып, өзіне

қажетті қалыңқа иіп жасап алады. Міне, осындай күрделі әдіс-тәсілдердің арқасында бүгінгі күні адам баласының ойы жетпейтін дүниелерді жарыққа шығарып отырған.

Ағашқа ою салу өнері, әсіресе, солтүстік аудандардан бастап, бүкіл Қазақстан аумағына кеңінен таралған. Стилистикалық тұрғыда ол қазақтың халықтық қолөнерінің басқа да барлық түрлерімен, ең бастысы, киізден және былғарыдан оюлап көркем бұйымдар жасаумен тығыз байланысты. Киізден оюлап жасалған дүниелер, өрмелер мен тоқымалар кестелеу және халық өнерінің басқа да түрлері тәрізді ою-өрнек салынған ағаш бұйымдары киіз үй жиһазының сәнін келтіріп, үйге қажетті тұтыну аспаптарын толықтырған, сөйтіп, өнер туындысына айналған. . [4, 48б].

Қазақтардың ағашты өңдеп, пайдалануы ең алдымен, оның көшпенді өмір салтының қажетін өтеуге байланысты болған. Киіз үйдің сүйегі мен есігі, босағасы, керегесі ағаштан жасалған. Киіз үйдің сүйегіне әдетте ою салынбаған, ал есік пен жиналмалы босағаларға ою ойылып, олар түрлі бояулармен әшекейленіп отырған. Кейде, әсіресе, салтанатты ордалардың ағаштары сүйекпен, алтын, күміс, мыс-жезбен оюлап безендірілген. Көшпенді өмір салтына қарамастан қазақтардың ағаштан жасалған үй жиһазы болған, мысалы: төсек, сандық, адалбақан, кебеже т.с.с.

Ағаш сандықтың да, мысалы, азық-түлік, киім-кешек, төсек-орын салатын түр-түрі болған. Сондай-ақ, теңдер мен көрпе-жастық, кілемдер мен текемет-сырмақтарды жинайтын жүкаяқтар болған.

Ас бұйымдарынан ағаш табақ, астау, шара, тостаған, қымыз құятын тегене мен әшекейлі ожау, шынықап, келі-келсап, піспек, қасыққа дейін бәрі ағаштан ойылған. Оларға және ою-өрнек салынып, сырланып, немесе сүйек, металдармен өрнектеліп безендірілетін болған. Ағашқа ойылған оюлардың композициясы мен үлгісі де қазақтың халықтық қолданбалы қолөнеріндегі тәрізді қарапайымдылығы және көрнектілігімен ерекшеленеді. Жалпы түс пен өрнектердің теңдігі, жекелеген бөлшектердің жиі-жиі қайталанып отыруы да қазақы үлгі. Солардың арасында ең көбірек кездесетіні – қошқар мүйіз, екі басы тұйықталып келетін иір қайырма, образды белгілер мен шеңберлер, төртбұрыштар, ромбтар, жапырақ формалы иірме орамдар, т.с.с. Ою салынған бұйымдардың әшекейлік шешімі олардың үлкен-кішілі көлеміне қарамастан, оюдың жекелеген бөліктері мен элементтерінің бәрі жалпы сәннің жарасым тұтастығына бағынған. [5, 68б].

Қазақ оюшылары оюдың түрлі тәсілдерін меңгерген, тесіп ою, бедерлеп ою, жанап қырлап ою, жалпақ ою, т.с.с. Кейде олар оюдың негізгі жүйелерін қосымша өңдеп отырған. Орта Азия халықтарынан, әсіресе, қырғыздардан ерекшелігі, қазақтар ою үстіне металл жапсырып, не сүйек салып безендірген.

Металл жапсырмаларын көбіне сандықтар, кебеже мен қобдишаларға, қымыз құятын тегенелер мен тостаған, әшекейлі ожауларға, киім ілетін адалбақан, не ат әбзелдерін ілетін ілгешектерге қолданған. Ал ою үстін сүйекпен өрнектеу төсек пен есік, жукаяқтарға, кейде ағаш ердің алдыңғы жағына орналастырған. Сүйекшілер қажетті оюды алдымен сүйектен кесіп, содан соң оны құрастырып, безендірілетін бұйымның үстіне түймебас күміс шегемен жапсыратын болған. Ағаштың ою салынатын беті алдын-ала арнайы өңдеуден өтеді, оған салынған оюдың өзі кірігіп жапсырылатын металл кесіндісінің қалындығына қарай ұңғыланады. Соның нәтижесінде ою үстіне жапсырылған металл мен ағаштың беті бедерсіз, біркелкі жазық болып келеді. Қазақ шеберлері көбіне қаптамалы өрнектеуді қолданған, мұнда бұйымның бетіне оюланған сүйек тұтастай жапсырылып, қапталады. Ондағы сүйектен ойылған әрбір өрнек жеке-жеке орналасқанда текемет-сырмаққа салынған оюдың композициясындай жалпы жарасым тауып, бір-бірімен әдемі үйлеседі. Аса қымбат бағалы дүниелерді жасағанда сүйекке алтын-күміс жапсырмаларын қосып безендіретін болған. Сүйекші шеберлердің еңбегі өте жоғары бағаланған. Сондықтан сүйектен ойылған әдемі жиһаздар көбіне дәулетті адамдардың төріне көрік берген.

Қазақ шеберлері қайыңның қатты безінен қымыз ішетін тостаған, саптаяқтар ойған. Қымыз құятын ожаулардың өзі де әр алуан қалыпта жасалған. Салтанатқа ұсталатын ыдыс-аяқтарға күмістелген өрнектермен қоса ірі асыл тастар салынып зерленетін болған.

Қымыз құятын үлкен шаралар мен ет тартатын табақтар әдетте әшекейленбеген. Оның тек сирек қолданылатын кейбір түрлері ғана томпақ бедерлі, немесе түймебасты күміс шегелермен әшекейленген. Күмістің өзі кейде қарайтылып, безендірілген . [6, 24б].

Ою салынған дүниелермен қатар станокта жонылған ыдыс -аяқтар кеңінен қолданылған. Оларға әдетте әшекей,ою салынбайтын болған.

Ағаштан түйін түйіп, ою ойған қазақ шеберлері қолөнер туындыларының ең басты құндылығы олардың алуан түрлі ою өрнек үлгілерін кеңінен қолдану арқылы сол көркем шығармаларында көшпенділер өмір -тірлігінің мәні, дүниенің жұмбақ сырлы жаратылысы жөнінде ой түйген халық түйсігін поэтикалық тұрғыда тұлғаландырып отырғандығында.

Бұл көркем туындылар жанды дүниенің суретін бейнемелеу жөніндегі исламның қатаң қағидасы шеберлердің шығармашылық еркіндігіне шек қойып, оларды бейнелеу өнеріндегі шарттылық пен схематизмге мәжбүр еткендігінің сөзсіз айғағы. Алайда халықтық хас шеберлер тапсырыс берушілердің қалауына орай, әрі қолдағы материалдарға икемделіп, белгілі бір қалыппен шектелген ою-өрнек өнерінің өзінде де дүние, тіршілік туралы өз

тұжырымдарын төтенше қолтаңбаларымен қалдырды. Тіпті өздеріне ғана тән, өзгелер қайталай алмайтын орнаментация жүйесін жасады.

## 10.1 Киіз үй құрылысы.

Қазақтың киіз үйі- әрбір шаңырақ иесінің, әрбір қазақ баласының қоғамдағы орнының , елдегі беделінің, тұрмыстғыа байлығының көрсеткіші болады. Мақтауға тұрарлық тағы бір құбылыс – қазақ үйінің сәндік архитектуралық формасының тұрақтылығы. Сол тұрақтылықты негізге ала отырып, киіз ұй сүйектерінің өлшемдерін салыстыру арқылы киіз үйді дайындау барысында үйшілер пайдаланған тұрақты сандар жобасын анықтауға мүмкіндік береді.

Киіз үйдің сықырлауынан бастап шаңырағына дейін әрбір бөлшегі өз алдына бір өнер туындысы бола тұра сол мың сан бөлшек бір-бірімен мінсіз үйлескен шақта шегіне жеткен, әбден аяқталған өнер туындысын құраған. Киіз үй көшпенділер үшін табиғаттай сұлу, шағын әлем. Қазақтың киіз үйі- қазақ баласы үшін ең алдымен адамгершілік ұясы, қасиет тұтар ордасы. Ұзатылған қызынада жасау беріп бөлек шығарған, ұлына да қазақ халқы үй тігіп енші берген. Байқап қарасаңыз киіз үйдің маңдайы шығыр күнге қарап тігіледі, бейне бір күн арайын қарсы алғандай. Үйден бөлек шығарылған ұлдың үиі "бір түтін", яғни бір қазақтың үйі бой көтерді деп қуанған. Түтін дегеніміз шаңырақтан шығатыны белгілі,олай болса түтін деп отырғанымыз сол қазақтың үйі. Әр шаңырақ иесі- түтініне өзі ие. [7, 89б].

**Киіз үйдің түрлері**




Енші алған балалардың отау тігіп шығуына байланысты .




Енді киіз үй тігілуіне байланысты.




Киіз үй әлеуметтік жағына, киіз үйдің түсіне қарай былайша өзгерген.



Киіз үй сүйектері- киіз үйдің өлшеулі кеңестік сұлбасын шығарып тұрған шаңырақ, уық, кереге,сықырлауық, табалдырық, босаға.

**Шаңырақ-** киіз үйдің күмбездік, жартышарлық, ұлттық, көркемдік кеңістікті сақтап тұрады. Шаңырақтың міндеті- көркемдік фактура, жарық түсуін үйде жағылған түтіннің сыртқа шығуын қамтамасыз етеді" шаңырағын биік болсын" деген тілек бар.

Шаңырақ-шаңырақ қарынан, шаңырақтың көзінен , күлдіреуіштен және кепілдіктен тұрады. Керегенің басы, маңдайшада қанша уық орналасса , соған қарай шаңырақтың көзі сонша болған. Кереге санына байланысты шаңырақтың диаметрі де өзгеріп отыратын болған. Шаңырақтың күлдіреуішінің санының төртеу болуы да «төрт құбылаң түгел болсын» деген мағынаны білдірсе керек. Киіз үйдің төбесі жауын – шашынды іркіп қалмас үшін дөңес формалы боп келеді. [8, 56 б].

**Уық -** шаңырақ пен кепегенің арасын жалғастыратын , үйге ерекше сән беретін , бір шеті иілген ұзын сырық. Уықтың қаламын шаңырақтың көзіне бір тегіс еніп тұруы үшін төрт қырлап жонатын болған. Уықтың керегеге бекітілген жерін уықтың алақаны деп атайды. Уықтың алақанын керегеге бітеу үшін тесіктер орналасқан. Уықтың саны керегеге байланысты. Уықтың бауын ала жіп қылып есуі де шаңыраққа , сол жанұяға елдің көзінен, тілінен суқтануынан сақтасын деген мағынамен істелген. Уықтардың қаламдары сынып қалмас үшін конус тәріздес , қазіргі сәукеле сияқты мақпалмен тысталған, іші киізден сырып тігілген уық қаптар кигізілетін болған.

**Маңдай уықтар**

Кейбір үйлердің есігі керегеден биіктеу болады. Соған байланысты иіні қысқалау уықтар қадалады. Ол уықтарды маңдай уықтар деп атап, өзге уықтарға қоспай бөлек жинайды. Маңдай уықтардың саны 5-7-ге жуық болады. Уық арабша альфа әрпіне ұқсас. Уық сөзінің мағынасы иілген, иін , иық сөздерінің төркінінен шыққан деп пайымдауға болады. Уық кереге басына бас қалдырмай шашылады.

**Кереге.** Қазақ киіз үйінің кереге саны қанша болса, үйдің қанатын да сонымен байланыстырған. Зерттеушілердің мәліметтерін іздестіріп қарағанымызда, кереге қанатына байланысты пікірлер айтылған.

Киіз үйдің керегесі , шаңырақтан , уықтың жабындыларынан түскен салмақтарды бірдей көтеріп , оның орнықтылығын қамтамасыз етеді. Ол үшін керегенің орны бір тегіс болуы керек. Керегелердің көзінен тар, кеңдігіне байланысты тор көз , жел көз деп аталады. Керегелер сегмент формасына келтіріліп , жасалынады да киіз үйге дөңгелек форма береді. Тор көз кереге – жұлдырық сиятындай, біздің қазіргі керегелер осы тор көз кереге. [9, 98б].

Кереге сағаналары түйісінің не сиырдың мойын терінен жасалған, иленбеген көннен дайындалған таспалар мен бір – біріне бекітіледі. Оны керегенің «көгі» деп атайды. Керегенің беріктігі осы көгіне байланысты болады. Көгі түсіп қалса , киіз үйді тігу оңай болмасы анық. Сағаналардың екі шаршысына көк өткізіледі де, үшіншісі бос қалып отыратын, оны «азат » деп атаған . Киіз үй тігушілер тіккен мезгілде қиындық туғызбас үшін керегенің басын номерлеп қоятын болған . Мысалы: босаға байланған бірінші кереге , оған жалғасқанын екінші кереге деген сияқты. Енді керегені кеңейту мақсатында қоспалар пайдаланатын болған.

**Есік.** Киіз үйдің есігі екеу болады, біріншісі маңдайша , табалдырық, босаға, сықырлауықтардан тұрады да екіншісі , тоқылған шиден жасалады, сырты киізбен сақталады.

**Маңдайша**. Маңдайша киіз үй керегесінің жоғарғы бастарын тұтас конструкцияға айналдырады. Маңдайшаға маңдай уықтар бекітіле , босаға мен сықырлауықтың жоғары бастарын ұстап тұрады. Маңдайшаны оюлап сәндейді.

**Табалдырық.** Табалдырық жерде тұрады. Табалдырықты оюлап сәндемей тек бояп қояды. Табалдырыққа байланысты ырымдар мен тыйымдар көп кездеседі. Келінді үйге енгізгенде табалдырықтан оң аяғымен аттатады.Нәрестеге табылдырыққа сүрініп жығылса жақсы , ол үйге олжа келеді деп ырымдаған. Табалдырықты басып тұрма, табалдырыққа отырма деген қағидалар бар.

**Босаға.**маңдайша мен табалдырық арасын белгілі қашықтықта ұстап тұру үшін кереге бекітілген, екі жаққа ашылатын есіктің айналмалылығын қамтамасыз ететін мүшесі.

**Сықырлауық.** Сықырлауық есік бөлшектерін бір - бірімен шегесіз біріктіретін есік. Екң ашпалы есіктердің топсасы есебінде олардың босаға жағынан , жоғары және төменгі шеттерінің маңдайша мен табалдырықта арнайы жасалған дөңгелек ұяларға кіріп тұратын «сықырлауық» атты жұмыр дөңестер шығарылады. Бұл жұмыр дөңестер маңдайша мен табалдырық ұяларына кіріп тұрады. Есікі ашып – жапқанда сықырлаған дыбыс шығарады. Сықырлауық есіктер құрастырылып оюланып жасалады, сәнделеді. [10, 18б].

## 11.Сәндік қолданбалы өнердегі зергерлік бұйым.

**Зергерлік** – қазақтың қолданбалы өнерлерінің ішіндегі ең жоғарғы дамығаны. Ол ұлттық мәдениетімізде ерекше орын алады. Оның тамыры өте ертеден бастау алады.*Бойтұмар, тұмарша* сияқты ең алғашқы әшекейлер полеолит дәуірінде пайда болған. Ол кездегі адамдар аңдардың тістерінен ,

сүйектерінен сақина, моншақтар жасаған. Бұл заттар иесіне аңның ептілігі мен айласын береді, материалы мен ондағы өрнектерде сол наным - сенімге байланысты болған. Ондағы әшекейлік тастар мен күмістер күрделі функцияларды атқанған. Зергерлер көбіне бағалы металдардың ішіндегі ең қолайлысы – күмісті пайдаланған. Көптеген елдер күмісті ақша есебінде қолданған.« Күміс ақща- деп жазды Р. Карутц- әйел адамының сәндік бұйымдарына пайдаланылады. Ер адамның қалтасындағы әмиянынан бұрын, олар ең кезін сақина, белдік жасап жүрген зергердің қолына жетеді». Қазақ зергерлері күмістің жалтыраған түсін, әр түрлі формалар жасауға қолайлығын шебер пайдалана білген. Олар әр түрлі техникалық тәсілдерді пайдалана отырып , нақыштау, сіркелеу, ойып күмістеу сияқты шеберлнқтң меңгерген.

Сырға- қазақтың тұмар сияқты ежелден қасиет тұтар заты, сондықтанда оны әйелдер өмір бойы тағып жүреді. Адамның жасына қарай оның формалары күрделі не қарапайым болып келеді. Күнделікті өмірдегі ең сүйкімді әшекей – сырға, ең қасиетті бұйым – жүзік.

Қазақ сырғаларының құпиясы символикалар мен күшейе түседі. Олар күн, ай, бұрама формалы болып келеді. Үш бұрышты , тұмарша тәріздес сырғаларды жасы үлкен адамдар әлі күнге дейін киелі санайды . Сырғалардың пішіндері мен көлемі әр түрлі болады. Көбіне сырғаларды ішкі жағына жұлдыз орнатып әшекелейді. Қазақтар айды қасиетті санаған.

«Сақина,жүэіктердің сиқырлы күшіне сену сонау ведикалық үндістерден бастап, қазіргі кездегі парсыларға дейін жалғасқан бүкіл азаматтық құбылыс» - деп жазды Л.А.Увир.Әрбір қазақ әйелінің қолында жүзік не сақина болуы керек, әйтпесе. Оның пісірген тамағы арам деп санаған.« Тамақ адал болу үшін қолда сақина болу керек » деген сөз содан қалған. Жаңа туған баланыңдені сау, жаны таза болуыы үшін жүзік не теңге салып шомылдыру сияқты ұғымдар өрілеп келе жатқан снім-наным туындаса керек. Алайда бұл бұйымдар көбіне таза күмістен жасалған, ал таза күміс әр түрлі ауру қоздырңыш микробтарды өлтіреті қасиеті бар.

Екі саусаққа қатар киілетін *құдаги жүзіктің* қос бауырдағы болады. Мұндай жүзіктерді қалыңдықтың шешесі құдағиына өзінің қызына мейіріммен қарауы үшін жане құдандалы екі рудың бір-біріне ынтымағы үшін сыйға тартқан. Жүзіктердің ақықтас, астына қызыл бояу жаққан әйнек салған көздері болады.

Үлкен, табысқа қабығына ұқсас жүзіктерді ұзақ өмір жасау символ деп санаған. Өйткені шығыста тасбақа ең ұзақ жасайтын жандік деп санаған.

*Құстұмсық жүзік*-бақыттылықтың,тәуелсіздіктің, еркіндіктің белгісі. оны бойжеткен қыздар таққан.

*Әшекейлі сәукеле*-сәукеленің пішіні конус тәріздес.Олардың биіктігі 35 сантиметрден 55 сантиметрге дейін жетеді. Жалпы алғанда сәукелені өмір ағашына,таудың шыңына ұқсатуға болады. Өйткені,бұның маңдайшасына құндыздың терісі салынған.Бұл құндызды жер астында тіршілік ететінін білдіреді. Ал сәукеле төбесіне үкі қадаған. Үкі қазақта ең қасиетті құс саналған.

Үкіні көбінесе жас баланың бас киіміне, керегеге тіпті бүгінде көлік ішінде іліп қояды.Өйткені, үкінің адамның жолын ашатын бәле-жаладан сақтайтын қасиеті бар.

Сәукеленің негізінен үш бөлікке бөліп қарастыруға болады. Ең жоғарғы бөлігі- төбілдірік, одан кейін-ортаңғы бөлік, ал төменгі бөлігі-маңдайша деп аталады.

Төбілдірік-сәукеленің төбесіндегі тәж сияқты әшекей бергек. Мұнда аспан әлемі,яғни күнді айнала қоршаған тоғыз планета бейнеленген. Күн өзінің трлығына қарамастан сәукеледе көгілдір ақпен, ал ондағы планеталар қызыл-сары таспен әшекейленген,

Ортаңғы бөлік-шытырман ою-өрнектермен, көк-сары моншақтармен безендірілген.Бұл өмірді,тіршіліктің көрсетеді. Сәукеленің ортасын көп бөлікті шақа гүл алып жатыр. Бұл шақа гүл өрнегін отыз бес гүл алма- кезек орналасып құрайды. Киелі жеті саны шақа гүл арқылы сәукеледе бес рет қайталанған.

Шақа гүл өрнегінің төменгі жағында кестелі жиек салынған. Мұның астында қызыл-сары моншақтың шетін дөңгелене айналған көгілдір ақ тастар төрт бұрышты пішінде безендірілген. Төменгі бөлік моншақтармен, асыл тастармен әсемденген. Атап айтқанда көгілдір ақ, қызыл-сары моншақтар, т.б. Кестеленіп тоқылған бөліктің төменгі жағында орналасқан безендірілген белдік тәрізді әшекей төрт бұрыш оның ішінде шеңбер етіп геометриялық фигуралар арқылы безендірілген. Шеңбердің ішкі бөлігінде гүл бейнесіне ұқсас ортаңғы бөлік қызыл-сары гүл жапырақтарымен көмкерілген. Сондай-ақ сәукелеге қоңырау,салпыншақтарда ілінген. Мұндағы әр әшекей геомериялық өрнекпен байланысты.

Сәкеле жөнінде көптеген аңыздар мен дастандарда,әңгімелерде айтылған. Мысалы, XIX ғасырдың алғашқы жартысында кіші жүздің Байсақал және орта жүздің Сопақбай атты байлары бір-бірімен құда болуға келісіпті. Байсақал сонда құдаларына қызының сәукелесін жіберіп: "Басқа ештеңе сұрамаймын, тек осы бір сәукеленің бағасын өздері есептеп берсе болды ",-депті. Сонда Кенесарының ағасы Саржан төре әлгі сәукеленің бағасы "бес жүз байтал болды" деген екен. Сөйтіп қыздың қалың малы бес жүз жылқы болсын деп келісіпті. Бұл дерек ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпейдің еңбегінен алынып отыр.

Мұндай деректерден байқарымыз сәукеле құны өте жоғары болған. Осындай қымбат сәукелелердің бірі Бөкей Ордасында күміс ақшамен мың сомға бағаланса, Семей төнірегінде 2000 мың сомға жеткен көрінеді. Өткен ғасырдың орта шенінде Жетісу атырабында жасалып Ленинградтағы антропологиямен энтография мұражайына силанған бір сәкеле 100 жылқының құнына бағаланғаныда белгілі.Мұның өзі "Дос ы- баска, дұшпаны- аяққа" қарайтын қазақта қыздың басы қаншалықты құрметтелетінін аңғартады. Өте биік бас киім оны киген қызы асқақтатып өр етіп көрсеткен. Мұның өзі ақ отаудың есігін аттайтын жанды құрметтке бөлеген.

Сәукелелердің әрқайсысының тігілу мәнері, әшекейлері әрқилы болып келкен. Келіншектер бір құрсақ көтергенше қыз күнгі киімдерін кие берген. Бірақ олар тақия кимейді, әрі жалаңбас жүрмеген. Демек әйелдер бас киімі

бірнеше түрге бөлінеді. Атап айтқанда: бөрік, орамал, жаулық, кимешек, күндік, сәукеле, желек, шәлі, берген, қарқара және т.б. Осылырдың ең әшекейлісі – сәукеле.

Сәукеле – қазақ қызының ұзатылатын кезде киетін ертедегі бас киімі. Оны күйеудің еліне барарада киетін болған, келін бұл сәукелені құрсақ көтергенше киіп жүреді. "Сәукеле" сөзінің мағынасы "сау келеді" дегенді білдіреді. Ертеде халқымыз ұзатылған қызын сау келсін деп ырымдаған. Қыздары алыстан келе жатканда сәукелесі бірінші көрінген.

Әр аймақтың қолөнерінің өзіне тән ерекшеліктері бар. Мысылы, Оңтүстіктегі сәукеленің ерекшелігіне тоқталсақ, оның максаты мен мәнерәндегә ерекшеліктерін көру мен қатар білу өте маңызды. Оңтүстіктегі сәукелелер мен Солтүстіктегі сәукелелерді салыстырғанда айырмашылығы да ерекшелігі де белгілі болады. Өйткнеі Оңтүстіктегі сәукелелердің оюлары да ерекше, маңдайшасына ұсақ қоныраулар тігілген. Қоңыраулар барлық сәукелерде бола бермейді. Бұл қоңыраудың жалпы маңызы ерте кезден келе жатқан қазақ халқының дәстүрлі бір бұйымы. Оңтүстіктегі сәукеленің ерекшелігі мынада:

1. Сәукеленің сырғасы : салпыншағы мол , өзі ұзын да ауыр болғандықтан, тек салтанатты кездерде байлайтын сырға.
2. Талмоншақ – сәукеле , сырт киімге бірнеше қатар етіп тағылатын моншақ түрі.
3. Тана – дөңлелек формалы асыл тасты күмістің өзінен жасалған түйме тәрізді зат. Ол кейде танакөз деп аталады.Қыздардың сәукелесіне, тақиясына, бөркіне, омырауға, жағаға тағыла береді.
4. Төбілдірік - сәукеленің төбесіндегі тәж сияқты әшекей бергек.
5. Маңдайша – сәукеленің маңдайына тағатын асыл тасты күміс.

## Қорытынды

Бүгінгі таңда жеке адамды өз халқының рухани мәдениетінде тәрбиелеу қоғам алдына қойылып отырған үлкен міндеттің бірі. Бұл міндетке педагог-мұғалімдер атсалыса халық шығармашылығының (творчествосының) тәжірибелерін қолға алып мектеп қабырғасына жиілетіп еңізуде.

Қазақ мектептерінде фольклор, күй, театр, бейнелеу өнері сияқты, халық шығармашылығы — әдебиет, ән және бейнелеу өнер пәндерінде жүргізіп, ауызша таныстырса, қазіргі уақытта үй-тұрмысында, көшелерде, аулаларда көркемделіп, әшекейленіп көз нұрын алатын бұйымдарды іс-әрекет жүзінде іске асатын халық шығармашылығының туындысы – қол өнер.

Бұл өнердің түрімен де жеке адамды тәрбиелеуде қазақ халқының мәртебесі әлде қайда көтерілуіне мүмкіндік жасайды. Ол дегеніміз, біріншіден, оқушы өз халқының мәдениетін түсініп кейінгі ұрпаққа жалғастыруға ие болса, екіншіден, тарихқа белгілі көне заманда, жерімізде қандай болмасын бәрі әсемдікпен көмкеріліп отырған колөнер. Осы өнер түрін қайта жандандырып өрістетуге үлкен септігін тигізеді. Сондықтан қол өнердің пайда болу, даму тарихын, ағашты көркемдеп өндеу техникасын және арнайы аспаптарды, құралдарды, ұлттық ою-өрнектерді, олардың композициясын, ұлттық түстерді, көркемдеп әсемдеу технологиясын кездестіруге болады.

Өзіндік шығармашылық жұмыстар оқушының ойының дамуына, іс қабілетін арттыруға, келешекте бұйымдарды жаңа формаларын жасап қоймай, сондай-ақ, жаңа стильде оны көркемдеп әшекейленуіне мүмкіндік жасауы ықтимал.

## Пайдаланылған әдебиеттер

1 Жолдасбекова С.А., Изтилеуова А.Ш., Ыскак А.И., Райымкулова А.Д., Кубенов М.А. Народные ремесла. Учебное пособие. Астана, 2013

2 Байдалиев К.А., Саипов А.Б., Камалов Ю.Н. Кәсіптік оқыту әдістемесі. 1-ші бөлім. ҚР БҒМ РОӘК секциясы мақұлдаған оқу құралы. -Шымкент, «Әлем» баспаханасы, 2016. -392б.

3 Ортаев Б.Т., Камалов Ю.Н., Маханов Т.Ш. Оқу шеберханасындағы практикум. Шымкент, «Әлем» баспаханасы, 2016. -260б.

4 Адамқұлов Н.М., Саипов А.Б., Абуов Ә.Е. Қолөнер бұйымдарының технологиясы. 1-ші бөлім. ҚР БҒМ РОӘК секциясы мақұлдаған оқу құралы. -Шымкент, «Әлем» баспаханасы, 2017. -260б.

5 Адамқұлов Н.М., Саипов А.Б., Абуов Ә.Е. Қолөнер бұйымдарының технологиясы. 2-ші бөлім. ҚР БҒМ РОӘК секциясы мақұлдаған оқу құралы. -Шымкент, «Әлем» баспаханасы, 2017. -260б.

6 Жолдасбекова С.А., Ұзахова А.С., Байбатшаева А.Е. Кәсіптік оқыту әдістемесі. ҚР БҒМ РОӘК секциясы мақұлдаған оқу құралы. -Шымкент, 2016. -205б.

7 Адамқұлов Н.М., Саипов А.Б., Абуов Ә.Е. Оқушыларды қолөнерге үйрету технологиясы. ҚР БҒМ РОӘК секциясы мақұлдаған оқу құралы. -Шымкент, «Әлем» баспаханасы, 2017. -150б.

8 Қонақбаева Ұ.Ж., Айдарбек Б.Ә. Ою-өрнек негіздері. Шымкент, 2019

9 Конакбаева У.Ж., Кебекбаева Р.Н. Жаңартылған білім беру мазмұнында көркем еңбекті оқыту әдістемесі. ҚР БҒМ РОӘК баспаға ұсынған. –Шымкент, 2019

10 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы Астана. 2007ж.

11 Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы. Өнер, 2009.

12 Қасиманов С. Қазақ ұлттық қолөнері. Алматы. Рауан, 2012.

13 Большая советская энциклопедия, т. 8, стр. 132

14 Тауипбаева А. Т., Абдихайымова Г. Т. Орта мектептегі технология сабағында қазақтың ұлттық қол өнерін пайдалану ерекшеліктері // Молодой ученый. — 2015. — №7.2. — С. 57-60.

15 Кругликов Г.И. Методика преподавания технологии с практикумом. Учеб. пособ. М.: Издательский центр «Академия», 2004.- 480 с.

16 Мельникова Л.В., Осипова Л.В., Фридман Т.В. Методика трудового обучения. М.:Просвещение, 1989. – 254 с.

17 Өстеміров Кәсіпке оқыту әдістемесі. ЖОО студенттеріне арналған оқу құралы. А.: 2005ж.

18 Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы. Қазақстан, 2005.

19 Төлепбаев С., Өмірбекова – «Қазақтың ою-өрнегінің жасалу жолдары», Алматы, 1993 ж.

20 Иляев – «Альбом», авторың ою-өрнек жинақтары, Алматы, 1986 ж.

21 Бәсенов Т.К. Орнамент Казахстана в архитектуре, Алматы, 1957 г. Бәсенов Т.К. Казахский народный орнамент. Алма-Ата: Казахское

государственное издательство художественной литературы, 1958. С.3
22 Ақайқызы З. «Ою-өрнек ой айтар» (Монғолия қазақтарының ою-өрнектері мен қолөнері), Алматы, 1996 г.
23 Әбдіғаппарова Ұ.М. – Қазақтың ұлттық ою-өрнектері, Алматы, 1999 ж.
24 Қазақ халқының ою-өрнектері. Қытайда тұратын қазақтардың қолөнері. 1979 ж.
25 Өмірбекова М.Ш. «Энциклопедия» Қазақтың ою-өрнектері. – Алматы: «Алматыкітап» ААҚ, 2003-284 бет.
16 Қасиманов С. «Қазақтың қолөнері» - Алматы: Қазақстан 1995. -7 бет. (240 бет)
26 «Мектептегі технология. Технология в школе». Республикалық әдістемелік журнал. №4, 2003, №10, 2003, №7-8, 2006 ж.
18 Өмірбекова М.Ш. Энциклопедия. Қазақтың ою-өрнектері. – Алматы: «Алматы кітап», 2005
27 Өмірбекова М.Ш. Қазақ халқының дәстүрлі өнері. – Алматы: «Алматы кітап», 2004
28 Ли К., Оразбекова Л., Бөлтірікова С., Алматы "Өнер". Оөу құралы. -1981.
29 Позднякова Г., Синенька Н. Қазақ сувенирлері. – Алматы: "Қазақстан" баспасы, 1976
30 Касимов И. Зоры Уйғур хәлиқ нәқишлири. – Алматы: Өнер, 1981
31 Claude Humbert, Professor. Ornamente 1Tausend ornamentale Motive. Conzella, Munchen Printed in Gervaniy-1981
32 Муканов С.М. Казахские домашние художественные ремесла. –Алматы: Издательство "Казахстан", 1979
33 Әбдіғаппарова М. «Қазақтың ұлттық ою өрнектері»
34 Бәсенов Т. Қ. Ахмет Яссауи мавзолей-комплексі. - Алматы: Өнер, 1988
35 Назарбекұлы С. Қазақтың киіз үйі. – Астана: Елорда, 2005 – 96 б.
36 Хангереева З.С., Бақитова Г.Б. Халық өнері – асыл қазына // http://olke.kz .
37 Күнпейіс Жұмахан. Қазақ сәндік қолданбалы өнер түрлерінің иллюстративтік анықтамасы. – Алматы: Дарын, 2006. – 18 б.
38 Басенов Т.К. Прикладное искусство Казахстана.-Алма – ата,1951.-269 с.



## Мазмұны

КІРІСПЕ....5

1. Жаңартылған білім мазмұны бойынша білім беруді ұйымдастырудың ерекшеліктері....8

1.1 5-9 сыныптарда оқытылатын көркем еңбек пәнінің сәндік-қолданбалы өнер бөлімімен танысу....10

2. Қазақтың сәндік қолданбалы өнеріне сипаттама....20

2.1 Қазақ халқының сәндік өнері....20

2.2 Қазақтың сәндік қолданбалы өнеріне ғалымдардың көзқарасы....26

3. Сәндік қолданбалы өнер саласындағы кесте тігу және көркемдеп тігу өнері....31

3.1 Кесте өнері және оның түрлері, қажетті құрал-жабдықтар, тігу технологиясы....31

3.2 Кесте түрлері....34

3.3 Кесте тігу технологиясы....38

3.4 Кестелеуде қолданылатын құрал – жабдықтар....45

4. Сәндік қолданбалы өнер саласындағы құрақ құрау өнері....53

4.1 Құрақ өнерінің пайда болуы, дамуы, қалыптасуы....53

4.2 Құрақ құрау өнері және оған қойылатын талаптар....59

4.3 Құрақтың түрлерін дайындау технологиясы....65

6. Сәндік қолданбалы өнердегі жүнді даярлау технологиясы....70

6.1 Жүнді өңдеу....73

6.2 Жүнді бояу технологиясы....74

6.3 Сырмақ өнері....77

6.4 Сырмақ тігу технологиясы....82

6.5 Сырмақтың түрлері.....83

6.6 Сырмақты оюлау технологиясы.....86

7. Ши тоқу өнері.....92

7.1 Ши тоқудың түрлері және технологиясы.....93

7.2 Ши тоқуға қажетті материалдар.....99

7.3 Шым – шидегі ою-өрнектің мәні және технологиясы.....101

8. Сәндік қолданбалы өнердегі кілемше тоқу түрлері.....103

109. Ағаш бұйымын көркемдеп әсемдеудегі ою-өрнектер және олардың композициялары.....109

9.1 Ағашты кесіп ою.....114

9.2 Оюшының аспаптары.....116

9.3 Ою-өрнектердің түрлері.....121

9.4 Кесіліп ойылған бұйымдарды соңғы (әрлеу) өңдеуден өткізу.....123

9.5 Ағаш бұйымдарын бояу тәсілдері.....128

10. Сәндік қолданбалы өнер түріндегі ағаш өңдеу. Киіз үй құрылысы.....135

10.1 Киіз үй құрылысы.....138

11. Сәндік қолданбалы өнердегі зергерлік бұйым.....142

Қорытынды.....145

Пайдаланылған әдебиеттер.....146



Қонақбаева Ұ.Ж., Айдарбек Б.Ә.

# «Сәндік қолданбалы өнер»

оқу құралы

Пішімі 60х84 1/16
Тығыздығы 80 гр./см$^2$. Қағаздың ақтығы 95% .
Қағазы офсеттік. РИЗО басылымы.
Көлемі 140 бет.

“Отан” ЖҚ баспаханасында басылып шығарылды
ҚР, Алматы, Рыскулов к., 2.
e-mail: otan88@mail.ru